

Әкімдіктің  
2016 жылғы «10» қараша  
№ 505 қаулысына  
қосымша

Мәслихаттың  
2015 жылғы 11 желтоқсандағы  
№ 474 шешіміне  
қосымша



**ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ АУМАҒЫН  
ДАМУДЫҢ 2016-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Қостанай, 2016 жыл**

## МАЗМҰНЫ

<b>1.</b>	<b>Паспорт (негізгі сипаттамалары)</b>	<b>3</b>
<b>2.</b>	<b>Ағымдағы ахуалды талдау</b>	<b>9</b>
2.1	Аумақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау	17
2.1.1.	Өңіраралық ынтымақтастықты ескере отырып, жалпы өңір экономикасының дамуы	17
2.1.2.	Әлеуметтік сала	57
2.1.3.	Қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп	95
2.1.4.	Инфрақұрылым	101
2.1.5.	Экология және жер ресурстары	122
2.1.6.	Мемлекеттік қызметтер	132
<b>3.</b>	<b>Негізгі бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, нәтижелердің көрсеткіштері және оларға қол жеткізу жолдары</b>	<b>135</b>
<b>4.</b>	<b>Қажетті ресурстар</b>	<b>164</b>



## 1. ПАСПОРТ (негізгі сипаттамалары)

Атауы	Қостанай облысының аумағын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы
Өзірлеу үшін негіздеме	<p>«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 шілдедегі № 827 Жарлығы.</p> <p>«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы.</p> <p>«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығы.</p> <p>«Елдің аймақтық-кеңістік дамыту Болжамды схемасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 118 Жарлығы.</p> <p>«Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы № 874 Жарлығы.</p>
Өңірдің негізгі сипаттамалары	<p>Қостанай облысы Қазақстанның солтүстігінде орналасқан, 1936 жылы құрылған. Облыс Қазақстан Республикасының төрт (Ақтөбе, Ақмола, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан) және Ресей Федерациясының 3 облысымен (Орынбор, Челябин, Қорған) шектеседі.</p> <p>Облыс орталығы – Қостанай қаласы, 1879 жылы іргесі қаланған, Тобыл өзенінің жағасында орналасқан. «Өсу нүктелері»: Қостанай қаласы- облыстың облыстық орталығы, урбанизациялық орталығы, Солтүстік макроаймағының демеу қаланың бірі және моноқалалар: Арқалық, Жітіқара, Лисаковск және Рудный.</p> <p>Облыс құрамына 4 қала, 16 аудан, 155 ауылдық аймақтар, 8 кенттер (5 ауылдық және 3 қалалық), 81 дербестік селолар және ауылдар кіреді.</p> <p>Облыс аумағында жүзден астам ұлт және ұлыстар тұрады. 2016 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша облыс халқы 883,64 мың адамды, олардың ішінде: қазақтар – 39,7%, орыстар – 41,7%, украиндер – 8,6%, немістер – 3,2%, басқа ұлттар – 6,9% құрайды. Халықтың тығыздығы - бір шаршы километрге 4,5 адам. Ең тығыз мекендегендер – Қостанай, Рудный, Лисаков қалалары, ең аз – облыстың оңтүстік аудандары, оларда халықтың тығыздығы 1 шаршы км-ге 0,5-0,8 адамды құрайды.</p>
Бағыттар	<p>Экономика</p> <p>Әлеуметтік сала</p> <p>Қоғамдық қауіпсіздік</p> <p>Инфрақұрылым</p> <p>Экология және жер ресурстары</p> <p>Мемлекеттік қызметтер</p>
Бағдарламаның мақсаттары	1. Өңірлік деңгейде экономикалық саясатты іске асыруды қамтамасыз ету.

	<p>2. Бәсекеге қабілетті өндірістердің өсуін қамтамасыз ететін, индустриалды кешеннің дамуы.</p> <p>3. Өңдеуші өнеркәсібінің басым секторларында еңбек өнімділігін ұлғаю.</p> <p>4. Тұтынушыларды сапалы электржабдықтау, энергияның жаңғырмалы көздерімен қамтамасыз ету, энергияның дәстүрлі көздерді көмір мен газ түрінде ауыстыру.</p> <p>5. Ауыл шаруашылық кешені субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайларды жасау. Тұрақты эпизоотиялық жағдайдың негізінде облыстық ветеринарлық-санитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.</p> <p>6. Бизнес-ортаны жақсарту.</p> <p>7. Бөлшек тауар айналымның жыл сайынғы өсу қарқындылығын қамтамасыз ету.</p> <p>8. ҚР аймақтарымен ынтымақтастықтың дамуы.</p> <p>9. Инвестициялық климатты жақсарту және саланың инновациялық дамытуы.</p> <p>10. Экономикалық өсу орталықтарын дамыту.</p> <p>11. Білім сапасын, қол жетімділігін жақсарту және балалардың заңды мүдделерді қорғау мен құқықтарды сақтау тиімділігін арттыру.</p> <p>12. Жастарды тиімді жұмыспен қамтамасыз ету.</p> <p>13. Әдеттегі жастағы жастарды техникалық және кәсіби біліммен қамтамасыз ету және бітірушілерді жұмысқа орналастыру.</p> <p>14. Халық өмірінің ұзақтығының өсуі үшін жағдайлар жасау және уақытылы мен сапалы медициналық көмек көрсету.</p> <p>15. Азаматтарды әлеуметтік қорғаудың тиімді жүйесін қалыптастыру.</p> <p>16. Облыс кәсіпорындарында еңбек заңнамасын сақтау.</p> <p>17. Шетелдік жұмысшы күші құрамын шектеу мен реттеу.</p> <p>18. Еңбекке қабілетті тұрмысы нашар тұрғындарды тиімді жұмыспен қамтамасыз етуге қол жеткізу.</p> <p>19. Арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаждарды толығымен қамтуды қамтамасыз ету.</p> <p>20. Облыс халқының мәдени құндылықтарға шығу мүмкіндігін кеңейту.</p> <p>21. Халықты белсенді спортпен айналысуға тарту.</p> <p>22. Бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру.</p> <p>23. Қазақстан халықтың бірлік фактор ретінде толеранттылық тилдік жағдай жасау.</p> <p>24. Халықтың бірлігін мен мемлекеттілігін нығайту, аймақтық деңгейінде саяси ішіндегі тиянықтылығын қамтамасыз ету.</p> <p>25. Халықтың тіршілік қауіпсіздігін жоғарылату.</p> <p>26. Аумақтың баспанасын төтенше жағдайлардан жоғарылату.</p> <p>27. Аумақтың осы замандағы ақпаратты және телекоммуникациялық инфрақұрылымын ұйымдастыру.</p> <p>28. Облыс халықты қолайлы тұрғын үйлермен қамтамасыз ету.</p> <p>29. Мүгедектерді әлеуметтік, көлік инфрақұрылымның объектілеріне шығу мүмкіндігін қамтамасыз ету.</p> <p>30. Дамыған көлік инфрақұрылымын құру есебінен аумақтың экономикалық потенциалын және халықтың әл-ауқатын жоғарылату.</p>
--	---

	<p>31. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесінің тиімділігін жаңарту мен жоғарылату. Тұтынушыларды сапалы коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету.</p> <p>32. Өңірдік экожүйесін сақтау және қалпына келтіру бойынша жағдайлар жасау.</p> <p>33. Ауыл шаруашылығы жерлердің ұтымды және тиімді пайдаланудың қамтамасыз ету.</p> <p>34. Тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жоғарылату.</p>
Нысаналы индикаторлар	<p>1. Жалпы өңірлік өнімінің нақты көлем индексі.</p> <p>2. Жан басына шаққанда жалпы өңірлік өнімі.</p> <p>3. Жергілікті бюджетке салық және салық емес түсімдердің өсу қарқыны.</p> <p>4. Әзірленген құжаттамаларға оң қорытындылары алған мемлекеттік-жеке әріптестік жобалардың санын көбейту және олар бойынша конкурсты жариялау.</p> <p>5. Өңдеу өнеркәсібі өнімдерін шығарудың нақты көлем индексі.</p> <p>6. Өңірдің экспорт жалпы көлемінде шикізат емес тауарлар көлемінің экспорттау үлесі.</p> <p>7. Жеңіл өнеркәсіп өнімдері өндірісінің НКИ.</p> <p>8. Резина және пластмасстық бұйымдар өндірісінің НКИ.</p> <p>9. Басқа металлды емес минералды өнімдер өндірісінің НКИ.</p> <p>10. Металлургиялық өнеркәсіптің НКИ.</p> <p>11. Машинажасау өнімдері өндірісінің НКИ.</p> <p>12. Өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі.</p> <p>13. Машина жасау саласындағы еңбек өнімділігі.</p> <p>14. Металлургиялық саласындағы еңбек өнімділігі.</p> <p>15. Жеңіл өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі.</p> <p>16. Құрылыс индустрия саласындағы еңбек өнімділігі.</p> <p>17. Өндірілген электр энергиясының жалпы көлемінде энергияның жаңғырмалы көздерінің өндірілген электр энергиясының үлесі.</p> <p>18. Ауыл шаруашылықтың негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлемінің индексі.</p> <p>19. Азық-түлік өндірісінің негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлемінің индексі.</p> <p>20. Ұйымдасқан шаруашылығында ірі қара мал мен ұсақ қара мал басының үлесі.</p> <p>21. Тұқымды өзгерісіне қатысатын ірі қара мал мен ұсақ қара малдың үлесі.</p> <p>22. Мерзімді бұзуымен берілген субсидиялар үлесін төмендету.</p> <p>23. Халықаралық стандарт бойынша сертификатталған ветеринарлық препараттарды пайдалана отырып, жануарлардың аса қауіпті ауруларын диагностикалық зерттеу.</p> <p>24. Халықаралық стандарт бойынша сертификатталған иммунопрофилактикалық ветеринарлық препараттармен жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы иммунитеттеу.</p> <p>25. Тіркелгендерді жалпы санынан шағын мен орта кәсіпкерліктің әрекеттегі субъектілердің үлесі.</p> <p>26. Бөлшекті сауданың нақты көлемі индексі.</p> <p>27. 2000 ш.м. кем емес алаңымен сауда объектілер санын ұлғаюы («Бөлшекті сауда» қызметтің түрдегі).</p> <p>28. Басқа аймақтарға тиелген өндірілген өнімнің көлемі (50 астам адам санымен өнеркәсіптік кәсіпорындары бойынша).</p>

	<p>29. Резиденттерден сатып алынған тауарлардың жалпы көлемінен басқа аймақтарында сатып алынған тауарлардың үлес салмағы (көтерме кәсіпорындары бойынша, 50 адамнан астам санымен).</p> <p>30.2015 жылға жан басына шаққанда негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсу қарқыны.</p> <p>31. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде сыртқы инвестициялардың үлесі.</p> <p>32. 2015 жылға қарағанда шикізат емес сектордың негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсуі ( мемлекеттік бюджеттен алынған инвестицияларды қоспағанда).</p> <p>33. Әрекеттегі кәсіпорындардың санынан инновациялық-белсенді кәсіпорындардың үлесі.</p> <p>34. Жалпы өңірлік өнімнің жалпы көлемінде инновациялық өнімінің үлесінің ұлғаюы.</p> <p>35. Тірек АЕМ, оның ішінде іргелес аумақтарда орналасқан тірек АЕМ халық санының өсуі.</p> <p>36. Жұмыс істейтін үш кезекті және апатты мектептердің саны.</p> <p>37. Желінің мемлекеттік нормативіне сәйкес жалпы орта білім ұйымдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету.</p> <p>38. Жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық пәндері бойынша білім бағдарламаларын ойдағыдай (үздік/жақсы) игерген оқушылардың үлесі.</p> <p>39. Шектелген мүмкіндігі бар балалардың жалпы санынан балаларды инклюзивтік біліммен қамтуы</p> <p>40.3-6 жастағы балалардың мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен толығымен қамтуы.</p> <p>41.Нашақорлықты және тәртіпті ауруларды алдын ала емдеу бойынша бағдарламаларды іске асырайтын жалпы білім беретін мекемелердің үлесі.</p> <p>42.15-28 жастағы жастардың жалпы санындағы NEET үлесі.</p> <p>43.14-29 жастағы халықтың мемлекеттік жастар саясидағы іске асыруымен қанағаттанушылықтың деңгейі.</p> <p>44.Мемлекеттік тапсырысы бойынша оқыған және оқуды бітірген соң бірінші жылы техникалық және кәсіби білімінің оқу орындарында жұмысқа орналастырылған бітірушілердің үлесі.</p> <p>45.Жастардың (14-24 әдеттегі жастағы) техникалық және кәсіби біліммен қамтудың үлесі.</p> <p>46.100 мың тірі туылған балаға шаққанда аналардың қайтысын төмендету.</p> <p>47.1000 мың тірі туылған балаға шаққанда балалардың қайтысын төмендету.</p> <p>48.100 мың адамдарға шаққанда қатерлі жаңадан пайда болудан қайтысын төмендету.</p> <p>49.15-49 жастағы адамдардың иммунодефицит вирустың көп таралғандығы, 0,2-0,6% шегінде.</p> <p>50.Жұмыссыздық деңгейі.</p> <p>51.Әйел жұмыссыздық деңгейі.</p> <p>52.Жастар жұмыссыздық деңгейі.</p> <p>53.Көмек алу үшін жұмыспен қамтылуына келген жұмысқа орналастырылған мүгедектердің саны.</p> <p>54.Жұмысқа орналастыру мәселесі бойынша келген адамдардың санынан жұмысқа орналастырылғандардың үлесі.</p>
--	--

	<p>55. Көмек алу үшін келген адмдардан санынан тұрақты жұмысқа орналастырылғандардың үлесі.</p> <p>56. Өндірістік травматизмнің деңгейі (1000 жұмысшыларға шаққанда төтенше жағдайлар жиілік коэффициенті).</p> <p>57. Еңбек заңнаманың жоялған бұзушылықтардың үлес салмағы, анықталған бұзушылықтардың жалпы санына %).</p> <p>58. Жұмысшылардың тізімдік саны жалпы құрамында, тартылған шетелдік жұмысшылардың үлесі.</p> <p>59. Атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдардың санынан еңбекке қабілетті адамдардың үлесі.</p> <p>60. Кедейлік дәрежесінен төмен табысы бар шамадағы тұрғындардың үлесі.</p> <p>61. Арнайы әлеуметтік қызметтерімен қамтылған адамдардың үлес салмағы (алу мақсатында мұқтаждардың жалпы санында)</p> <p>62. Жеке сектордың субъектілермен берілетін арнайы әлеуметтік қызметтерімен қамтылған адамдардың үлесі (оның ішінде үкімет емес ұйымдарымен).</p> <p>63. 1000 адамдарға шаққанда мәдениет ұйымдарына қатысатын орта саны.</p> <p>64. Дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың қамтуы.</p> <p>65. Балалар мен жасөспірімдердің жалпы санынан спорт клубтарында, мектептерінде дене шынықтырумен және спортпен айналысатын 7-18 жастағы балалар мен жасөспірімдердің қамтуы.</p> <p>66. Өткен жылмен салыстырғанда ішкі туризм бойынша (резиденттер) орналастыру орындармен қызмет алынған келушілердің санын ұлғаю.</p> <p>67. Өткен жылмен салыстырғанда келу туризм бойынша (резиденттер емес) орналастыру орындармен қызмет алынған келушілердің санын ұлғаю.</p> <p>68. Өткен жылмен салыстырғанда ұсынылған төсек-тәулік санын ұлғаю.</p> <p>69. Мемлекеттік тілді білетін ересек халықтың үлесі.</p> <p>70. Ағылшын тілді білетін ересек халықтың үлесі.</p> <p>71. Үш тілді меңгеретін ересек халықтың үлесі (мемлекеттік, орыс, ағылшын).</p> <p>72. Мемлекеттік саясат пен елдің даму Стратегиясын қолдау деңгейі.</p> <p>73. Этникааралық қатынастардың саласында мемлекеттік саясатты оң бағалайтын халықтың үлесі.</p> <p>74. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың шегінде ҮЕҰ қызметтерді оң бағалайтын халықтың үлесі.</p> <p>75. Ақпараттық-насихаттық іс-шараларды өткізудің қорытындылары бойынша мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттар мен бағдарламалық құжаттар туралы халықтың хабардарлықтың деңгейі.</p> <p>76. Көшелерде жасалған қылмыстардың үлес салмағы.</p> <p>77. Кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстардың үлес салмағы.</p> <p>78. Бұрын жасағандармен жасалған қылмыстардың үлес салмағы</p> <p>79. Жол-көлік оқиғаларда қаза тапқандардың санын төмендеуі.</p> <p>80. Есірткі қылмыстардың жалпы санынан есірткілерді сатып алуымен байланысты қылмыс үлесін төмендету.</p>
--	---

	<p>81. Жалпы қылмыстық тіркелген қылмыстардың санынан есірткі қылмыстар үлесін төмендету.</p> <p>82. Есірткі заңды бұзу үшін әкімшілік жауапкершілікке тартатын адамдар санын ұлғаюы.</p> <p>83. Төтенше жағдайларға қарсылықтың инфрақұрылым қамтамасыз етудің деңгейі.</p> <p>84. 100 тұрғындарға шаққанда телефон жүйенің белгіленген желілердің тығыздығы.</p> <p>85. Интернет пайдаланушылардың үлесі.</p> <p>86. Халықтың цифрлы сауаттылықтың деңгейі.</p> <p>87. Құрылыс жұмыстарының нақты көлемі индексі.</p> <p>88. Пайдаланымға енгізілген тұрғын үйлердің жалпы алаңы.</p> <p>89. Әлеуметтік көлік инфрақұрылымның паспорттандырылған объектілердің жалпы санынан мүгедектер үшін қолжетімділікпен қамтылған әлеуметтік инфрақұрылымның объектілердің үлесі.</p> <p>90. Жақсы және қанағаттандырарлық жағдайдағы жергілікті маңызы бар автокөлік жолдарының үлесі.</p> <p>91. Жолаушы автокөлігі қатынасымен қамтылмаған елді мекендердің үлесі.</p> <p>92. Күрделі жөндеу талап ететін кондоминиум объектілердің үлесін төмендету.</p> <p>93. Қалаларда орталықтандырылған сумен жабдықтау және су тартуға қол жеткізу.</p> <p>94. Ауыл шаруашылық елді мекендердің орталықтандырылған сумен жабдықтау және су тартуға қол жеткізу.</p> <p>95. Жалпы ұзақтығынан жаңғыртылған желілердің үлесі: жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау.</p> <p>96. Жаңғыртылған желілердің ұзақтығы.</p> <p>97. Нормативтік ластайтын заттардың көлемі: атмосфераны ластайтын заттардың шығарындысы, ағын суларды су объектілеріне түсіру.</p> <p>98. Экологиялық талаптарына және санитарлық ережелеріне сәйкес қатты тұрмыстық қалдықтардың үлесі.</p> <p>99. Қатты тұрмыстық қалдықтарды пайдалану үлесі.</p> <p>100. Облыстың, республика маңызы бар қаланың, астананың халқын қалдықтарды тасымалдау және жинау қызметтерімен қамту.</p> <p>101. Өртеуге альтернативтік жолмен медициналық қалдықтарды қайта өндіру үлесі.</p> <p>102. Су шаруашылықтың негізгі капиталына инвестициялардың НКИ (су шаруашы-лық объектілер) және гидроме-лиоративтік жүйелер мен жабдық.</p> <p>103. Орман шаруашылықтың негізгі капиталына инвестициялардың НКИ.</p> <p>104. Плантация орман шаруашылығының негізгі капиталына мемлекеттік емес инвестициялардың НКИ.</p> <p>105. Жануарлар әлемін қайта өндірістің негізгі капиталына мемлекеттік емес инвестициялардың НКИ.</p> <p>106. Мемлекеттік орман қордың орманмен жабылған жерлердің алаңы.</p> <p>107. Жергілікті атқарушы органдарда табылатын мемлекеттік орман қорының аумағында бір орман өрттің орта алаңы.</p> <p>108. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің ауыл</p>
--	--



	<p>шаруашылығы айналымына енгізілген жерлердің үлесін ұлғайту</p> <p>109. Жыртатын жерлердің құрамында егіс айналымы (дала егіс айналымы).</p> <p>110. Жаратынды жайылым жерлердің құрамында жайылым ауысуының үлесі (жемшөптік айналымы).</p> <p>111. Мемлекеттік қызмет көрсететін халықтың мемлекеттік қызметтер сапасымен қанағаттану деңгейін арттыру.</p>
Қажетті ресурстар	<p>Қаржыландыру көздері: республикалық және жергілікті бюджет, жеке қаражат, заем қаражаттары</p> <p>Жоспарланатын қаржыландыру көлемдері:</p> <p>2016 жылы – 65794,981 млн. теңге, оның ішінде РБ-18765,6176 млн.теңге, ЖБ-29706,2171 млн. теңге</p> <p>2017 жылы – 159312,801 млн. теңге, оның ішінде РБ-15390,5396 млн.теңге, ЖБ-27639,3044 млн. теңге</p> <p>2018 жылы – 133060,2262 млн. теңге, оның ішінде РБ-13072,2102 млн.теңге, ЖБ-27367,015 млн. теңге</p> <p>2019 жылы – 107900,034 млн. теңге, оның ішінде РБ-12752,094 млн.теңге, ЖБ-7632,3174 млн.теңге</p> <p>2020 жылы – 19622,185 млн.теңге, оның ішінде РБ-12672,075 млн.теңге, ЖБ-6933,1794 млн.теңге</p>

*\* жергілікті бюджеттің шығыстары тиісті жылдарғы арналған бюджетті бекіту кезінде өзгеру мүмкін*

## 2. АҒЫМДАҒЫ АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

### Географиялық орналасуы

Қостанай облысы Қазақстанның солтүстігінде орналасқан, 1936 жылы құрылған. Облыс Қазақстан Республикасының төрт (Ақтөбе, Қарағанды, Ақмола және Солтүстік Қазақстан) және Ресей Федерациясының үш облысымен (Орынбор, Челябині, Қорған) шектеседі. **Облыс орталығы** – Қостанай қаласы, 1879 жылы қаланған, Тобыл өзенінің жағасында орналасқан.

**Жер бедері.** Облыс аумағы негізінен жазық бедерімен сипатталады. Солтүстік бөлігін Батыс-Сібір ойпатының оңтүстік-шығыс түкпірі, оның оңтүстігінде Торғай үстірті, батысын Орал үстірті, ал оңтүстік-батысын Сарыарқа тау ұшығы алып жатыр.

**Климаты** шұғыл континенттік және өте қуаң. Қысы ұзақ, аяз, өте желді және қатты боран, жазы ыстық және құрғақ болып келеді. Жылдық жауын-шашын мөлшері облыстың солтүстігінде 250-300 мм және оңтүстігінде 240-280 мм шамасында. Вегетациялық кезеңі солтүстігінде 150-175 тәулік, оңтүстігінде 180 тәулік.

**Су ресурстары.** Өзен желісі сирек. Облыс шегінде 310 жуық ұсақ өзендер бар. Неғұрлым ірі өзендер – Тобыл және Торғай. Тобыл өзенінде Жоғары Тобыл, Қаратомар, Аманкелді су бөгеттері орналасқан. Облыста 5 мыңнан астам көл бар. Олардың ішінде ең ірілері Торғай жылғасында орналасқан Құсмұрын, Теңіз, Қойбағар, Ақкөл, Сарыкөл, Алакөл және т.б.

**Топырағы.** Облыс топырағының құрамы күрделі механикалық, құндылығы жоғары және тұздылығымен ерекшеленетін қара және қоңыр болып

келеді. Тың жерлерге байланысты алқақтың көбісі жыртылған. Облыстың жалпы жер аумағы 19600 мың гектарды құрайды. Ауыл шаруашылығы жерлерінің аумағы 18123,4 мың гектарды егістік, оның ішінде 5659,3 мың гектарды құрайды немесе 31,2 %, 12068,0 мың гектарды (67%) жайылымдар алып жатыр.

**Өсімдігі.** Облыстың солтүстік бөлігінде көбінесе қызыл селеу және әр түрлі шөпті қара топырақ, ақ қайыңды-көктеректі бұталар және қарағайлы ормандар болса (Арақарағай, Аманқарағай); орталық бөлігінде – қызыл селеу және әр түрлі шөпті қоңыр топырақ, Науырызым қарағай көктеректі орманы, оның аумағында аттас қорық орналасқан, оңтүстік бөлігінде топырағы ашық қоңыр, бетегелі-селеу және жусан шөпті болып келеді.

**Әкімшілік-аумақтық құрылымы.** Облыс құрамына 2016 жылдың 1 қаңтарына 4 қала, 16 аудан, 155 селолық округ, 8 кент (5 ауылдық және 3 қалалық), 81 тәуелсіз село және ауыл кіреді.

Облыс аумағында жүзден астам ұлт өкілдері және ұлыстар тұрады. 2016 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша облыс тұрғындарының саны 883,64 мың адамды құрады, олардың ішінде: 39,7%-ы – қазақтар, 41,7%-ы – орыстар, 8,6%-ы – украиндар, 3,2%-ы – немістер, 6,9%-ы – басқа ұлт өкілдері. Халықтың тығыздығы – бір шаршы километрге 4,5 адамнан келеді. Қостанай, Рудный, Лисаков қалаларында халық тығыз орналасқан, ал халық тығыздығының төмен деңгейі – облыстың оңтүстік аумақтары, олардың тығыздығы бір шаршы километрге 0,5 адамнан 0,8 адамға дейін келеді.

#### **Қазақстанның дамуында Қостанай облысының алатын орны**

Облыстың стратегиялық даму мақсаты қолайлы тұрғылықты орта құру және халықтың өмір сүру сапасын дамыған елдердің деңгейіне жеткізу болып табылады.

Халықтың өмір сүру деңгейінің интегралды көрсеткіші – жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім 2012-2025 жылдары 1150,7 мың теңгеден 1378,3 мың теңгеге немесе 19,8%-ға ұлғайды.

1-кесте

#### **2012-2015 жылдардағы жалпы өңірлік өнім**

Атауы	Өлш. бір.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.
ЖӨӨ	млрд. теңге	1150,7	1348,3	1394,9	1378,3
ЖӨӨ НКІ	%	93,5	110,2	102,5	96,4
Жыл басына шаққанда ЖӨӨ	мың теңге	1308,0	1531,5	1583,1	1561,7

Елдің жалпы өңірлік өніміндегі облыстың үлес салмағы 2012-2015 жылдары бойынша 3,7-3,37% құрады.

ЖӨӨ көлемі бойынша облыс 2013 -2015 жылдары Қазақстан өңірлерінің ішінде 12 орынды алып отыр.

Жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша 2013 жылы -10 орынды, 2014 жылдың - 11 орын, 2015 жылы – 10 орында.

2-кесте

## Қостанай облысының ЖӨӨ құрылымын талдау

млрд. теңге

Жыл-дар	Бар-лығы	Ауыл шаруашылығы	Өнеркәсіп	Құрылыс	Сауда	Көлік және байланыс	Басқалары
2012	1150,7	121,5	266,5	61,3	118,8	203,4	379,2
Үл. сал., %	100	10,6	23,2	5,3	10,3	17,7	32,9
2013	1348,3	148,6	283,0	71,1	157,5	242,5	445,6
Үл. сал., %	100	11,0	21,0	5,3	11,7	18,0	33,0
2014	1394,9	161,9	344,4	79,0	177,5	157,9	474,2
Үл. сал., %	100	11,6	24,7	5,7	12,7	11,3	34,0
2015	1378,3	173,6	281,0	79,5	207,5	180,8	455,9
Үл. сал., %	100	12,6	20,4	5,77	15,05	13,12	33,06

Облыс ЖӨӨ-нің өзгеруіне көбінесе, үлесіне ЖӨӨ көлемінің 33% келетін ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп салаларының дамуы әсер етеді.

3-кесте

### Өңір салаларының жалпы республикалық өндіріс көлеміндегі үлес салмағы

млрд. теңге

Жыл-дар	Бар-лығы	Ауыл шаруашылығы	Өнеркәсіп	Құрылыс	Сауда	Көлік және байланыс	Басқалары
<b>2012</b>							
ҚР	31015,2	1330,0	9343,7	1915,7	4624,8	2294,1	11506,9
Облыс	1150,7	121,5	266,5	61,3	118,8	203,4	379,2
Үл. сал, %	3,7	9,1	2,9	3,2	2,5	8,9	3,3
<b>2013</b>							
ҚР	35999,0	1621,2	9986,0	2145,2	5416,0	2736,5	14094,1
Облыс	1348,3	148,6	283,0	71,1	157,5	242,5	445,6
Үл. сал, %	3,7	9,2	2,8	3,3	2,9	8,8	3,2
<b>2014</b>							
ҚР	39675,8	1717,8	10818,1	2358,0	6332,7	3144,6	15304,6
Облыс	1394,9	161,9	344,4	79,0	177,5	157,9	474,2
Үл. сал, %	3,5	9,4	3,1	3,4	2,8	5,0	3,1
<b>2015</b>							
ҚР	40884,1	1925,9	10167,0	2447,7	6994,0	3520,5	15829
Облыс	1378,3	173,6	281,0	79,5	207,5	180,8	455,9
Үл. сал, %	3,4	9,0	2,8	3,2	3,0	5,1	2,9

Облыс Республикалық ЖІӨ-де ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі бойынша айтарлықтай үлесті алады және елдің өңірлері арасында жоғары көрсеткішке ие.

### **Ағымдағы және әлеуетті проблемалары**

Әлемдік бағалар мен сұраныстың, оның ішінде металл мен астыққа ықпал етуі себебінен тау-кен саласының кәсіпорындарының өнім шығару мәселесі неғұрлым өзекті болып тұр.

### **Даму беталысы**

ЖӨӨ құрылымындағы нақты сектор (өнеркәсіп және ауылшаруашылық) үлесін өсіру мақсатында экономика салаларында бірқатар шаралар қабылданады. Өнеркәсіпте Индустриализациялау Картасы бойынша істегі және іске қосылатын кәсіпорындарың өндірістік қуаттарды арттыру есебінен өңдеу саласындағы өндіріс көлемдерін ұлғайту, өңіраралық сауданы дамыту жоспарланып отыр. Ауылшаруашылығында өсімдік шаруашылығы көлемдерін өсіру жерлердің диверсификациясы, ауылшаруашылық дақылдарын алдыңғы қатарлы әдістер мен жаңа технологиялар қолдану арқылы өңдеу есебі арқылы жоспарланып отыр. Мал шаруашылығында – өндіріс секторында мал басы санының ұлғаюы және негізгі өнім(ет, сүт, жұмыртқа) өндірісін ұлғайту есебінен.

### **Инновациялар мен инвестициялар**

Қостанай облысының индустриализациялау картасына жалпы инвестициясының көлемі 473,8 млрд.теңге және 10 мың жұмыс орнын ашатын, 97 жоба кіреді, оның ішінде: 33 жоба индустрия саласында және 64 жоба агроөнеркәсіптік кешенде.

2010-2014 жылдары 115,8 млрд.теңге сомасына 77 объект пайдалануға енгізілді, 4753 жаңа жұмыс орны ашылды, оның ішінде: индустрия саласында жалпы сомасы 73,2 млрд.теңге 22 объект, 2710 жұмыс орны ашылды; АӨК саласында жалпы сомасы 42,6 млрд.теңге 55 объект, 2043 жұмыс орны ашылды.

Индустриализациялау картасын іске асыру шеңберінде өңірде жаңа өндірістер ашылды: 4 автожинағыш өндіріс, комбайндарды жинау бойынша зауыт, ауыл шаруашылығы техникасын өткізу және қызмет көрсету бойынша сауда-сервистік орталығы, полиэтиленді құбырларды шығару бойынша 2 зауыт, жаңа жабдықты қолданатын 3 етті қайта өңдейтін кешен, итальяндық технология бойынша макарон цехі, компьютерлік технологиясымен басқарылатын 6 сүт-тауар фермасы, 9 бордақылау алаңы, жаңа жабдықпен жабдықталған 8 диірмен, 4 май зауыты, асфальт араластырғыш орнатқыштарын шығару бойынша зауыт, тез дайын болатын лапша өндірісі, картон және жұмысртқаларға арналған науа өндірісі, суландыру жүйесі, 5 құс фабрикасы, 3 көкөніс қоймасы, сүтті қайта өңдеу бойынша 2 цех, жартылай спирттелген төпті қайта өңдеу бойынша зауыт, 2 метал прокаты зауыты, руда дайындайтын кешен, жинақталған темір бетон өндірісі, полиэтилендік қаптама және таңбаланған қатты карамель өндірісі бойынша 2 цех, ұсақ даналы бетон бұйымдарының зауыты, кірпіш зауыты, 4 астық кептіргіш және қойма, биогаз

орнатқышы, әкті ұсақтау және қаптау желісі, автомобиль шиналарын қайта өңдеу және қайта қалпына келтіру бойынша зауыт, үй құрылысы комбинаты, шақпатас зауыты және алкогольсіз сусындар шығару желісі.

Оның ішінде іске асырылды:

2012 жылы жалпы сомасы 20,8 млрд.теңге 20 инвестициялық жоба (1298 жұмыс орны ашылды), оның ішінде: Қостанай қаласында сериялық автомобиль шығару ұйымы; Қостанай қаласында қуаттылығы жылына 80 дана асфальт араластырғыш орнатқыштарын шығару зауыты; ESSIL K3C-740 өздігінен жүретін астық жинағыш комбайн және басқа да ауылшаруашылық техникасын өндіру және т.б.;

2013 жылы жалпы сомасы 39 017,4 млн.теңге 11 инвестициялық жоба, 844 жаңа жұмыс орны құрылды, оның ішінде 2 жоба Мемлекет басшысының қатысуымен жалпыұлттық Телекөпір өткізу барысында ашылды: ұсақ сұрыпты илемдік орнақ өндіру зауыты; кузовтарын шанақтарын дәнекерлеуді және бояуды қоса алғанда CKD әдісімен NOMAD моделінің Ssang Yong автомобилін шығару;

2014 жылы жалпы сомасы 1485 млрд.теңге 8 инвестициялық жоба, 455 жұмыс орны ашылды, оның ішінде: шағын торапты жинайтын әдіспен Toyota Fortuner маркалы автомобиль өндірісі; үй құрылысы комбинатын салу; тәжірибелі-өнеркәсіптік кен қазу және дайын Доре және басқа да қорытпасын алатын руданы қайта өңдеу.

#### **Сыртқы экономикалық қызмет**

Республика көлемі бойынша Қостанай облысының үлесі 2,4% құрады. (Республика сыртқы сауда айналымы – 75,62 млрд. АҚШ доллар).

4-кесте

Жылдар	Сыртқы сауда айналымы		Экспорт		Импорт	
	млн. АҚШ доллары	өткен жылға қарағанда %	млн. АҚШ доллары	өткен жылға қарағанда %	млн. АҚШ доллары	өткен жылға қарағанда %
<b>2013</b>	3691,4	80	2287,8	69	1403,6	108,0
<b>2014</b>	3037,2	82,3	1682,3	73,5	1354,9	96,5
<b>2015</b>	1884,9	62,1	937,6	55,7	947,8	69,95

#### **Өңірлік экспорт**

2015 жылы Қостанай облысының өнімі әлемнің 40 елдеріне экспорттады.

Кеден одағының елдері облыс экспортта 51,5% алады. 2015 жылы Кеден одағы елдерінің үлесі 2014 жылмен салыстырғанда 1,4%-ға төмендеді.

ТМД елдерінің үлесі 17,4%-ды құрады. Тауарлар Өзбекістанға, Тәджікістанға, Әзірбайжанға экспортталады. Басқа елдерінің үлесі – 31,1%.

Басқа елдер арасында Ауғаньстан (13,8%), Қытай 3,8%), Иран (2,6%), және басқа елдер едәуір үлес алады.

**Қазақстан Республикасының жалпы экспорт көлемінде  
Қостанай облысының үлесі**

млн. АҚШ долл.

<b>Экспорт</b>	<b>2013 ж.</b>	<b>2014 ж.</b>	<b>2015ж.</b>
Қазақстан Республикасының экспорты	82500	78200	45996
Облыс экспорты	2287,8	1682,3	937,6
Қазақстан Республикасының жалпы экспорт көлемінде Қостанай облысының үлесі, %	2,8	2,1	2

2013 жылдан 2015 жылдың 1 жарты жылдығына дейін облыстың экспорт көлемдерінің төмендеуі байқалады.

Бұл металлургиялық өніміне сұраныс төмендеуімен және темір кен шикізатқа бағалардың төмендеуімен байланысты.

**Саласы бойынша өңірлік экспорт құрылымын талдау**

Облыстың экспорты 2 сала бойынша орын табады: өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы.

Облыс экспортының көлемі тауарлардың халықаралық тарығындағы ахуалға байланысты. Темір кені өнімінің экспорты 2012 жылы барынша көп болды – 21830 мың тонна, дегенмен ақшалай түрде ол 2362,1 млн. АҚШ долл. құрады, бұл 2011 жылғыдан аз (2731,3 млн. АҚШ долл.). 2012 жылы бидай экспорты айтарлықтай көп болды – 293 млн. АҚШ долл. 1381,6 мың тонна, бұл облыстың экспортталған тауарлары бағасының төмендегені туралы куәландырады.

**Экспорттың негізгі топтары**

<b>Жылдар</b>	<b>Экспорт, барлығы</b>	<b>оның ішінде</b>			
		<b>т/кені өнімі</b>	<b>асбест</b>	<b>бидай</b>	<b>ұн</b>
<b>2013 ж</b>					
мың тонна		15242	168,2	748,4	504
млн. АҚШ долл.	2287,8	1499	64,8	193,1	173,4
<b>2014 ж</b>					
мың тонна		13640,1	167	666,9	545,9
млн. АҚШ долл.	1682,3	1024	63,6	156,8	186,7
<b>2015 ж.</b>		8300,1	168,1	604,4	555
мың тонна	937,6	395,9	65	111,7	163,4
млн. АҚШ долл.		8300,1	168,1	604,4	555

2013 жыл бойынша облыстың сыртқы сауда айналымында барлық негізгі тауарлық топтарында экспорттың төмендеуі байқалды: тау-кен өнеркәсібі өнімдеріне әлемдік бағалардың және сұраныстың төмендеуіне, сонымен қатар темір-кен өнімдері, асбест, астық, ұн сияқты дәнді дақылдардың егін өнімінің төмен болуымен байланысты.

2015 жылы 2013-2014 жылдармен салыстырғанда мынадай тауарлардың негізгі топтары бойынша: темір рудасы өнімі, астық экспорты төмендеді.

### Ағымдағы және әлеуетті проблемалар

1. Облыстың экспортталатын өнімнің әлемдік бағалар және сыртқы нарықтардан, жаһандық және әлемдік экономика жағдайларынан тәуелділігі.

2. темір рудасы шикізатына бағаның және сұраныстың төмендеуі.

### Даму беталысы

1.Өнімді өткізу жаңа нарықтарын іздеу.

Облыс сыртқы саудасындағы жағдайды жақсарту үшін Қытай мен Ресейге темір рудасын экспорттау көлемін ұлғайту бойынша жұмыс жүргізілуде. Асбест экспортын арттыру және мүмкіндіктер мен резервтер бар. Ұн мен астық экспорты бойынша өсу қарқыны 2014 жылдың деңгейінде сақталады.

### Өнімділік және жалақы

Облыс бойынша бір адамға өнімділік жыл бойы өсуде.

2015 жылы ең жоғары еңбек өнімділігі өнеркәсіп, көлік және байланыс салаларында: 4642,6 мың теңге, 6921 мың теңге тиісінше шықты.

7-кесте

### Қостанай облысы бойынша секторалдық үстеме құны, жұмыспен қамту және еңбек өнімділігі

	2013 ж			2014 ж			2015 ж		
	ҚҚС, млн. теңге	Жұмыс пен қамту, мың адам	Өнім ділік, мың теңге	ҚҚС, млн. теңге	Жұмыс пен қамту, мың адам	Өнім ділік, мың теңге	ҚҚС, млн. теңге	Жұмыс пен қамту, мың адам	Өнім ділік, мың теңге
Барлығы	1354477,4	503,7	2689,1	1398676,5	493,9	2831,9	145446 7,1	494,5	2941,3
Ауыл шаруашылығы	148565,5	189,4	784,4	161884,6	182,6	886,6	238258 ,8	177,5	1342,3
Өнеркәсіп	283002,1	61,5	4601,7	344448,7	62,1	5546,7	291089 ,6	62,7	4642,6
Құрылыс	71129,1	17,0	4184,1	79001,7	18,9	4180	77726, 4	20,5	3791,5
Сауда	157536,2	88,3	1784,1	177474,8	75,2	2360,0	176648 ,9	80,3	2199,9
Көлік пен байланыс	257400,2	25,8	9976,8	173967,9	25,2	6903,5	182714 ,3	26,4	6921
Басқа қызметтер	436844,3	121,7	3589,5	461898,8	129,9	3555,8	488029 ,1	127,1	3839,7

Орташа айлық атаулы жалақы облыс бойынша жыл сайын өсуде, 2012 жылмен салыстырғанда 2015 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 22,1%-ға өсіп, 93560 теңгені құрады. 2014 жылмен салыстырғанда 2%-ға өсті.

Ең жоғары жалақыны тау-кен өнеркәсібі және қазбаларды барлау қызметкерлері алады – 147351 теңге (облыс бойынша орташа есеппен 1,6 есе артық), қаржы және сақтандыру қызметінің қызметкерлері – 144680 теңге (1,5 есе артық) алады.

Төмен жалақы тіршілік және тамақтану бойынша қызметтер көрсететін қызметкерлерде -54360 (орташа облыстық деңгейден 58,1%) өнер, ойын-сауық және демалыс салаларында жұмыс істейтін қызметкерлерде – 55914 теңге (орташа облыстық деңгейден 59,8%) қалыптасты. Салалар бойынша барынша үлкен және аз жалақы арасындағы айырмашылық 2,7 есені құрады.

### **Демографиялық әлеует**

2016 жылдың 1 қаңтарда облыс халқының саны 883,6 мың адамды құрады.

2012-2015 жылдары бойынша облыс халқының саны 0,4%-ға, немесе 3,7 мың адамға, оның ішінде қала тұрғындарының саны 3,6%-ға (16,3 мың адамға) өсті, ауыл тұрғындарының саны 2,4%-ға (12,6 мың адамға) қысқарды.

2012-2015 жылдары облыста туылғандардың саны 384 адамға азайды, қайтыс болған адамдардың саны 988 адамға азайды, оң өзгерістер Қостанай, Рудный, Арқалық қалаларында, сондай-ақ Денисов, Жітіқара, және Меңдіқара аудандарынан басқа, барлық аудандарда да оң өзгерістер байқалып отыр.

Соңғы төрт жылда халықтың табиғи өсімі 2012 жылы 2874 адамнан 2015 жылы 3478 адамға артты.

2012 жылмен салыстырғанда 2015 жылы неке қию саны 10,4%-ға, ажырасу саны 5,1%-ға төмендеді.

Облыс халқының күтілетін саны 2020 жылы 896 мың адам құрайды.

Демографиялық процесс табиғи өсім көрсеткіштерінің серпінімен, сонымен қатар ішкі мен сыртқы көшіп-қонумен байланысты.

### **Көші-қон**

2012-2015 жылдар аралығында облыста көші-қон сальдосы теріс күйде жалғасуда. Кеткен адамдардың саны келген адамдардың санынан бұрынғыдай асып отыр.

2015 жылы облыс ішіндегі көші-қонның жағымсыз сальдосы Әулікөл (-644 адам), Таран (-406 адам), Жангелді (-390 адам) аудандарында, байқалды. Облыс ішіндегі көшіп-қонуы кезінде көші-қонның жағымды сальдосы облыстың барлық қалаларында сақталады.

Қалалық жерге 17120 адам немесе барлық келген адамдардың 60,9%-ы қоныс аударды. Көбінесе қалаға ауылдық жерлердің тұрғындары, әсіресе жастар қоныс аударады. Тұрғындардың ауылдық жерлерден қалаға көшуі облыс қалаларында орта және жоғары білім алуына, ауыл шаруашылығы өнеркәсіптерінде жұмыс орындарының болмауы мен төмен жалақы мөлшеріне байланысты болып отыр.

2015 жылы қалалық жерден 12311 адам немесе кеткен адамдардың жалпы санынан 41,9% тұрғылықты жерінен шығып кетті. Республикадан тыс жерлерге 2412 адам немесе 8,2%, облыс сыртына – 5064 адам немесе 17,2% кетті.

Ауылдық жерлерден 17104 адам, оның ішінде республикадан тыс жерлерге 5,5%, облыстан тыс жерлерге 9% көшті.



Республикадан тыс жерлерге қоныс аударған көшіп-қонушылардың саны Қостанай (-794 адам), Лисаковск (-293 адам) қалаларында, Рудный (-242 адам), Жітіқара (-240 адам) қаласында, Қазақстанның басқа облыстарына – Жангелді ауданында (-70 адам) байқалып отыр.

Қостанай облысы 2012 жылға дейін халық саны жағынан жағымсыз өсімге ие болып келді. 2012 жылы алғашқы рет халықтың 487 адамға дейін өскені байқалып отыр.

2012-2015 жылдар ішінде келген адамдардың санымен салыстырғанда облыстан және республикадан тыс жерлерге жыл сайын 1,3-2,7 мың адамға артық кетті.

## **2.1. Аумақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау**

2.1.1. Өңіраралық ынтымақтастықты ескере отырып, жалпы өңір экономикасының дамуы

### **Өнеркәсіп**

Облыстың жер қойнауында бай пайдалы қазбалардың болуы облысты ірі минералдық-шикізаттық базаға айналдырды.

Облыста 90%-дан жоғары темір кені өнімдері, 100% темір кені шекемтастары мен асбест өндіріледі. Облыс аумағында лигнит, көмір, құрылыстық құм, балшық, тас, құрамында алтын бар кен және т.б. өндіріледі.

Облыста тау-кен, өңдеу өнеркәсіптері және электр энергиясын, газ және су өндіру мен бөлу жөнінде кәсіпорындар қызмет етеді. Қазіргі көп салалы өндірісті комбинаттар, зауыттар, заманға сай шағын кәсіпорындар қамтиды.

Облыс аумағында жұмыскерлерінің саны 49 мың адамнан астам 800 жуық кәсіпорын өнеркәсіп өнімдерін өндірумен айналысады.

2012-2014 жылдары тауар өнімдерін өндіру 502 млрд. теңгеден 532,5 млрд. теңгеге дейін 6%-ға өсті.

Тау-кен саласында 269,7 млрд. теңгеден 241,9 млрд. теңгеге дейін 10,3%-ға төмендеді.

Өңдеу өнеркәсібінде өндіріс көлемдері 198,3 млрд. теңгеден 249,7 млрд. теңгеге дейін 1,3 есе өсті.

Облыстың өнеркәсіп кәсіпорындары 2014 жылы қолданыстағы бағамен 532,5 млрд. теңгеге өнімдер өндірді.

Облыстың өнеркәсіп құрылымында тау-кен өнеркәсібінің және қазбаларды барлау үлесі 45,4% (2012 жылға қарағанда 8,3%-ға төмендеді), өңдеу өнеркәсібінде 46,9% құрады (7,4%-ға өсті).

8-кесте

### **Жылдар бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі**

Жылдар	Өнер. өндіру. көлемі, млрд. теңге	оның ішінде	
		Тау-кен өнеркәсібі	Өңдеу өнеркәсібі
2013 ж.	530,5	279,6	214,1
2014 ж.	544,4	240,3	263,5
2015 ж.	431,1	161,3	238,3

**Жылдар бойынша өнеркәсіп өндірісінің нақты көлем индексі**

Жылдар	НКИ, барлығы, %	оның ішінде	
		Тау-кен өнеркәсібі	Өңдеу өнеркәсібі
2013 ж.	100,6	96,2	108,1
2014 ж.	100,2	93,1	108,8
2015 ж.	81,8	70,0	90,1

2015 жылы өнеркәсіп өнімдерін өндіру бойынша облыс Республика бойынша 16 орында (елдің өнеркәсіп құрылымында үлес салмағы – 3,0%).

Өңдеу өнеркәсібінде өнімдердің жаңа түрлерін игеру («Доре» ертіндісі, автомобильдер, бидай және жем-шөп жинайтын комбайндар, құрамында алтыны бар руда қазу және қайта өңдеу, шойын және болат құймалары және т.б.) өнеркәсіп құрылымына айтарлықтай әсер етті.

2015 жылы электрмен жабдықтау, газ, бу және ауа желдеткішінің үлесі 6,0%; сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және бөлуді бақылау үлесі 1,5% құрады.

**Өнеркәсіп кәсіпорындарының негізгі капиталына инвестициялар**

Жылдар	Өнеркәсіпке инвестициялар, барлығы, млрд теңге	оның ішінде	
		Тау-кен өнеркәсібі	Өңдеу өнеркәсібі
2013 ж.	112,8	62,7	35,5
2014 ж.	100,9	55,7	21,6
2015 ж.	86,8	60,7	12,6

Инвестицияларды игеруге Қостанай облысының индустриализациялау картасына жалпы инвестициясының көлемі 473,8 млрд.теңге 97 жоба, оның ішінде: индустрия саласында 33 жоба және агроөнеркәсіптік кешенде 64 жоба кіретін индустриализациялау шеңберінде инвестициялық жобаларды іске асыратын кәсіпорындар білгілі бір үлесін қосып отыр.

**Тау-кен өндірісінің** негізін мынандай кәсіпорындар құрайды: «ССКӨБ» АҚ, «Варваринская» АҚ, «Қостанай минералдары» АҚ, «Ориол Минералс» ЖШС, «Өркен» ЖСШ Лисаков филиалы, «Қазақстан алюминийі» АҚ филиалы КБРУ, «Қазақстан алюминийі» АҚ филиалы ТБРУ және басқалар.

Тау-кен өндірісі облыс экономикасының жалпы жағдайын айқындайды және облыстың өнеркәсіп өндірісінің құрылымында маңызды үлесін қамтамасыз етеді, тау-кен өнеркәсібінің өнімдері облыс экспортының басты бабы және валюталық түсімдердің негізгі көзі.

**Тау-кен өнеркәсібі өндірісінің серпіні**

№ р /с	Көрсеткіштер	Жылдар		8 ай	
		2013	2014	2014	2015
1	Өнеркәсіп өнімнің көлемі, млрд. теңге	530,5	532,5	343,5	2015

№ р /с	Көрсеткіштер	Жылдар		8 ай	
		2013	2014	2014	2015
2	өткен жылға қарағанда НКИ, %	100,6	100,2	100,4	443,1
	Өндірістің жалпы көлеміндегі тау-кен өнеркәсібінің үлесі, %	52,7	45,4	49,5	81,8
3	Тау-кен өнеркәсібінің өндіру көлемі, млрд. теңге	279,6	241,9	169,4	36,4
Тау-кен саласының негізгі өнім түрлерін өндіруі:					
	- темір кені концентраты, мың тонна	11710,9	11351,6	7393,9	9047,2
	- шекемтастар, мың тонна	6919,7	6250,5	4388,7	3283,6
	- бокситтер, мың тонна	5192,0	4515,6	3065,0	4682,6
	- асбест, мың тонна	243,4	213,1	136,7	179,8
	-құрамында алтын бар кендер, мың тонна	3182,8	3650,1	2749,1	4408,2
	- мыс кендері, мың тонна	655,6	725,0	699,7	142,1
	- мыс концентраттары, мың тонна	27,3	16,0	16,0	5,1

Қазақстанның тау-кен саласының ірі кәсіпорны – «ССКӨБ» АҚ. «ССКӨБ» АҚ өнімдерінің негізгі тұтынушылары Магнитогор металлургиялық комбинаты, «Миталл Стил Теміртау» АҚ және Қытай кәсіпорындары болып табылады.

Қазіргі таңда «ССКӨБ» АҚ-да жоғары сапалы болат түрін өндіру барысында қолданылатын құрамында 90% кем емес темірі бар металл шекемтастарын өндіру жөнінде цех салу – ірі инвестициялық жобасын іске асыру мақсатында жұмыс жүргізілуде.

«Өркен» ЖШС Лисаков филиалы темір кені концентратын өндіру бойынша ірі кәсіпорын. Кәсіпорында «Темір кенін бөліп алу, шығару және байыту» инвестициялық жобасы іске асырылды. Бұл технологияны енгізу фосфор құрамын 0,7%-дан 0,2%-ға төмендетуге жол ашады, темір кені концентратындағы темірдің құрамын 49%-дан 60%-ға арттырады.

«Қазақстан алюминийі» АҚ филиалы Торғай және Краснооктябрь бокситтік кен басқармалары – Павлодар алюминий зауытын шикізатпен қамтамасыз ететін, боксит өндіру бойынша ірі кәсіпорындар болып табылады.

Жітіқара қаласындағы «Қостанай минералдары» АҚ – Қазақстандағы жалғыз асбест комбинаты, оның негізгі қызметінің түрі – хризотил-асбест кендерін өндіру мен байыту және олардың негізінде тауарлық асбест өндіру. Комбинат өнімдері әлемдік асбест нарығымен қатар ТМД елдерінің нарықтарында тұрақты сұранысқа ие.

Облыста алтын, мыс, титан, никель, көмір, қорғасын-цинк кендерінің пайдалы кен орындары барланды.

Сонымен қатар облыс отқа төзімді балшық, құрылыстық тас, құрылыстық құм сияқты металл емес пайдалы қазбаларға да бай.

2014 жылмен салыстырғанда құрамында алтыны бар руда шығару 20,8%-ға, боксит 3,7%-ға ұлғайды.

Облыстың өнеркәсібін дамытудың негізгі мақсаты шикізат бағынан кетіп, өңдеу өнеркәсібі саласының үлесін ұлғайту болып табылады.

Облыстың өңдеу өнеркәсібінің негізін мынадай кіші салалар құрайды: тамақ өнімдерін өндіру, оның ішінде сусындар (56,2%), машина жасау (16,3%), металлургиялық өнеркәсіп және дайын металл өнімдерін өндіру (17,3%), басқа металл емес минералды өнімдерді өндіру (4,0%), резина және пластмасс бұйымдарын өндіру (2,3%), жеңіл өнеркәсіп (1,3%), жиһаз жасау (0,5%), қағаз өнеркәсібі және қағаз өндірісі (0,3%).

Өнімдердің жаңа түрлері – «Доре» ертіндісі, жеңіл автомобильдер, астық жинайтын комбайндар және басқалары өнеркәсіп құрылымына және облыс өндірісінің көлемдеріне айтарлықтай әсер етті.

Азық-түлік өнімдерін және сусындар өндіру айтарлықтай үлес салмақты алады – 50,9%, облыстың өңдеу өнеркәсібі құрамында және 2014 жылы 134,0 млрд. теңгені құрайды, бұл 2013 жылдан 12,8% артық және 2010 жылмен салыстырғанда 79,1%-ға артық.

12-кесте

### Өңдеу өнеркәсібінің өндіру серпіні

Р /с №	Көрсеткіштер	Жылдар		8 ай	
		2013 жыл	2014 жыл	2014	2015
1	Өнеркәсіптік өнімдерінің көлемі, млрд. теңге	530,5	544,4	343,5	2015
2	Өңдеу өнеркәсібіндегі өндірістің көлемі, млрд. теңге	214,1	263,5	147,4	443,1
3	Өңдеу өнеркәсібінің НКИ, %	108,1	108,8	106,4	238,3
4	Жалпы өнеркәсіп көлемінде өңдеу өнеркәсібінің үлесі, %	40,4	48,4	42,9	90,1
Өнімнің негізгі түрлерін өндіру					
	Ет және тамақ ішек-қарын өнімдері, тонна	9293	11400	7841	
	Шұжық өнімдері, тонна	4081	4387	2908	11295
	Тазартылмаған күнбағыс майы, тонна	3274	6643	4859	3631
	Өңделген сұйық сүт және кілегей, тонна	64926	76736	54699	8267
	Сүт және кілегей қатты түрінде, тонна	363	421	бейнелен бейді	52250
	Сары май, тонна	649	3955	2435	541
	Ірімшік және сүзбе, тонна	1901	2378	1700	3460
	Дәнді дақылдардан жасалған ұн, тонна	992810	925463	554297	1596
	Жаңа піскен нан, тонна	47255	42577	28134	938853
	Шоколад және одан жасалған өнімдер, тонна	29446	30989	19632	44242
	Макарон және ұн өнімдері, тонна	23473	22783	15233	21997
	Минералды су, мың л.	10591,9	15356,5	10331,4	22528
	Алкоголсіз сусындар, мың л.	35469,6	32250,2	21612,2	17724,9
	Арақ және азықтық спирт, мың л.	3833,3	2346,7	1405,1	31334,5
	Сыра, мың литр	39111,3	46476,1	33085,8	1602
	Жүн жіп, кардо және таралған, тонна	-	-	-	56304,1
	Сырты теріден жасалған аяқ-киім, мың жұп	191,6	81,6	-	-
	Терезе мен есік, мың шаршы км	6,1	8,5	5,2	-
	Пластмассадан жасалған терезелер, есіктер және т.б., тонна	1632373	1957466	1136637	6, <sup>9</sup>
	Этил спирті, мың литр	1594,0	906,0	644,1	1803241
	Доре ертіндісі, тонна	4835	4085	2719	911,4

Ауыл шаруашылығына арналған тракторлар, дана	7	-	-	2964
Астық жинайтын комбайндар, дана	380	380	305	-
Жатқалар, тырмалар, қопсытқыштар және т.б., дана	379	480	232	230
Жеңіл автомобильдер, дана	6464	8354	3371	332
Ауыл шаруашылығына арналған машиналардың бөлшектері, млн. теңге	492,7	428,3	299,0	5571
Ағаштан жасалған жиһаз, ас үй, кеңсеге арналған, мың дана	48,3	42,0	22662	325,2
Тауарлық бетон, мың тонна	670,4	805,9	580,9	36,6

2015 жылы облыстың өңдеу өнеркәсібі құрылымындағы үлес салмақ 2014 жылмен салыстырғанда тамақ және сусын өндірісі 56,2%-ды, 133,8 млрд.теңгеге өнім өндірілді немесе 99,9%-ды құрады. Тамақ өнімінің НКИ 93,1%-ды, сусын шығару – 109,3%-ды құрады.

**Тамақ өнімдерін** өндірумен 70-тен астам ірі және орта кәсіпорындар айналысады.

13-кесте

### Тамақ өнімдері өндірісі көлемінің серпіні

	Бірлік	2013 ж	2014 ж	2014	2015
Тамақ өнімдерін өндіру көлемі, сусындарды қоса алғанда, оның ішінде:	млн. теңге	118833,3	134007,0	89764,3	133824,9
- етті өңдеу және консервілеу	млн. теңге	9233,8	12731,9	6410,0	10395,9
- сүт тағамдарын өндіру	млн. теңге	22271,4	27090,5	17771,0	23325,9
- ұн тағамдарын өндіру	млн. теңге	46608,3	48287,9	26323,0	54324,0
- сусындарды өндіру	млн. теңге	8873,1	9658,5	6532,6	11541,0

Саладағы өндіріс көлемдерінің өсуіне инвестициялық жобаларды іске асыру жаңа өнім түрлерін игеру, өндірістерді жаңашаландыру, жаңа технологияларды енгізу есебінен қол жеткізілді.

2014-2015 жылдары кезеңінде азық-түлік өнеркәсібі саласында алкогольсіз сусындар, күнбағыс майын өндіру, сүтті қайта өңдеу жобалары іске асырылды.

Облыстың **жеңіл өнеркәсібін** тоқыма бұйымдар өндірісі, киім, былғары өндірісі кәсіпорындары қамтиды: «Большевичка» ӨК, «Алпамыс» аяқ-киім фабрикасы ЖШС, «Қостанай киіз аяқ киімінің фабрикасы» ЖШС.

14-кесте

### Жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемінің серпіні

	Бірлік	2013	2014	2014	2015
Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының өндіру көлемі, оның ішінде:	млн. теңге	3596,4	3303,7	2037,3	3134,4
тоқыма бұйымдарын өндіру	млн. теңге	1427,3	1319,2	849,2	1201,3

тоқыма бұйымдарын өндіру НКИ	%	78,6	83,3	93,4	95,5
киім өндіру	млн. теңге	1877,0	1750,4	1040,6	1808,6
киім өндіруінің НКИ	%	101,4	95,3	90,3	97,6
тері және былғары өнімдерін өндіру	млн. теңге	292,2	234,1	147,5	124,4
тері және былғары өнімдерін өндіру НКИ	%	45,3	81,6	78,8	44,4

\* Статистикалық деректер «тоқыма және тігін өнеркәсібі» кіші тарауға біріктірілді және 1937 млн. теңгені құрайды

\*\* Статистикалық деректер «тоқыма және тігін өнеркәсібі» кіші тарауға біріктірілді және 118,9 % құрайды

2015 жылы өңдеу өнеркәсібінің құрылымында жеңіл өнеркәсіп өндірісінің үлесі 1,3%-ды құрады.

Салалық кәсіпорындармен 2015 жылы 3,1 млрд теңгеге өнім шығарылды, бұл 2014 жылдың деңгейінен 5,2%-ға төмен. 2014 жылы саланың НКИ 89,5%-ды, 2015 жылы – 92,4%-ды құрады.

2012 жылы «Бизнестің жол картасы 2020» Бағдарламасының бірінші бағыты «Жаңа бизнес-бастамаларды қолдау» шеңберінде, бюджет қаражаты есебінен тігін бұйымдарын өндіру және іске асыру үшін өндіріске өндірістік жабдық сатып алуға «Большевичка» өндірістік кооперативтің пайыздық мөлшерлемелерін субсидиялау мақұлданды. 4,9 млрд.теңге сомасында субсидия төленді.

«Жастық, мамық, көрпе тігу және жаңалау ательесін құру» және «Матрас және синтепон өндірісі: негізгі құралдарды сатып алу».

**Машина жасау.** Облыстың машина жасау негізін «Агромашхолдинг» АҚ, «Агротехмаш» ЖШС, «СарыарқаАвтоПром» ЖШС, «Дормаш» ЖШС, «Болашақ А» ЖШС, «Дон Мар» ЖШС және басқалары құрайды.

2015 жылы облыстың өңдеу өнеркәсібі құрылымындағы машина жасау саласының үлесі 16,3%–ды құрады.

Облыс машинажасау кәсіпорындармен 2015 жылы 38766,0 млн. теңгеге өнім өндірілді, бұл 2014 жылдан 38,2%–ға аз. Нақты көлемінің индексі 69,9% құрады. Машина жасау өндірісінің төмендеуі ең алдымен, рубль курсының түсіп кетуі салдарынан автомобиль жасау өнімдерін сату кезінде туындаған қиын жағдаймен байланысты. Облыс кәсіпорындарына Орал өңірінің өндірісімен бәсекелесу қиын болды. Шекаралас Ресей Федерациясынан автомобиль санының көп әкелінуі «Агромашхолдинг» «СарыарқаАвтоПром» сияқты кәсіпорындардың автомобильге деген сұраныстың төмендеуіне әкеп соқты.

**Металлургия.** Облыстың металлургия өндірісінің негізгі өндірушілері: «ССКӨБ» АҚ, «Имсталькон Рудный метал құрастыру зауыты» ЖШС, «МехЛитКом» ЖШС.

Металлургия өнеркәсібінің үлесі 2015 жылы өңдеу өнеркәсібінің көлемінде 17,3% құрады. 2015 жылы сала кәсіпорындары 41,1 млрд. теңге сомасына немесе 2014 жылға қарағанда 114,5% өнім өндірді. Саланың жоғары көрсеткіші 2013 жылы «Қостанай қаласында жылына 450 мың тонна ұсақ сортты прокат станының құрылысы» жобасы іске асырған

«ЕвразКаспианСталь» ЖШС есебінен қол жеткізілді. 2015 жылы кәсіпорын 275,3 мың тонна болат прокатын өндірді, бұл 2014 жылдан 3 есеге артық.

2014 жылдың желтоқсанында мынадай жоба іске асырылды: «Жітіқара ауданында Доре ерітіндісі - дайын өнімін алуымен 450 мың тоннаға дейін тәжірибелік-өнеркәсіптік кен қазу және қайта өңдеу». 2015 жылы өнім өндірісі басталды.

**Құрылыс индустриясы.** Облыста құрылыс материалдары өндірісі қарқындауда. 2015 жылдың қорытындылары бойынша сала кәсіпорындары 39,4 млрд.теңгеге өнім өндірді, бұл 2012 жыл деңгейінен 2,6 есе жоғары (2012 жылы – 15,1 млрд. теңге, 2013 жылы – 10,2 млрд.теңге, 2014 жылы – 36,5 млрд.теңге).

2015 жылы этилен полимерлерден жасалған құбырлар 11,5%-ға (1 121 788 кг), құрылыс арматураның өндіріс көлемі 2,6 есе (286 522 тонна), құрылыс мақсаттар үшін бетоннан жасалған бұйымдар 3,8 есеге (30 552 мың тонна), сэндвич панельдер 3,2 есеге (1661) ұлғайтылды.

Сонымен бірге өнімнің төмендегі түрлері бойынша өндірісі төмендеді: құрылыс құмы 70,8%, (208,9 мың куб.м); шағылтас 66% (778,1 мың куб.м.); қаптама керамикалық кірпіш 60,4% (40,7 мың куб.м.); құрылыс мақсаттар үшін бетоннан жасалған бұйымдар 64,7% (157 416 мың тонна); тауар бетондар - 56% (615897 тонна); пластан жасалған терезе және есік блоктары – 90,2% (1764811 кг).

Облыста әрекет ететін құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындармен қатар соңғы жылдары жаңа кәсіпорындар құрылды, оларда инвестициялық жобалар іске асырылады.

2013 жылы мынадай жобалар іске қосылды: «Қостанай қаласында жылына 450 мың тонна ұсақ сортты прокат станының құрылысы», «ЕвразКаспианСталь» ЖШС, «Жиналмалы темірбетон өндіретін зауытының құрылысы» «БК-Строй» ЖШС.

2014 жылы «Қостанай МБИ» ЖШС-нің «Қостанай қаласындағы үй салатын комбинатының құрылысы» инвестициялық жобасы пайдаланымға енгізілді.

2015 жылы «Первомайский Щебзавод» ЖШС «Таран ауданы Валерьянов ауылы шағылтас зауытының ұнтақтағыш-іріктеу кешенін салу» жобасы пайдаланымға енгізілді.

Бұдан басқа, «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының шеңберінде (банк кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау):

2014 жылы негізгі капиталға салымдардың басым бөлігі өнеркәсіпке – 86,8 млрд. теңге (*негізгі капиталға инвестициялардың көлемінен 53,3%*) бағытталды, оның ішінде тау-кен өнеркәсібіне – 60,7 млрд. теңге, өңдеу өнеркәсібіне – 12,6 млрд. теңге, электрмен жабдықтау, газ беру, бу және ауа реттеуге 3,9 млрд. теңге, сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қоқыстарды жинақтау мен таратуды бақылауға – 9,6 млрд. теңгені құрады.

Ауыл, балық және орман шаруашылығына инвестициялар – 27,3 млрд. теңге (*16,7%*), көлік және жинақтауға – 15,4 млрд. теңге (*9,4%*), жылжымайтын мүлікпен операцияларға – 19,3 млрд. теңге (*11,8%*), білім саласына 2,3 млрд. теңгені (*1,4%*) құрады.

2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы облыс аудандары мен қалаларында (Денисов-75,7%, Жітіқара-64,9%, Наурызым-56,6%, Таран-28,8%, Федоров-72,9%, Рудный-55,2%, Арқалық-93,7%) ауыл шаруашылығына арналған инвестициялары төмендеді.

Инвестицияларды игеруге индустриализациялау шеңберінде инвестициялық жобаларды іске асыратын кәсіпорындар белгілі бір үлесін қосып отыр.

Индустриализациялау картасын іске асырудың бірінші бес жылдығы шеңберінде 115,8 млрд.теңге сомасына 77 объекті пайдалануға берілді. 4753 жаңа тұрақты жұмыс орны ашылды. Оның ішінде: индустрия саласында жылпы сомасы 73,2 млрд.теңгеге 22 объект пайдалануға берілді, 2710 жұмыс орны ашылды; АӨК саласында жалпы сомасы 42,6 млрд.теңгеге 55 объект, 2043 жұмыс орны ашылды (2011 жылы құны 24,6 млрд.теңге 28 объект, 1081 жұмыс орны ашылды; 2012 жылы – құны 20,8 млрд.теңге 20 объект, 1298 жұмыс орны ашылды; құны 39 млрд.теңге 11 инвестициялық жоба, 844 жұмыс орны ашылды).

2014 жылы, 14,5 млрд. теңге сомасына 8 объект енгізілді, 455 жұмыс орны ашылды.

2015 жылы 4,9 млрд.теңге сомасына 4 инвестициялық жоба іске асырылды, 126 жұмыс орны ашылды.

#### **Инновациялық даму**

2015 жылдың қорытындылары бойынша облыстың 1502 кәсіпорынның инновациялық қызметіне статистикалық бақылау жүргізілді, ондағы 203 шаруашылық субъектісінде технологиялық инновация болды (2014 ж. – 204 кәсіпорын, 2013 ж.-164 кәсіпорын).

Инновациялық өнімдер көлемі 2014 жылмен салыстырғанда 18,0%-ға төмендеп, 47252,6 млн.теңгені құрады, оның 35164,9 млн.теңге сомасына өнім өткізілді. Экспортқа жеткізілген инновациялық өнім көлемі 5712,8 млн.теңгені құрады.

Талданып жатқан кезеңде инновация шығындары 4084,4 млн.теңгені құрады. Бұл ретте, инновацияға кәсіпорындардың жұмсаған меншікті қаражаты 2202,6 млн.теңгені құрады, бұл инновациялық қызметті іске асыруға арналған жалпы шығындардың 53,9%-ын құрады.

Кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі 2012-2015 жылдары – 0,4%–ға ұлғайды және 14,5%–ды құрады.

Инновация саласының барлық түрлері бойынша неғұрлым жоғары белсенділік ірі кәсіпорындар арасында байқалды және 35,2%–ды құрады (125 есеп берген ірі кәсіпорындардың ішінен 44 кәсіпорын инновациялық қызметті жүзеге асырды).

Инновациялық өнімнің көлемі 2013 жылмен салыстырғанда 6,3 есеге азайды және 47252,6 млн.теңгені құрады, оның 35164 млн.теңге сомасына өнім өткізілді. Экспортқа жеткізілген инновациялық өнімнің көлемі 5712,8 млн.теңгені құрады.

2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда өнімдік және процесті инновацияларға шығындар 1,5 есеге ұлғайып, 4084,4 млн. теңге құрады (2014 жылы – 26991,6 млн. теңге). Бұл ретте, кәсіпорындардың меншікті қаражаты 2202,6 млн. теңгені құрады, бұл инновациялық қызметті атқарудағы жалпы шығындар көлемінен 53,9%–ды құрады.

Ішкі шығындарды қаржыландыру көздердің құрамында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарына тартылған қаражат есебінен ҒЗТҚЖ – 95,2,9%, меншіктік қаражат есебінен – 4,8%. Қаржыландырылды.

Ұйым қызметін талдау ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының басым бағыты ауылшаруашылық ғылым саласындағы зерттеулер болып табылады, оның ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарына ішкі шығындардың жалпы сомасындағы үлес салмағы 74,6%-ды құрады. Инженерлік әзірлемелер мен технология саласында - 11,7%, табиғи ғылым – 3,1% және гуманитарлық ғылым -2,4% алып отыр.

2015 жылы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарымен 574 маман, олардың ішінде 462 адам зерттеуші-мамандар болып табылады. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын орындайтын ғылым докторларының саны – 34 адам, профиль бойынша докторлар – 3 адам, Phd философиясының докторлары – 9 адам, ғылым кандидаттарының саны – 181 адам және магистрлер саны – 103 адам.

Облыста «Моноқалаларды 2012-2020 жылдарға дейінгі дамыту» бағдарламасының шеңберінде Жітіқара қ. индустриалдық аймағына қажетті инфрақұрылым құрылысы басталды. Аймақта шағын және орта бизнестің жаңа жобаларын ғана орналастыру жоспарланып отыр.

Қостанай облысы өңірлік үйлестіру кеңесінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 17 шешімімен Жітіқара қаласының индустриалдық аймағына орналастыру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу қағидлары бекітілді.

Индустриалдық аймақтарды құру кластерлік тәсіл және жалпы өңірлік онімді дамытудың негізінде заманауи инновациялық өндірістің дамуына байланысты бірқатар міндеттерді шешуге сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын ашу есебінен жұмыссыздық деңгейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Облыста 2012 жылдың сәуірінде инновацияны дамыту бойынша қойылған міндеттерді іске асыру үшін инвестицияларды тарту және инновацияны қолдау орталығы «Тобыл» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ (бұдан әрі - Орталық) ашылды.

Орталық ақпараттық-аналитикалық қолдау көрсетеді, инвестицияларды тартады, инновациялық және инвестициялық қызметті жандандыру жолымен облыстың инновациялық инфрақұрылымын дамытуға, индустриалдық-инновациялық дамуына жәрдем көрсетеді, нақты инвестициялық жобаларға, сондай-ақ жаңа технологияларды енгізу бойынша жобаларға талдау жасайды және іске асырады.

2015 жылдың ақпанында «ҚИнЭУ инновациялық орталығы» ЖШС инженерлік-технологиялық бюросының «Технологиялық үдерістерді модельдеу және қолдану» лабораториясының базасында Өңірлік инновациялық орталық ашылды, оның құрамына М. Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті (ҚИнЕУ), «АгромашХолдинг» АҚ, «СарыарқаАвтоПром» ЖШС, «Агротехмаш» ЖШС кіреді.

ӨИО ынтымақтастық үшін ашылды және қазіргі уақытта өңірлік инновациялық орталықтың қызметіне басқа да өнеркәсіп кәсіпорындарын және ЖОО-ын тарту бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

«КИНЭУ» инновациялық орталығы» ЖШС қызметі өндіріс, білім, ғылымның өзара тиімді іс-қимыл жасауына және ЖОО ғылыми-техникалық әлеуетінің өңірдің өнеркәсіптік кәсіпорындарымен бірігуіне ықпал етеді және Қостанай облысы индустриализациялау картасын және ИИДМБ екінші бес жылдығын неғұрлым тиімді іске асыруға жәрдемдеседі.

А. Байтұрсынова атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде патенттік-лицензиялық қызмет табысты дамып отыр. Университетте өнертабыстар мен өнеркәсіптік үлгілерге өтінімдер, негізінде техникалық, аграрлық және ветеринарлық бағыттар бойынша қалыптастырылады.

Новацияны дамыту бойынша жұмыстардың шеңберінде облыста 255 019 «Инновациялық тәжірибені тарату және ендіру бойынша қызметтер» бюджеттік бағдарламасы көзделген.

Қостанай облысының агроөнеркәсіп кешенінде (бұдан әрі - АӨК) инновациялық жобаларды іске асыру бойынша іс-шараларды субсидиялау жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

1. Қостанай облысының жағдайына қолданылатын, АӨК саласында қолданбалы сипаттағы ғылыми жетістіктерді (әзірлемелерді) тарату және ендіру;

2. Қостанай облысының табиғи-климаттық, әлеуметтік-экономикалық және өзге де жағдайларына қолданылатын, АӨК субъектілерінде инновациялық агротехнологияны тарату және ендіру.

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың қатысуымен инновациялық дамуды қолдаудың негізгі тетіктерін түсіндіру мақсатында, оның ішінде «Технологиялық даму бойынша Ұлттық агенттік» АҚ арқылы инновациялық гранттар ұсыну бойынша презентациялар, семинарлар, конференциялар тұрақты негізде өткізіледі, сондай-ақ «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асыру шеңберінде жобаларды іске асыруға, оның ішінде инновациялық құрайтын өңірдің кәсіпкерлеріне қаржылық қолдау көрсетіледі (банк кредиттерін кепілдендіру, кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, гранттар бөлу).

Сонымен бірге мемлекеттік қолдау «ТҮҰА» АҚ (Технологиялық ынтымақтастық жөніндегі Ұлттық агенттік) арқылы гранттар бөлу тәсілімен көрсетіледі.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>1. Инвестицияларды тарту және инновацияны қолдау орталығы «Тобыл» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ (бұдан әрі - Орталық) ашылды; «Технологиялық ынтымақтастық жөніндегі Ұлттық агенттігі» АҚ инновациялық гранттар ұсынылады;</p> <p>2. «Бизнестің жол картасы 2020» бірыңғай бағдарламасын іске асыру шеңберінде</p>	<p>1. Дәстүрлі өнеркәсіп кәсіпорындарының инновациялық технологияларды ендіру кезінде белсенділігінің төмендігі;</p> <p>2. Машина жасау кешені инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы: инфрақұрылымның едәуір бөлігін жоғалту (ғылыми зерттеу институттарын, конструкторлық бюроларды, тәжірибелі-эксперименттер базасын, сынақ және</p>



<p>инновациялық құрайтын өңірдің кәсіпкерлеріне қаржылық қолдау көрсетіледі</p> <p>3. Қостанай инженерлік-экономикалық университетінің базасында қызмет саласына инновацияны дамыту, ғылыми-техникалық әзірлемелерді коммерциализациялау, Қостанай облысының индустриализациялау картасын іске асыруға жәрдемдесу кіретін Консалтинг орталығын ұйымдастыру.</p>	<p>техникалық бақылау орталықтарын);</p> <p>3. Өнімдер өндірісінде құны жоғары қойылған ғылымды қажетсінетін, жоғары технологиялық бұйымдар үлесінің төмендігі;</p> <p>4. Өндірістің тиімділігін арттыруға кедергі келтіретін, жабдықтардың тозуының жоғары деңгейі;</p> <p>5. Бар өндірістік сыйымдылықты толық пайдаланбау;</p> <p>6. Инвестициялық тартымдылықтың төмендігі және кәсіпорындарда айналым құралдарының тұрақты тапшылығы.</p>
<p>Мүмкіндіктер</p> <p>1. Индустриалдық аймақ құру;</p> <p>2. Өңірлік, республикалық және халықаралық іс-шараларға қатысу;</p> <p>3. «Бизнестің жол картасы 2020» бюджеттік бағдарламасының шеңберінде өнеркәсіп кәсіпорындарын жаңартуды жүзеге асыру;</p> <p>4. «Өнімділік -2020» бағдарламасының шеңберінде инновациялық технологияларды ендіру жолымен өнеркәсіптік кәсіпорындарда еңбек өнімділігін арттыру;</p> <p>5. Инвестициялық және инновациялық жобалардың деректер базасын қалыптастыру және тұрақты түрде толықтыру;</p> <p>6. Диалог алаңын ұйымдастыру.</p>	<p>Қауіп</p> <p>1. Өнеркәсіптің шикізаттық бағыты;</p> <p>2. Қайта өңдеу өнеркәсібіндегі жекелеген салалардың бәсекеге қабілеттілігінің жеткіліксіздігі;</p> <p>3. Шикізат бағасының түсіп кетуінің ықтималдығы;</p> <p>4. Жоғары өмір деңгейінің және экспортқа бағытталған жобалардың бағалық саясатының әсері етуі.</p>

### **Инвестиция және инновация саласындағы негізгі проблемалар:**

ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға Кәсіпорын шығындары мен бюджет шығыстарын қысқарту;

кәсіпорындар, облыстың академиялық және сервистік ұйымдары арасындағы байланыстың әлсіздігі;

облыстың инновациялық белсенділігі деңгейінің төмендеуі;

технологияларды коммерциялау мәдениетінің жоқтығы;

инвестиция саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру;

Өңірлік инновациялық жүйенің болмауы.

### **Жергілікті қамтуды дамыту**

Облыс аумағында импорттық аналогтармен бәсекелес бола алатын көптеген өнімдердің шығарады.

Бұл тауарлардың спектрі мемлекеттік органдар ғана емес, ұлттық компаниялар, ірі кәсіпорындар, жер қойнауын пайдаланушылар өткізетін, сатып алу кезінде жергілікті қамтудың негізі болды.

Өңірде сұр тас көмір, темір рудасы, асбест, бокситтер алынады.

Ауыл шаруашылығы өнімі өндіріледі және оны қайта өңдеу бойынша (бидай, ұн, жарма, сүт және ет өнімі, өсімдік майы) кәсіпорындардың тізімі кеңейтіледі.

«АгромашХолдинг», «Агротехмаш», «Дормаш» «Болашақ - А» және басқа да машина жасау кәсіпорындары дестелегіштер, ауылшаруашылық техникасына қосалқы бөлшектер дайындайды, тракторларды, комбайндарды жинайды, маневр тепловоздарын жөндеу.

«Баян Сұлу», «Алтын өмір», «ДЕП», «Милх», «Ирина и К», «Лидер - 2010» тамақ өндірісі және басқа да кәсіпорындарда тамақ өнімдерінің көптеген сұрыптамасы өндіріледі.

Арнайы киім, ұсталық бұйымдар, оттегі сияқты тауарлар, кейбір құрылыс материалдары, баспа және бланктік өнімдер сияқты тауарлар жергілікті жеткізушілерден сатып алынады. Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау объектілері үшін азық-түлік өнімдері негізінде жергілікті жеткізушілерден сатып алынады.

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамтудың мониторингі облыстың жүйе құраушы кәсіпорындары бойынша жүргізіліп отыр: «Дормаш» ЖШС (*ауылшаруашылық және жол техникасының қосалқы бөлшектерін дайындау, тораптары мен агрегаттарын жөндеу*); «СарыркаАвтоПром» ЖШС (*автомобильдер жинау*); «Большевичка» ӨК (*тігін бұйымдарын, арнайы киімдер, халық тұтынатын тауарлар шығару*); «Қостанай-МБИ» ЖШС (*жсинақ темірбетон және бетон құрылымдашылары мен бұйымдарын өндіру*); «Қостанайский мелькомбинат» АҚ (*ұн және макорон өнімдерін өндіру*); «Қарасу Ет» ЖШС (*салқындатылған ет және вакуумдық қаптамадағы жартылай фабрикаттар, сұрыптамалы шұжық өнімдерін өндіру*).

2015 жылдың қорытындылары бойынша мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сатып алу кезіндегі облыс бойынша жергілікті қамтудың көлемі: тауарлар бойынша - 47,3-ды құрады, бұл 2013 жыл деңгейінен 16,5%-ға жоғары (2013ж – 30,8%, 2014ж – 47,3%), жұмыстар бойынша – 51,1% (2013ж – 82,1%, 2014ж – 80,6%), қызметтер бойынша – 63,9% (2013ж - 91%, 2014ж -89,5%).

Тау кен рудасы кешені жер қойнауын пайдаланушыларының тауарлар, жұмыстар мен қызметтерін сатып алу кезіндегі жергілікті қамтудың үлесі 2015 жылдың қорытындылары бойынша 46,8%-ды құрады, бұл 2012 жылдың деңгейінен 13,6%-ға артық (2012ж – 33,2%, 2013ж – 37,6%, 2014ж – 43,1%), оның ішінде тауарлар бойынша – 21,5% (2012ж – 14,2%, 2013ж – 17,2%, 2014ж -18,8%), жұмыстар бойынша – 95,3% (2012ж – 94,3%, 2013ж – 85%, 2014ж – 95%) және қызметтер – 95,6% (2012ж – 95%, 2013ж – 97%, 2014ж – 94,4%).

Облыстың жүйеқұраушы кәсіпорындарының тауарлар, жұмыстар мен қызметтерін сатып алу кезіндегі жергілікті қамтудың үлесі 2015 жылдың қорытындылары бойынша 17,5%-ды құрады, оның ішінде тауарлар бойынша - 0,6%, жұмыстар бойынша - 100% және қызметтер бойынша – 98,7% (2013/2014

жыл қорытындылары бойынша тиісінше 46,4%/14,3%, оның ішінде тауарлар бойынша – 12,6%/0,3%, жұмыстар бойынша - 100%/95,8 және қызметтер бойынша – 87,9%/76,3%).

Қостанай облысында өндірілетін бәсекеге қабілетті тауарларды ішкі нарыққа жылжыту мақсатында кеңестер, дөңгелек үстелдер өткізіліп тұрады. Өңірдің кәсіпорындары өңірлік және республикалық формудар мен көрмелерге қатысады.

Отандық өнімді тарату және қазақстандық қамтуды ұлғайту мақсатында 2015 жылдың 3 ақпанында облыста Премьер-Министрдің орынбасары Б.М. Сапарбаевтың төрағалығымен жергілікті қамту мәселесі бойынша өңірлік кеңес-форум өтті.

2015 жылы 3,6 млрд. теңге сомасына 200 меморандум жасалды, олардың шеңберінде жалпы сомасы 4,6 млрд.теңгеге 914 шартқа қол қойылды.

### **Ағымдағы және әлеуетті проблемалары**

Өнім шығарушы зауыттардың болмауы (кеңсе, шаруашылық тауарлары, тұрмыстық және компьютерлік техника, медициналық жабдықтар, арнайы көлік, сонымен қатар кейбір азық-түлік тауарлары және т.б.) болып табылады. Сондай-ақ, Қазақстанның аумағында шығарылған немесе өндірілген азық-түлік және азық-түлік емес тауарлардың, электр энергиясының, судың және басқа да тауарлық өнімдердің басқа түрлерін жеткізетін жеке жеткізушілер қазіргі уақытта СТ-KZ нысанындағы сертификаттар алған жоқ.

Жеткізушілерде СТ-KZ нысанындағы сертификаттың болса да басқа жағдайларда сертификатта жергілікті қамтудың үлесі 15-20% аспайды. Осығанты байланысты, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуда жергілікті қамтудың үлесі аз.

Сондай-ақ, жергілікті қамтуды есептеудің бірыңғай әдістемесіне сәйкес жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу кезінде жергілікті қамтудың мардымсыз пайызы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсету кезінде және жергілікті қамтуды есептеу кезінде импорттық өндіріс тауарлары (қазақстанда өндірілмейтін құрылыс материалдары, арнайы жабдықтар, ұйымдастыру техникасы және т.б.) пайдаланылатынымен негізделеді, тапсырыс берушілер жергілікті қамту үлесін жеткізушіде СТ-KZ пішіміндегі сертификаты болған жағдайда ғана көресете алады.

Сонымен қатар, кәсіпкерлік субъектісі үшін СТ-KZ сертификатын алу уақытша да, қаржылық та шығындармен байланысып жатыр. Осыған байланысты, сертификат 1 жыл әрекет етеді, кәсіпкер жыл сайын оны алу шығындарын тартады. Негізінен шағын кәсіпкерлік субъектілерінің көрсетілген себептер бойынша (жеткізушілер өз азық түлік тауарларын қайта өңдеуге) сертификат алуға қызығушылықтары жоқ.

### **Даму беталысы:**

1. Әкімдіктер, ұлттық компаниялар, жүйекұраушы кәсіпорындар және жер қойнауын пайдаланушылар арасында жергілікті қамту мәселесі бойынша меморандумдар жасау.

2. Қазақстандық өндірушілер үшін бірыңғай логотипін орналастыру бойынша жұмыстар жүргізу.

3. Жұмыс істеп жатқан шағын және орта кәсіпорындарда шығарылатын өнім желісін кеңейту және ірі кәсіпорындар айналасында тапсырыс беруші мен өндіруші арасында оффтэйк келісімшарттар жасауға жәрдем көрсету тәсілімен іргелес өндірістер құру.

4. «Қазақстандық қамту» порталы арқылы мемлекеттік органдардың, жүйе құраушы кәсіпорындардың және ұлттық компаниялардың тауарларын, жұмыстарын және қызметтерін сатып алуда жергілікті қамтудың үлесіне жүйелі түрде мониторинг жүргізу.

### **Аумақтық құрылыс. Экономикалық өсім орталықтарын дамыту.**

Қостанай облысы аумақтық-кеңістіктік қатынаста халықтың өмір сапасын тұрақты дамыту мен арттыруды қамтамасыз ету мақсатында еліміздің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамдық сызбасының негізгі ережелерін, сондай-ақ жергілікті деңгейде әзірленген құжаттарды ескере отырып, дамитын болады. Осылайша, экономикалық даму қажеттіліктерге жауап беретін және ресурстарды тиімді қолдануды қамтамасыз ететін (инвестициялар, инфрақұрылымдар және жұмыс күші және т.б.) аумақтарды дамыту тәсілімен облысты дамыту жоспарланып отыр.

Негізгі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сүйенсек, мұндай аумақтар («өсім орталығы») облыстың облыс орталығы –Қостанай қаласы, Солтүстік макроөңірдің тірек қалаларының бірі, урбанизация орталығы және моноқалалар: Арқалық (боксит және отқа төзімді саз қазу), Жітіқара (хризотил-асбест рудасын қазу), Лисаковск (тау кен қазу өнеркәсібі) және Рудный (тау-металлургиялық өнеркәсібі).

### **Қостанай қаласы**

Халық саны 231,9 мың адамды құрайды. Қала Қостанай облысының әкімшілік, сауда, индустриалдық және әлеуметтік-мәдени орталығы болып табылады. Ол Тобыл өзенінің сол жағалауындағы қыр дала аймағында орналасқан және 28,4 мың гектарды алып жатыр.

Қваланың бәсекелестік артылықшылығы дамыған инфрақұрылымы, ғылыми қажеттілігі бар, жоғары технологиялық, экспортқа бағытталған өндірісін құру, жоғары білікті мамандардың болуы және Ресей Федерациясымен шектесуі болып табылады.

Қаланың даму перспективасы машина жасаудың, металл өңдеудің, өңдеу өнеркәсібінің дамуымен байланыстырылады. Өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемінде, оның көлемі 90%-ды құрайды. Сонымен қатар әр саладағы ұсақ сұрыпты прокат өндірісінің дамып жатыр. Қостанай қаласында 293 өнеркәсіп кәсіпорны жұмыс істейді, оның ішінде 46 ірі және орта кәсіпорындарға, 247 шағын өнеркәсіп кәсіпорындарына жатқызылады.

Бұдан басқа, Өңдеу өнеркәсібінің құрылымында 35,9% - машина жасау, 1,6% - жеңіл өнеркәсіп, 4,7% - металл емес бұйымдар өндірісі, 3,3% - резина және пластика бұйымдарының өндірісі алып отыр.

### **Моноқалалар**

### **Арқалық қаласы**

Облыстық маңызы бар қала болып табылады, 1956 жылы құрылды, Халық саны 29,7 мың адам. Облыстық орталықтан Арқалық қаласының арақашықтығы - 454 км. Торғай бастауының Ұлытау тауларының солтүстік шатқалында орналасқан қала Торғай өзенінің ағысы бойынша, сондай-ақ Ұлытау қаласының батыс тарамдарынан арал жанындағы Қарақұмға дейін жалғыз елді мекен болып табылады. Бұл Орталық Қазақстан далаларының құрғақ жерлеріне терең бойлаған бекініс болып табылады.

Арқалық Қостанай қаласының Амангелді ауданымен, Ақмола облысының Жаркент қаласымен, Қарағанда облысымен Ұлытау ауданымен шектеседі.

Қаланың бәсекелестік артықшылығы «Солтүстік-Оңтүстік» темір жолының көлік дәлізін ашу орталық, оңтүстік және батыс Қазақстан нарығына шығуға мүмкіндік берді. Жаңа желіні енгізу Арқалық станциясы бойынша жүк айналымын жылына 3 321 млн.тонна-километрге ұлғайтуға, темір рудасын Железрудный станциясынан Қытайға дейін тасымалдаудың арақашықтығын 50 км—ге қысқартуға мүмкіндік берді.

Қаланы дамыту перспективасы тау өнеркәсібінің (боксит және отқа төзімді саз қазу), тамақ өнімдерін шығару және ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеудің дамуымен байланысты. Қалақұрушы кәсіпорын болып «Қазақстан Аллюминий» ТБРУ АҚ және «Алюминстрой» ЖШС болып табылады.

### **Жітіқара қаласы**

Аудандық маңызы бар қала болып табылады, Жітіқара алтын қазбаларының пайда болуымен байланысты қазақ ауылы ретінде 1880 жылы құрылды, оның ашылуынан кейін тау кен ауылы болды. 1939 жылы кент Жітіқара қаласы болып қайта құрылды. Халық саны 35 мың адамды құрайды. Облыстық орталықтан Жітіқара қаласына дейінгі арақашықтық – 217 км. Қала Қостанай облысының оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан, Ресей Федерациясымен көршілес болуының арқасында тиімді экономикалық-географиялық орналасқан.

Жітіқара ауданы солтүстік-шығысында Қостанай облысының Денисов ауданымен және Қамысты ауданымен, батысында – РФ Челябинь облысының Брединский ауданымен, оңтүстік-шығысында – РФ Орынбар облысының Адамовский ауданымен шектеседі.

Өңірдің бәсекелестік артықшылығы дамыған көліктік инфрақұрылымы, индустриалдық аймақ құру кезінде кен қазу кешені үшін ілеспе өндірістері бар даму перспективасы, Ресей Федерациясына жақындығы болып табылады.

Қаланың даму перспективасы Қазақстандағы жалғыз хризотил-асбест рудасын қазу және байыту кәсіпорынының болуымен байланысты. «Қостанай минералдары» қалақұрушы кәсіпорны болып табылады. Жобалық сыйымдылығы жылына 400 мың тонна сұрыпты хризотил-асбестті құрайды,

зерттелген қорлары кәсіпорынның қызметін жуырдағы 70 жыл ағымында қамтамасыз етеді.

Жітіқара қаласының болашақтағы негізгі мамандығы металл рудаларын қазу болады (алтын кен орындары, никель, кобальт, титан, жердің сирек металлдары, талька, известняк, каолин саз, гранит, басқа да құрылыс материалдарын шоғырланған).

#### **Лисаков қаласы**

Облыстық маңызы бар қала болып табылады, 1971 жылы Лисаков тау кен-байыту комбинатының базасында құрылған. Халық саны 40,9 мың адамды құрайды. Облыстық орталықтан Лисаков қаласына дейінгі арақашықтығы -120 км. Лисаков қаласы облыстық орталықтың оңтүстік-батысында Тобыл өзенінің жоғарғы жағында Тобыл станциясы ірі темір жолы торабынан 18 оңтүстігінде және Ресей шекарасынан 70 километрде орналасқан.

Қаланың бәсекелестік артықшылығы жоғары білікті кадрлардың болуы, тау кен-металлургиялық кешеннің дамуы болып табылады.

Қаланың даму перспективасы боксит, темір рудасын қазумен, темір рудасы концентратының өндірісімен байланыстырылады. Көптеген мүмкіндіктері тамақ өнімдері өндірісінің, машина жасаудың артуымен байланысты. «Қазақстан Аллюминий» АҚ Краснооктябрь бокситтік руда басқару («Қазақстан Аллюминий» АҚ құрылымдық бөлімшесі) және «Өркен» ЖШС Лисаков филиалы («АрселорМиттал Темиртау» АҚ құрылымдық бөлімшесі) қала құрушы кәсіпорындар болып табылады.

#### **Рудный қаласы**

Облыстық маңызы бар қала болып табылады, қоры 4 млрд.тоннаны құрайтын, темір рудасы кен орнының ашылуымен байланысты 1957 жылы құрылған. Халық саны 129,6 мың адамды құрайды. Облыстық орталықтан Рудный қаласына дейін арақашықтығы 45 километр. Қостанай қаласынан оңтүстік-батыста Тобыл өзенінің солтүстік жағалауында орналасқан.

Бәсекелестік артықшылығы Қостанай қаласының ықпал ету аймағында орналасуында, тау кен кен кешені үшін ілесп өндірістердің болуында, Қаратамыр су қоймасына жақын орналасуында.

Қаланың даму перспективасы тау кен-металлургиялық өнеркәсіптің дамуымен байланыстырылады. Қалақұрушы кәсіпорны «ССКӨБ» АҚ болып табылады.

Металлургиялық өнеркәсібі «ССКӨБ» АҚ базасында металдан жасалған брикеттер өндіру бойынша жаңа кәсіпорындар салу, сондай-ақ байыту кешені бойынша ДОФ-2, ММО-4 жоғары сапалы концентратының кешені есебінен өз ұстанымын күшейте түседі.

#### **Ауылдық аймақтарды дамыту**

Ауыл тұрғындарының тіршілігін қамтамасыз ету үшін, ауылдық елді мекендердің ұлттық стандарттарға сәйкес ауыл тұрғындары өмірінің сапасы білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт, сапалы ауыз сумен, автомобиль жолдарымен, электрмен, байланыс қызметтерімен, телевидениемен, Интернет

желісімен қамтамасыз етілген, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым объектілерімен нормативтік қамтамасыз етуге қол жеткізу қажет.

Ауылдың орташа өмір жағдайын жасау үшін ауыл тұрғындарын әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар іске асырылуда.

#### **Ауыл тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету.**

Облыста 2016 жылғы 1 қаңтарда 590 ауылдық елді мекеннің 70 АЕМ-де ауыз сумен жабдықтаудың сыртқы көзі, 518 АЕМ-де жерастылық, 1 АЕМ-де жерастылық және сыртқы көздері бар.

Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету:

- орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету жүйесінен 169 АЕМ немесе АЕМ жалпы санынан 28,%-ы;

- сумен қамтамасыз етудің орталықтандырылмаған жүйесінен 378 АЕМ немесе 64,2%-ы;

- басқа жақтан келтірілген сумен 42 АЕМ-де немесе 7,2%.

Сумен жабдықтау проблемасын шешу үшін облыста жыл сайын мемлекеттік бюджеттен су объектілерінің құрылысы мен қайта жаңғыртуға қаражат бөлінеді.

#### **Газбен жабдықтау**

2016 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 63 ауылдық елді мекен, оның ішінде: 4 қала, 1 кент (Горняцкий) және 58 аудандардың ауылдық елді мекені: Алтынсарин, Денисов, Жітіқара, Қамысты, Қарабалық, Қостанай, Таран аудандары табиғи газбен қамтамасыз етілген. Газбен жабдықтау 2013-2015 жылдары кезеңінде 1,2%-ға жақсарды және немесе тағы 5 АЕМ қосылды.

Табиғи газбен Қостанай, Рудный, Лисаков қалаларының, Перцев а., Октябрьский к. тұрғындары, Қостанай ауданының 16 ауылы, Алтынсарин ауданының 5 ауылы және Жітіқара ауданының 3 ауылының тұрғындары қамтамасыз етілген. Ауылдардың көбісі газдандырылмаған және сұйытылған газды пайдаланады.

2015 жылы облыста «Рудный қ.-Қашар к.-Федоров с.» магистралдық газ құбырының құрылысы жүргізілуі жалғастырып жатыр, бұл әрі қарай Федоров ауданының елді мекендерін газдандыруға мүмкіндік береді.

#### **Ауыл балаларын мектептермен қамтамасыз ету**

Жалпы білім беретін мектепсіз ауылдық елді мекендердің саны 170 АЕМ құрады, оның ішінде: 51-да – мектеп жасындағы балалар жоқ, 34-і – жақын жатқан мектепке дейін 3 км қашықтықта орналасқан (оған орта және жоғары сыныптардың балалары өз беттерімен барады).

Жақын маңдағы мектептерге 3 км астам жерде орналасқан елді мекендерде тұратын 717 оқушылар үшін 29 интернатта өмір сүру ұйымдастырылған, туыстардың пәтерлерінде 54 бала.

#### **Денсаулық сақтау**

2016 жылдың 1 қаңтарына облыстың 471 ауылдық елді мекендердің аймағында 474 медициналық ұйым жұмыс істейді, оның ішінде: 15 орталық аудандық аурухана, 2 мамандандырылған аудандық аурухана, 2 ауыл аурухана,

41 дәрігерлік амбулатория, 75 фельдшер-акушерлік мекен және 339 медициналық мекен.

119 ауылдық елді мекенде денсаулық объектілер жоқ, олардың ішінде: тұрғындарының саны 50 адамнан аспайтын 53 село, жақын маңдағы медициналық мекемеге дейін арақашықтық 5 км аспайтын, тұрғындарының саны 47 АЕМ-де медициналық мекеме қажет емес.

### **Мәдениет және спорт**

390 ауылдық елді мекендердің аймағында 674 мәдени объект бар (оның ішінде 289 клуб (281 жұмыс істейтін), 380 кітапхана, 5 мұражай.

350 ауылдық елді мекендердің аймағында келесі спорттық объектілер бар: 15 ДЮСШ, 25 стадион, 21 жабылған спорттық кешен, 470 спорттық зал, оның ішінде 372 жалпы білім беретін мекемелерінде, 5 бассейн, 13 шаңғы база.

Ауылдық аумақты дамытудың жалпы проблемаларымен бірге ауылдық елді мекендер тұрғындарының неғұрлым жоғары тіршілік деңгейін қамтамасыз ету үшін тірек және шекара бойындағы АЕМ-ді кешенді дамыту қажет.

Саланың дамыту SWOT-талдауы:

<p><b>Күшті жақтары (S):</b></p> <p>1. Ауыл шаруашылығын дамыту үшін қолайлы топырақтық-ауа-райылық жағдайлар;</p> <p>2. Іргелес аумақтармен сауда мен іскер қатынастарды жетектеу мүмкіндік беретін географиялық жайғастыруы.</p>	<p><b>Әлсіз жақтары (W):</b></p> <p>1. Әлеуметтік инфрақұрылым объектілердің жүйесін дамытудың жеткіліксіз деңгейі;</p> <p>2. Адам басына шаққанда кірістердің аймақтық әркелкі таралуы;</p> <p>3. Білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт қызметтеріне әркелкі қолжетімділігі кісілік потенциалдың деңгейін елді мекендерде төмендетеді.</p>
<p><b>Мүмкіндіктері (O):</b></p> <p>1. Демеу және басқа елді мекендердің потенциалын дамыту;</p> <p>2. Туристік саланы және шекара бойындағы сауданы дамыту;</p>	<p><b>Қауіп-қатерлері (T):</b></p> <p>1. Халық санын төмендету.</p>

Облыстың ауылдық және шекара бойындағы аудандары үшін мынадай негізгі проблемалар мен тәуекелділіктер:

Халық санының қысқаруының беталысы (көші-қон кету, теріс табиғи өсім, халықтың қартаюы).

Өңірлер экономикасының қалақұрушы кәсіпорындарына тәуелді болуы. Ауылшаруашылық өндірісі тауарларының ұсақтығы.

Әлеуметтік, көлік инфрақұрылымының, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің тозуы, базалық әлеуметтік қызметтерге қол жеткізу проблемасы, кеңжолақты интернет желісіне қолжетімділіктің шектелгендігі.

Демографиялық және көші-қон салдарынан оқушылар контингентінің қысқаруы.

Шалғайда орналасқан елді мекендердің тұрақты қатынаспен қамтылмауы.

Білікті кадрлардың жеткіліксіздігі;

Сауда және тұрмыстық қызмет көрсету жүйесінің жеткіліксіздігі.



## **2.1.2. Әлеуметтік саласы**

### **Білім беру**

Білім беру саласында компьютерлермен, жаңа үлгідегі кабинеттермен және кең жолақты Интернетпен жарактандыру негізінде мектептердің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі деңгейлерін арттырудың тұрақты қарқыны байқалып отыр, бұл қызмет алушыларының сапалы білімге қол жеткізуін арттырады.

Техникалық және кәсіби білім беретін объектілердің қатары және оларда білім алушылар санының ұлғаюы облыс экономикасының әр саласын білікті кадрлармен қамтамасыз етуді арттырады. Кәсіптік лицейлер мен колледждер жұмыспен қамтамасыз етілген түлектері санының өсуі өңірдегі жұмыссыздық деңгейін төмендетуге көмектеседі.

Облыста балаларды мектепке дейінгі тәрбие беру және оқытумен қамтуды өсірудің тұрақты қарқыны байқалуда. Облыста мектептерді мақсатты ағымдағы және күрделі жөндеу, жаңарту, осы заманғы нормаларға сай мемлекеттік тілде оқыту үшін жағдай жасалған жаңа мектептер салынуда.

### **Мектепке дейінгі білім беру**

Облыста мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жалпы саны (бұдан әрі – МДБҰ) 2016 жылдың 1 қаңтарына 628 бірлікті құрап (шағын орталықтардың жабылуы есебінен), 2012-2015 жылдары 4 бірлікке қысқарды.

Облыста бала бақшаға баратын балалардың жалпы саны 2012-2014 жылдары 2789 балаға ұлғайып, 2016 жылдың 1 шілдесіне 22 398 адам құрады.

0 ден 7 жасқа дейінгі балалардың саны 73 186, оның ішінде ауылдарда – 35 334 бала құрайды. Облыста 175 балабақша, 453 шағын орталық бар, балаларды мектепке дейін тәрбиелеумен және оқытумен қамту 2012 жылмен салыстырғанда 0,8%-ға төмендеді.

31 балабақшада тәрбиелеу және оқыту қазақ тілінде жүреді, олардың 15,7%-ын (3391) 1-ден 6 жасқа дейінгі қазақ балалары қамтиды.

2016 жылдың 1 шілдесіне облыс бойынша 175 ББ-да және 453 шағын орталықта 35259 бала, оның ішінде бала бақшаларда – 22 398, шағын орталықтарда – 12 861 бала тәрбиеленуде. Мектепке дейінгі біліммен 35,2 мың бала қамтылды немесе 90,9% (*республика бойынша – 53,8%*). Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-аналарға арналған 92 кеңестік пункт қызмет етеді.

2015 жылдың 31 желтоқсанына бала бақшаға бару үшін кезекте тұрған балалардың саны 23 336 адамды құрайды. Бала бақшаға бару үшін кезекте тұрған балалардың үлкен саны Қостанай қаласында – 9952 бала, Рудныйда – 5086 бала, Арқалықта – 2313 бала, Лисаковта – 1388 бала, Қостанай ауданында – 1383 бала байқалады.

Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2012-2015 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын іске асыру шеңберінде облыста 39 бала бақша ашылды.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту саласында облыста балаларды мектепке дейін тәрбиелеумен және оқытумен қамту деңгейімен, МДБҰ-ның қызметкерлермен қамтамасыз етілуі деңгейінің ұлғаюымен көрініп отырған оң

серпін байқалып отыр. Сол сияқты, қалалық жерлерде МДБҰ-ның жетіспеушілігі, топтардың көбеюі және мұғалімдер мен тәрбиешілерге түсетін өте ауыр жүктеме бұл облыстағы өңірдің басты проблемалары болып табылады. Сонымен қатар, өңірде қызмет көрсетудің сапасына жүзу бассейндері, спорт және музыка залдары сияқты осы заманғы мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту қызметтерінің ажырамас атрибуттарымен МДБҰ-ны жеткіліксіз қамтамасыз ету сияқты шектеуші факторлар әсерін тигізеді.

Саланың дамыту жағдайын SWOT-талдауы:

<p>Күшті жақтары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Облыс бойынша МДБҰ желісін кеңейту;</li> <li>2.Мемлекеттік-жеке әріптестіктің шеңберінде МДБҰ орындарын кеңейту</li> </ol>	<p>Әлсіз жақтары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Облыстың қалаларында МДБҰ-ның жеткіліксіз желісі;</li> <li>2.Бала бақшаға бару үшін кезекте тұрған балалардың үлкен санының қалаларда (Қостанай, Рудный, Арқалық және Лисаковск) және ірі елді мекендерде (Қостанай және Әуликөл аудандарында) сақталуы;</li> <li>3.МДБҰ ақпараттандырылуының әлсіз дамығандығы; МДБҰ материалдық-техникалық базасының ҚР Білім және ғылым министрлігі бұйрығымен бекітілген нормативтеріне толық көлемде сәйкес келмеуі.</li> </ol>
<p>Мүмкіндіктері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Мектепке дейінгі жастағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқумен қамтуды 100%-ға дейін жеткізу мақсатында осы заманғы МДБҰ құрылысын бюджеттік қаржыландыруды қамтамасыз ету және жеке қаржыландыруды ынталандыру;</li> <li>2.МДБҰ материалдық-техникалық базасын нығайту саласында мемлекеттік-жеке әріптестікті дамыту (ғимараттарды күрделі жөндеу, оқу орындарын арнайы жабдықтармен және мүліктермен жарақтандыру);</li> <li>3.Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласында, оның ішінде жұмыс істеу және тұру үшін қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету мақсатымен жас мамандарды тарту және оларды қолдау шараларының жүйесін әзірлеу;</li> <li>4.Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту қызметтерін ұсынатын мекемелерге қойылатын талаптарды қанағаттандыратын үкіметтік емес коммерциялық ұйымдармен (бұдан әрі – ҰКҰ) институтционалдық әріптестікті дамыту.</li> </ol>	<p>Қауіп-қатерлері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Аймақтар бойынша балалардың мектепке дейінгі біліммен қамтуының әркелкілігі;</li> <li>2.Өз кезегінде мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту саласында қосымша (инновациялық) қызметтерді ұсынатын БМДБҰ халықтың таңдауын шектейтін қолданыстағы жеке МДБҰ санын қысқартуды бір қалыпта ұстайтын өңірлік жеке сектордың және ҰКҰ өкілдерінің төмен әлеуеті (қаржы ресурстарының, жұмыс өтілінің, педагогикалық құрам қызметіне тарту және уәждеменің тиімді сұлбаларының жетіспеушілігі);</li> <li>3.Облыстық және жергілікті бюджеттерден бөлінетін қаражаттардың шектілігі облыстағы МДБҰ нашар материалдық-техникалық базаны негіздейді, атап айтқанда МДБҰ қатарында спорт залдарының, жүзу бассейндерінің, музыка залдарының жоқтығы балалар денсаулығын нығайту және сол балалардың арасында салауатты өмір салты насихаттау мүмкіндігін төмендетеді.</li> </ol>

5. Жеке сектормен инвестициялық әріптестікті дамыту: «әлеуметтік жүктемесі» бар, яғни балабақша, емхана сияқты т.б. әлеуметтік бағдарланған объектіні жобада қарастыру міндеттемелерімен коммерциялық ғимараттардың немесе тұрғын үй кварталдарының құрылысына қалалық қордан жер учаскелерін бөлу нұсқауын пайдалану;

6. Тиісті қызмет өтілі бар жеке мекемелерден немесе коммерциялық емес ұйымдардан (әлеуметтік тапсырыс), болмаса біліктілік әлеуетін растаған үкіметтік емес ұйымдардан (бұдан әрі – ҮЕҰ) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту қызметтерін сатып алуға мемлекеттік тапсырысты ұлғайту;

7. Соңғы ыңғайлы жағдайларда жұмыстың және өңірдің ерекшеліктеріне бағдарланған арнайы бағдарламаны әзірлеу негізінде тұрудың нақты қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласына білікті мамандарды тарту жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру.

### **Негізгі проблемалар**

Облыстың МББҰ орындардың тапшылық проблемасы.

### **Орта білім**

Облыста күндізгі жалпы білім беру мектептерінің жалпы саны 2012-2015 жылдары 32 бірлікке қысқартылып, 2016 жылдың 1 қаңтарында 536 бірлікті құрады.

Облыс бойынша мектептер саны қысқаруының негізгі себебі болашағы жоқ ауылдық елді мекендердегі бастауыш мектептердің жабылуы және мектептер желісінің мемлекеттік кепілдендірілген нормативке сәйкес келмеуі болып табылады. Сонымен қатар, мектептерді жабу себептері тұрғындардың ауылдық өңірлерден қалаларға қоныс аударуы сияқты факторлар, сол сияқты, тұрғындардың өсіп-өну деңгейінің төмендеуі болды.

Облыста 2012-2015 жылдардағы мектептердің қысқаруымен қатар, 2014-2015 оқу жылының басында оқушылардың саны 100502 адам құрай отырып, 301 адамға қысқарды.

Академиялық дарынды балаларды оқытуды ұйымдастыру үшін облыста «Қостанай дарыны» ғылыми-тәжірибелік орталығымен және білім беруде жаңа технологиялардың өңірлік орталығымен тығыз байланыста жұмыс істейтін дарынды балаларға арналған 8 гимназия, 8 мектеп-гимназия, 1 физикалық-математикалық лицей, 4 мектеп-лицей және 3 мектеп-интернат жұмыс істейді. Бірлескен жұмыстың нәтижесі білімді сырттай бақылау қорытындылары бойынша жоғары нәтижелер болып табылады.

2015 жылдың ҰБТ-не 2676 бітіруші немесе 60,86% (2014 жылы-2828 немесе 60,02%) қатысты. ҰБТ-ң орташа балл 78,79 бірлікті құрады, бұл 2014 жылдың ұқсан кезеңнен 1,15 төмен (79,94, 2013 жылдан 3,35-ке жоғары-75,44, ҚР 79,44) республика көрсеткіштен 0,65-тен төмен. Білім сапасы 41,67% құрады (2014 жылы-41,06%), білім сапасының өсу оң қарқыны 0,61%-ға байқалады.

2015 жылдың қорытындылары бойынша облыста 9,1% (400) түлек 100 және одан да көп балл алды. Сондай-ақ, облыста 128 түлек ҰБТ-ны барлық пәндер бойынша «5» деген бағаға тапсырды, оның ішінде 41 түлек «Алтын белгі» аттестатын және 27-і – үздік аттестат алды.

2016 жылдың 1 қаңтарында облыстың жалпы орта білім беру мектептерінде 14539 педагог қызмет атқарады. Білімі жоғары педагогтардың жалпы қатарынан – 12339 (85,0%), арнайы орташа білім барлар – 2196 (15,10%), орта білім барлар – 4 (0,02%). Жоғары және бірінші санаттағы оқытушылардың саны – 6229 (42,84%). 2015 жылдың 1 қыркүйегінде облыс мектептеріне 593 жас маман (2014 жылы – 598 адам) келді.

Облыста мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамту мақсатында оқушылардың контингентін сақтау және есепке алу жөнінде жұмыс жүргізілуде. Басты назар негізгі орта білім беру орындар түлектерінің одан әрі тиісті білім алуын жалғастыруына аударылуда.

Мектепте ыстық тамақты ұйымдастыру маңызды сауықтыру іс-шара болып табылады. 2012 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңде облыста оқушыларды ыстық тамақпен қамту 0,6%-ға ұлғайды (2012-2013 жж.-89,1%, 2013-2014 жж.-89,5%, 2014-2015 жж.-90,3%, 2015-2016 о.ж. -89,7%).

Облыста оқушыларды тегін тамақтандыруды ұйымдастыру жөнінде белгілі жұмыс жүріп жатыр. Облыс мектептерінде тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балалар 100% тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.

Облыста барлық мұқтаж оқушыларды 100% тасымалдау ұйымдастырылған. Балаларды тасымалдау үшін ыңғайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау үшін облыста автокөлік құралдары паркін жаңарту бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

2012 жылы аудандық бюджет қаражаты есебінен балаларды тасымалдауды ұйымдастыру үшін 5 бірлік көлік (4 шағын автобус: Әуликөл ауданы – 2 бірлік, Алтынсарин ауданы – 1 бірлік, Ұзынкөл ауданы – 1 бірлік) сатып алынды.

2013 жылы Ұзынкөл ауданында 4 млн 690 мың теңге сомасына 1 бірлік автобус сатып алынды.

2014 жылы облыстық бюджеттен 32 млн. теңге сомасына 4 автобус сатып алынды Қарабалық ауданында және 3 шағын автобус: 2- облыстық бюджеттен 10 млн. теңге Қарабалық ауданында, 1-жергілікті бюджеттен 3 млн. теңге сомасына Таран ауданында.

Облыс бойынша апаттық мектептер мен үш ауысыммен оқитын мектептер жоқ. 2012 жылдан 2015 жылға дейін облыста 5 мектеп салынып, қайта жаңартылды.

### Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:

<p><b>Күшті жақтары:</b></p> <p>1.апаттық жағдайда тұрған және 3 ауысымдық мектептердің жоқтығы;</p> <p>2.қосымша мектептердің құрылысы есебінен оқу орындарының тапшылығын жою;</p> <p>3.жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестатын алуға үміткерлер-түлектер санының өсуі және екінші жылға қалатын оқушылар санының төмендеуі;</p> <p>4.Интернет желісіне мектептердің 100%-ы қосылды.</p> <p>5.тұрмысы төмен отбасылардан шыққан оқушылардың 100% ақысыз ыстық тамақпен қамтылды.</p>	<p><b>Әлсіз жақтары:</b></p> <p>1.халықтың көшуі есебінен педогоикалық кадрлардың перманентті жетіспеушілігі (әсіресе математика, физика, информатика, химия, ағылшын тілі мұғалімдері);</p> <p>2.экономикалық трансформация кезінде – 80-жылдардың соңынан 2001 жылға дейін бала туудың азаюына және халықтың көшіп-қонуына байланысты мектеп оқушыларының саны қысқаруда;</p> <p>3.мектептердің жеткіліксіз материалдық-техникалық қамтамасыз етілу деңгейі; ауылдық елді мекендерде ыңғайластырылған жайларда орналасқан мектептердің болуы.</p>
<p><b>Мүмкіндіктері:</b></p> <p>1.бюджеттік қаржыландыруды қамтамасыз ету және орта білім объектілерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға байланысты шығындарды қаржыландыруға жеке сектордың қатысуын ынталандыру;</p> <p>2.ыңғайластырылған жайда мектептердің орналасу тәжірибесін жою мақсатымен орта білім берудің осы замандық объектілерін салу саласында мемлекеттік-жеке әріптестікті дамыту;</p> <p>3.жас педагогикалық кадрлардың өз істерін беріліп істеуіне және елді мекенге, оның ішінде ауылдық жерге сіңісіп кетуін ынталандыратын шаралар жүйесін әзірлеу.</p>	<p><b>Қауіп-қатерлері:</b></p> <p>1.тұрғындардың жақсы еңбекақы және тұру жағдайларына тырысуы жоғары біліктілігі мен балалармен жұмыс істеу тәжірибесі бар педагогикалық кадрлардың білім беру жүйесінен жүйелі түрде кетуіне апарып соғады, бұл орта білімнің сапасын төмендетеді;</p> <p>2.осы заманғы жаңа үлгідегі мектептердің құрылысына арналған шығындардың жеткіліксіз қаржыландырылуы ауылдық елді мекендерде ыңғайластырылған жайларда орналасқан мектептер үлесін сақтауды негіздейді.</p>

#### **Ағымдағы және әлеуетті проблемалар:**

Мектептер жүйелердің мемлекеттік кепілдік мөлшеріне сәйкессіздігі.

#### **Даму беталысы:**

ыңғайластырылған ғимараттарда орналасқан білім беру ұйымдарының орнына, сондай-ақ нақты қажеттілікті қанағаттандыруды, оның ішінде қазақ тілінде оқытатын мектептерді ескере отырып, білім беру объектілерінің құрылысын бюджеттік қаржыландыруды қамтамасыз ету және жеке қаржыландыруды ынталандыру;

алыс ауылдық-елді мекендерде тұратын оқушылардың тұруы үшін кәсіби мектептердің; мектептердің жанындағы ресурстық орталықтардың құрылысын кеңейту;

мектептерді, мектептердің жанындағы интернаттарды күрделі жөндеуден өткізуге және қайта жаңғыртуға байланысты шығыстарды қаржыландыруды кеңейту;

12 жылдық оқытуға толыққанды көшуді қамтамасыз ету мақсатында және оқудың жаңа формаларын дамыту үшін білім беру ұйымдарының материалдық-

техникалық базасын нығайтуға (физика, химия, биология, информатика пәндері бойынша лабораториялық кабинеттер, басқа да компьютерлік техника, интерактивтік тақта сатып алу, кітапханалық қорды толықтыру мен жаңарту, мультимедиялық кабинеттер сатып алу; кең жолақты Интернет желісіне қосылу, интерактивтік тақта, спорттық бұйымдар сатып алу) шығыстарды бюджеттік қаржыландыруды қамтамасыз ету және жеке қаржыландыруды ынталандыру;

ағылшын тілі, математика, физика, химия, биология және информатика пәндері мұғалімдерінің перманентті жетіспеушілігін, оның ішінде ауылдық жерлерде жетіспеуін болдырмауға бағытталған іс-шаралардың өңірлік жоспарын әзірлеу жөнінде жұмыс тобын қалыптастыру.

### **Білім берудің арнайы түзету ұйымдары**

Облыста 7 арнайы түзету ұйымдары, оның ішінде 3 мектеп және 4 мектеп-интернат тұрақты жұмыс істейді.

Мектептердің және мектеп-интернаттардың материалдық базалары барлығы сенсорлық бөлмелермен, осы заманғы есту құрал-жабдықтарымен, ішінара интерактивтік тақталармен және т.б. жабдықталған.

2012 жылмен салыстырғанда жалпы білім беретін мектептердің жанында арнайы сыныптардың саны 22%-ға төмендеді (2012-234 арнайы сынып, оның ішінде-1575 оқушы, 2013-227 арнайы сынып, оның ішінде-1528 оқушы, 2014-205 арнайы сынып, оның ішінде-1432 оқушы, 2015ж.-182 арнайы сынып, оның ішінде 1301 оқушы бар).

2014-2016 оқу жылдары 270 балаға (2012ж.-301, 2013ж.-219, 2014ж.-219, 2015ж.-270) үйде жеке тегін оқыту ұйымдастырылды.

2015 жылы қалалар мен аудандардың жалпы білім беру сыныптарында 4236 бала ықпалдастырылған (2012- 5200, 2013 – 4832, 2014 - 5023), 106 логопед пунктінің жанында (2012- 106, 2013 -109, 2014 - 95) 2690 бала (2012 – 2650, 2013- 2256, 2014 - 2325), 11 психолог-педагогикалық түзету кабинетінде - 627 бала түзету қолдауын алуда (2012 -734, 2013 – 705, 2014- 664).

Мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау және мүгедектерді оңалту бағыттарын қолдаудың перспективалық бағыттарының бірі оларды жұмысқа орналастыру болып табылады.

2012-2015 жылдары 7 білім берудің арнайы ұйымдардан 9 сыныптағы 5324 түлек оқуын бітірді обучение (2012 – 138, 2013- 153, 2014- 115, 2015 – 126), оның ішінде 80 мүгедек-бала медициналық көрсеткіштеріне байланысты оқуды жалғастырып алмады (2012 – 25, 2013 – 25, 2014 - 10, 2015 - 20), қалғандары 452 түлек мемлекеттік тапсырыстың негізінде кәсіби колледждерге түсті.

### **Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:**

<p><b>Күшті жақтары:</b></p> <p>1.барлық интернаттық ұйымдар СанЕН осы заманғы талаптарға сәйкес келтірілген;</p> <p>2. мектептерде логопедиялық пункттердің саны өсіп жатыр, бұл балалардың, әсіресе бастауыш</p>	<p><b>Әлсіз жақтары:</b></p> <p>1.жалпы білім беретін мектептерде мемлекеттік тілде оқытатын түзету сыныптарының желісі жеткіліксіз дамыған;</p> <p>2.5 ауданда (Алтынсарин, Жангелдин, Қамысты,</p>
--	--

<p>мектеп жасындағы балалардың тіл кемістігінің түзетілуінде оң нәтижелер көрсетіп отыр; 3.білім берудің түзету ұйымдары осы заманғы жабдықтармен жабдықталуда, бұл дамуында мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуды тиімді ұйымдастыруға көмектеседі; 4.дамуында мүмкіндіктері шектеулі балаларға ППТК-да түзету көмектерін алу мүмкіндіктері ұсынылған.</p>	<p>Қарасу және Таран) ППТК ашылмаған.</p>
<p><b>Мүмкіндіктері:</b> 1.мектептерді арнайы мамандармен, оның ішінде мемлекеттік тілде оқытуды қамтамасыз ету үшін түзету сыныптарын, ППТК ашуға, аудандар, қалалар әкімдерінің гранттары бойынша педгогикалық кадрлар даярлауға бюджеттік қаржыландыруды қамтамасыз ету;</p>	<p><b>Қауіп-қатерлері:</b> 1.педагогикалық кадрлардың тапшылығы (дефектологтар, сурдологтар, тифлопедагогтар, олигофренопедагогтар); 2.инклюзивтік жағдайларда балаларды оқыту үшін педагогтардың біліктілігін жеткілікті жоғарылатпау; 3.арнайы түзету ұйымдарының оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен (бұдан әрі – ОӘК) жеткілікті қамтамасыз етілмеуі.</p>

### **Ағымдағы және әлеуетті проблемалар:**

Облыстың 5 аудандарында қазақ тілде оқытатын түзету сыныптардың жоқтылығы.

Педагогикалық кадрлардың тапшылығы

### **Даму беталысы:**

мектептерді арнайы мамандармен қамтамасыз ету үшін түзету сыныптарын, ППТК ашуға, педгогикалық кадрлар даярлауға бюджеттік қаржыландыруды қамтамасыз ету;

білім берудің түзету ұйымдарын ОӘК мен оқулықтармен қамтамасыз ету;

білім берудің түзету ұйымдарын интерактивті тақталармен толық қамтамасыз ету үшін бюджеттік қаржыландыруды қамтамасыз ету;

ППТК мен ПМПК қажетті жабдықтармен аяғына дейін жабдықтау үшін бюджеттік қаржыландыруды қамтамасыз ету.

### **Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жүйесі**

2016 жылдың 1 қаңтарында облыста 2796 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тұрады, оның ішінде 1671 бала қамқорға алынды және асырап алынды, 137 бала – қазақстан азаматтары жанұяларының қамқорлық тәрбиесінде, 988 бала 16 білім беру, денсаулық сақтау және тұрғындарды әлеуметтік қорғау жүйелерінің мемлекеттік мекемелерінде тәрбиеленуде, 108 деңсаулық сақтау жүйесінің үш балалар үйінде, 68 әлеуметтік қорғау жүйесінің психоневрологиялық интернат-үйінде, 812 білім жүйесінің 12 ұйымында.

Отбасылық құрылымның баламалы нысандарын насихаттау жөніндегі шаралардың жүйелік сипаттамасы осы үлгідегі ұйымдар санының қысқарумен және тәрбиеленушілер санының түсуімен дәлелденіп отыр (2012-2014 жылдары жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға

арналған білім жүйелері білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің саны 1109-дан 812 балаға дейін қысқарды).

Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар және жетім балаларға арналған балалар үйлері мен мектеп-интернаттар әкімшіліктері қазақстан азаматтарының қонақ отбасыларына (балаларды асырап алатын отбасылар) балаларды беру жөніндегі шараларды іске асырады.

2015 жылы отбасылық құрылымның баламалы нысандарымен 129 (2012-129, 2013-144, 2014-155, 2015-316) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған тәрбиеленушілер қамтылған.

Тұрғын үйге жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқығын іске асыру үшін 2012 -2015 жылдар аралығында (2012-18, 2013-137, 2014-32, 2015-70) көрсетілген санаттағы азаматтар мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

2015 жылы 70 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала тұрғын үй алды.

#### Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:

<p><b>Күшті жақтары:</b></p> <p>1. құрылымның отбасылық нысандарымен қамтылған ата-анасының қарауынсыз қалған балалар мен жетім-балалардың саны ұлғаюда;</p> <p>2. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың анықталу жағдайы көбейді.</p>	<p><b>Әлсіз жақтары:</b></p> <p>1. қамқорлыққа алу немесе асырап алу органдары мамандарының жиі ауысуы;</p> <p>2. кәмелетке толмағандарға қатысты ата-аналар құқығынан айырылғандар ата-аналардың жауапкершілігі (материалды немесе басқа да) шаралары, алимент төлету тетігі реттелмеген.</p>
<p><b>Мүмкіндіктері:</b></p> <p>1. отбасы құрылымының баламалы формалары мен отбасы құндылықтарын насихаттау.</p> <p>2. қамқорлыққа алу немесе асырап алу органдары мамандарының ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың және жетім-балалардың құрылымын деинституционалдандыру стратегиясын іске асыру жөніндегі курстардан өтуін қамтамасыз ету;</p>	<p><b>Қауіп-қатерлер:</b></p> <p>1. мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын органдардың штат санын оңтайландыру шеңберінде қамқорға алу және асырап алу ұйымдары мамандарының қысқаруы</p>

#### Ағымдағы және әлеуетті проблемалар:

қамқорлыққа алу немесе асырап алу органдары мамандарының жиі ауысуы;

кәмелетке толмағандарға қатысты ата-аналар құқығынан айырылғандар ата-аналардың жауапкершілігі (материалды немесе басқа да) шаралары, алимент төлету тетігі реттелмеген;

#### Техникалық және кәсіби білім (ТЖКБ)



2016 жылдың 1 қаңтарында облыста 41 техникалық және кәсіби білім оқу орындары қызмет етеді, оның ішінде 32 мемлекеттік, 9 мемлекеттік емес. Соңғы үш жыл ішінде колледждердің контингенті сәл ғана өзгерді (2012-2013 оқу жылдары – 29 мың, 2013-2014 оқу жылдары – 27 мың, 2014-2015 оқу жылдары – 25 мың, 2015-2016 оқы жылдары -23 мың).

166 сыныптама бойынша мамандарды даярлау жүргізіліп отыр. Техникалық және кәсіби білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім тапсырысын арттыру жөнінде жұмыстар жүргіліп жатыр. 2015-2016 оқу жылдарына 5811 адам көлемінде мемтапсырыс бекітілді. Облыста апаттық ғимараттарда орналасқан оқу мекемелері жоқ. Оқу корпустарын ағымдағы және күрделі жөндеуден өтті. 2013 жылы соңғы жылдардың ішінде алғашқы рет Сарыкөл агробизнес және құқық колледжі оқу корпусын күрделі жөндеу аяқталады. Жұмыспен қамту 2020 жол картасының 1-ші бағыты шеңберінде Тобыл кәсіптік-техникалық колледж ғимаратының күрделі жөндеуі қарастырылған.

2016 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 27 жатақхана жұмыс істейді, олардан 24-і мемлекеттік болып табылады. Жатақханаларда орындардың жалпы саны 3963-ке дейін жеткізілді.

2012-2015 жылдары бойынша оқу мекемелері желілерінің серпіні 2012 жылғы 48-ден 41-ке осы жылға дейін өзгеріп отыр. 2013 жылдың қаңтарынан бастап облыстың 15 кәсіби лицейлері колледждерге ауыстырылды, осылайша білім мекемелерінің мәртебесі артты. Білім ұйымдары кәсіби кадрларды даярлау жүйесіне жаңа тәсілдерін енгізуге ұмтылуда.

2012 жылдан бастап оқу мекемелерінде оқудың дуалдық жүйе элементтері енгізіліп жатыр, оның шеңберінде оқу процессінің 70%-ы өндірісте өткізіледі. Әуликөл аудандағы ауыл шаруашылығы колледж негізінде екі мамандық бойынша дуальдік оқуының Қазақстандық-неміс жобасы іске асыруда. 2015 жылдың аяғына дейін осы жобаға тағы 4 колледж 4 мамандық бойынша қосылады.

Таяу және қиыр шетелдермен халықаралық ынтымақтастық дамуда: Германия (Қостанай ауыл шаруашылығы колледжі), Франция (Қостанай политехникалық колледжі), Сингапур (Қостанай автомобильді көлік колледжі).

Білікті жұмыс кадрларын даярлау мәселелерінде ТжКБ ұйымдары мемлекеттік және жеке құрылымдармен жұмыс жасайды. Әлеуметтік әріптестік мынадай бағыттар бойынша іске асырылады: білікті мамандар даярлаудағы қажеттілікті болжау, арнайы пәндер бойынша жұмыстық оқу бағдарламаларын бірігіп түзету, кәсіби тәжірибені ұйымдастыру. 2016 жылдың 1 қаңтарына колледждер кәсіпорындармен және ұйымдармен әлеуметтік серіктестік туралы 1458 шарт жасасты.

Оқушылар мен жұмысшылармен қатар NEET ұрпағы бар – 15-28 жас аралығындағы жастар, олар әр-түрлі экономикалық, әлеуметтік және саяси факторлардың себебімен оқымайды және жұмыс істемейді.

Қостанай облысының техникалық және кәсіби білім жүйесінің бітірушілердің саны 2015 жылы 7803 студент (2013ж. - 8722 адам) құрады,

соның ішінде мемлекеттік білім тапсырыс бойынша-4557 адам (2014ж. - 4908 адам). Жұмыс істейтін бітірушілердің үлесі 90% 2014 жылға қарағанда 2%-ға жоғары (2014ж.-88%), Аталған көрсеткіш колледждердің және әлеуметтік әріптестердің өзара табысты іс-қимылын көрсетіп отыр.

5491 адам (70%) (2014ж.-5745(66%)) кәсіпорындарға жұмысқа орналастырылған, 650 адам ЖОО-да оқу жалғастырып жатыр (2014ж.-1025 адам (11%)), 90 адам техникалық және кәсіби білімінің ұйымдарында оқуды жалғастырып жатыр (2014ж.-72 адам).

Білім, энергетика және электроэнергетика, медицина және фармацевтика, тамақ өнімдерін өндіру технологиялар саласының мамандықтары жоғары көрсеткіштер көрсетеді.

ТжКБ объектілері мен әлеуетті және нақты жұмыс берушілер арасында стратегиялық әріптестікті дамыту қажеттілігін, сондай-ақ еңбек нарығында нақты қажет мамандарды даярлауды қамтамасыз ету мақсатында олардың материалдық-техникалық базасын нығайтуды аталған саланың субъектілеріне тән келетін даму келешегі бар бағыттардың бірі деп айтуға болады.

2016 жылдың 1 қаңтарына 41 оқу орны техникалық және кәсіби білімді іске асырды, оның ішінде 32 мемлекеттік және 9 мемлекеттік емес. 2015 жылы 2 мемлекеттік емес колледж жабылды (*Рудный ақпараттық технологиялар, Қостанай бизнес колледжі*). 25 колледжде жұмысшы кәсіптері бөлімдері қызмет етеді. 135 мамандық бойынша дайындық жүргізілді. Техникалық және кәсіби білім оқу орындарында оқытындардың жалпы контингенті 23,5 мың адамды құрады (2014 жылы -25482 адам). 2014 жылмен салыстырғанда мектеп бітірушілері контингентінің төмендеуіне байланысты оқушылар саны 6%-ға төмендеді.

#### Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:

<p><b>Күшті жақтары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.мемлекеттік білім тапсырысын ұлғайту;</li> <li>2.әлеуметтік әріптестікті дамыту;</li> <li>3.дуалдық оқу жүйесін енгізу.</li> </ol>	<p><b>Әлсіз жақтары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. лабораториялар мен өндірістік шеберханаларды жабдықтаудың жеткіліксіз деңгейі;</li> <li>2. ТжКБ жүйесінен кетуін негіздеп отырған өндірістік оқу шеберлерінің төмен еңбек ақысы сол немесе басқа да мамандық бойынша білім алушылардың тәжірибелік дағдыларын меңгеруі көзқарасымен білім беру үдерісі сапасының төмендеуіне әсер етеді және еңбек нарығында колледждер түлектерінің қажет болуын қиындатады.</li> </ol>
<p><b>Мүмкіндіктері:</b></p> <p>1.колледждердің желілерін кеңейтуде мемлекеттік-жеке әріптестікті дамыту; білім беру жүйесінің, кәсіпорындар мен ұйымдардың тығыз байланысын жорамалдайтын, сонымен қатар дайын мамандарды жұмысқа орналастыру мәселелерін алып тастайтын корпоративтік</p>	<p><b>Қауіп-қатерлері:</b></p> <p>1. бюджеттік қаржыландырудың жеткіліксіздігі колледждер желісінің кеңеюін шектейді және облыстың кейбір елді мекендерінде олардың болмауын шектейді, бұл әлеуетті білім алушылардың тұрғылықты жерінің аумағында оқу мүмкіндіктерін шектейді.</p>

білім қағидаттарын енгізу; 2. білікті кадрлардың ТжКБ жүйесіне, әсіресе ауылдық жерлерде ағымын ынталандыру шараларының жүйесін әзірлеу.	
---	--

### **Ағымдағы және әлеуетті проблемалар**

15-28 жас аралығындағы жастар жалпы санындағы NEET үлесі бар. ТжКБ бітірушілердің жұмысқа орналастырудың төмен пайызы.

### **Даму үрдісі**

Жұмыс берушілермен ТжКБ ұйымдары мұғалімдерінің тағылымдамадан және білім алушыларының тәжірибеден өтуі туралы шарттар жасасу;

Жұмыс берушілерді КЛ-дың оқу-материалдық және ақпараттық базаларын нығайтуға тарту.

### **Денсаулық сақтау**

2016 жылдың 1 қаңтарына Қостанай облысының аумағында тұрғындарға емдеу-алдын алу көмегін көрсететін 521 дәрігерлік ұйым жұмыс істейді (2012ж. – 580, 2013ж. – 566, 2014ж. – 549). Денсаулық сақтау желілерін нормативтерге сәйкес келтіруге байланысты олардың саны 2012-2015 жылдары 59 бірлікке қысқарды.

Қостанай облысы азаматтарының туған кезіндегі күтілетін өмір сүру ұзақтығы 2015 жылы 70,7 жасты құрады және 2014 жылмен салыстырғанда (70, 39 жыл) 0,31 жылға ұлғайды (2012ж. - 68,46, 2013ж. – 69,59).

2016 жылдың 1 қаңтарына тұрғындар саны 883,64 мың адам құрады, 2012 жылы 879,941 мың адамды, 2013 жылы- 880,776 мың адамды, 2014 жылы – 881,456 мың адамды құрады.

Туудың ұлғаюы және өлім-жітімнің азаюы нәтижесінде облыста табиғи оң өсім (2012 жыл – +3,33; 2013 жыл – +3,27; 2014 жыл - +3,9; 2015 ж. - +3,96) байқалып отыр. Осы көрсеткіш орташа республикалық деңгейден төмен (2012 жыл – +14,18; 2013 жыл – 14,75; 2014 жыл – 15,51, 2015 жыл – 15,22).

Халықтың табиғи қозғалысының беталысында кему байқалып отыр: Лисаков қаласында (-0,4), Денисов ауданында (0,8), Меңдіқара (-1,1). Халықтың табиғи өсімінің неғұрлым жоғары деңгейі дәстүрлі түрде облыстың оңтүстік өңірлерінде сақталып отыр: Амангелді (+12,0), Жангелдин (+13,2), Арқалық (+12,4).

Жалпы өлім-жітім көрсеткіші (тұрғындардың 1000 адамына шаққанда) төмендеу қарқынына ие және 2015 жылдың қорытындылары бойынша (10,5), 2012 жылмен салыстырғанда (11,6) 9,4%-ға (1000 тұрғынға шаққанда 2,56 жағдай) азайды, 2012 жылы-11,6, 2013 жылы-10,8, 2014 жылы-10,65.

Облыстың дәрігерлік ұйымдарында тірі туудың жаңа өлшемдерін енгізуге байланысты нәресте өлім-жітімі көрсеткішінің 2012 жылы көрсеткіштің төмендеуі – 14,9, 2013 ж.-11,9; 2014 ж.-11,2 (ҚР: 2012 жылы – 13,6, 2013ж. – 11,5; 2014ж. -10,0, 2015 ж. -10,48) байқалып отыр және нәресте өлім-жітімі жыл сайынғы төмендеу қарқыны соңғы 3 жылдары бойы 24,3% құрады.

2013 жылы көрсеткіш республикалық көрсеткіштен 3,5%-ға, 2014 жылы 12%-ға, 2015 жылдың 8%-ға артты. Облыста нәрестенің өлім-жітімінің жетекші себебі перинаталдық кезеңнің жеке жағдайлары тума дамудың ауытқуы, жазатайым оқиғалар болып табылады. 2015 жылы орта облыстық көрсеткішті едәір арттырып отырған нәресте өлімінің көрсеткішін ұлғайту Жангелді ауданында (42,7,2 болса – 2014 жылы 27), Жітіқарада (20,2 болса 2014 жылы 8,3), Наурызым (16,9 болса 2014 жылы 25,6) төмендеу 66%, алайда орта облыстық көрсеткіштен 1,8 есеге артық.

Бала өлімін төмендету және тұрақтандыру үшін 2013-2015 жылдары мынадай шаралар қолданылды:

- 2012 жылы Қостанай перинатальдық орталығы, 2014 жылы Рудный перинатальдық орталығы ашылды;

- 15 неонатолог, реаниматолог дәрігер Белоруссия медициналық академиясының (Қостанай перинаталдық орталығы базасында) көшпелі циклінде оқытылған;

- Израиль «Вnai-Zion Medical Center» емханасының аға дәрігері және аға медициналық бикесі өткізген «Неонатологиядағы күтгірмейтін жағдай» шығу циклымен 28 неонатолог, педиатр, балалар реанимтолог дәрігері, 33 медициналық бике оқытылды (2015 жыл мамыр).

- Астана қаласының Ғылыми аналық және балалық орталығының циклы бойынша біліктіліктерін арттырды, онда 26 педиатр оқытылған;

- 37 акушер-гинеколог Қарағанды мемлекеттік медициналық университетінің оқытушыларымен Қостанай облыстық ауруханасының негізінде оқытылды;

- дәрігерлерді жетілдіру республикалық институттарында 52 акушер-гинеколог, 15 педиатр біліктілігін жоғарылатып, оқу курстарынан өтті;

- бала жастағы ауруларды емдеуге шоғырландырылған жетекшілік ететін 2 өңірлік орталық жұмысының шеңберінде балалар дәрігері мен орта медициналық қызметшілердің 55%-дан астамы оқытылды, тиімді перинатальдық көмек және емшекпен емізуді қолдау орталығы амбулаторлық және стационарлық бөлім медициналық қызметшілерінің 48%-ын оқумен қамтып отыр;

- бала тууды өңірлендіру және перинаталдық көмек бойынша жұмысты нығайту шеңберінде бала көтеруге мүлдем болмайтын және аурулары асқынған жүкті әйелдердің 66%-ы және бір жасқа дейінгі ауру балалардың 80%-ы облыстық медициналық ұйымдарға жолдама алды.

Аналық және нәрестелік өлім-жітімді төмендету үшін шұғыл шаралар қабылдау жөнінде өңірлік штаб және өлімнің әрбір жағдайына қызметтік тексеру өткізу және қарау нәтижелері бойынша нақты шаралар қабылдау үшін нәрестелік, аналық өлім-жітімді талдау жөнінде жұмыс комитеті жұмыс істейді. Әрбір ана өлімінің және 5 жасқа дейінгі балалар өлімінің жағдайына ай сайын мониторинг пен талдау жүргізіледі.

Барлық жағдайда, оның ішінде салмағы 500-999 грамммен туылған балалар туралы жедел ақпарат жиналуда, сондай-ақ «Мединформ»-да «АИС-

МЛАД» бағдарламасы бойынша деректер қоры қалыптастырылады және беріледі. Консультативтік және тәжірибелік көмек көрсету мексатымен облыста ауыр науқасты нәрестелер мен 1 жасқа дейінгі балалардың күн сайынғы мониторингі жүргізіледі. Перинаталды көмектің аймақтандыру принциптері сақталып отырады. Ана өлім-жітімінің және қиын жағдайлардың құпия аудиті енгізілді.

2014 жылы: Қостанай қаласындағы перинатальдық орталықта уақытына жетпей туған балаларды бағу екінші кезеңдегі бөлімі ашылды, оған медициналық жабдық пен техника 23,5 млн. теңге сомасына орнатылған. 2 жыл ішінде 42 адам оқытылған; бала жастағы аурулардың ықпалдаған жүргізу мен перинатальдық технологиясы бойынша 234 дәрігер мен 831 СМР оқытылған.

Аналық өлім-жітімінің көрсеткіші (100 000 тірі туылғандарға шаққанда) соңғы 3 жылдары бойынша тұрақсыз болып қалады, бірақ қалыпты төмендеу үрдісі бар (2012 жылы – ана өлімі тіркелген жоқ; 2013 жылы – 15,3; 2014 жылы – 7,86, 2015 жылдың 6 айы - 0) (ҚР 2012ж. - 13,5; 2013ж. - 12,6; 2014ж. – 12,3, 2015ж. – 12,3).

Бұл жүкті әйелдердің мониторингін өткізу, бала жасындағы ауруларды ықпалдастыра қарау (бұдан әрі - БЖАЫК)\_қауіпсіз аналық бағдарламасын енгізуге нәтижесінде қол жеткізілді. Сондай-ақ аналар мен балаларға медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін жоғарылату бөлігінде перинаталдық көмекті өңірлендіру толық жетілдірілді. Облыстық аурухана базасында санитарлық авиация бойынша жұмыс ұйымдастырылды, жоғары білікті профильді мамандардан: акушер-гинеколог, неонатолог, анестезиолог-реаниматолог, нейрохирург бригадалары қалыптастырылды. «Орнында» көмек көрсету үшін аудандарға мамандардың ұшуы және облыстық деңгейде әйелдер мен балаларды тасымалдау жүзеге асырылған.

2012-2015 жылдары облыста ана өлімінің 3 жағдайы тіркелген (Әуликөл ауданы мен Арқалық қ.), 2012 жылы – тіркелген жоқ, 2013 жылы – 2 жағдай, 2014 жылы – 1 жағдай, 2015 жылы – тіркелген жоқ).

Азаматтардың денсаулығына, олардың өмірінің ұзақтығына өлім-жітім себептерінің құрылымында жетекші орын алатын әлеуметтік маңызы бар аурулар мен олардың себебімен өлім-жітімдер үлкен әсерін тигізеді.

Облыстың аумағында қан айналу жүйесі ауруларымен (ҚЖА) ауыруды және аурулардан қайтыс болуды төмендету мақсатында көрсетілген ауруларды ертерек анықтау үшін тұрғындарды алдын ала тексеру жүргізіледі. Жасалған жұмыс нәтижесінде 100 000 тұрғынға шаққанда 2012 жылы - 289,2, 2013 жылы - 231,1, 2014 жылы - 215,8, 2015 жылдың 6 айы бойынша - 186,2 құрады.

2015 жылы ҚЖА-дан қайтқандардың саны 1687 адамды құрады, бұл 2012 жылға қарағанда - 2544 адам, 2013 жылы-2033 адам, 2014 жылы – 1636 адам, 33,9% аз. Қазіргі таңда 2012-2013 жылдарға арналған Қостанай облысында кардиологиялық, интервенциондық, кардиохирургиялық және неврологиялық көмекті әрі қарай дамыту жол картасы әзірленді.

Облыста 25 кардиологиялық профиль мамандары жұмыс істейді, мамандармен жинақталу 90% құрайды.

Кардеологияда шұғыл көмек көрсету бойынша медицина қызметкерлерінің білім деңгейін арттыру мақсатында ерте диагностикалау және емдеудің нақты стратегиясы ерекше маңызы болып табылады. Шұғыл көмек көрсету жүйесі диагностикалаудың, емдеудің бірыңғай қағидасына негізделген біртұтас алгоритм және тактикалық мәселелерді біртұтас түсіну арқылы жұмыс істеуі қажет. 2014 жылы республикалық клиникалардың негізінде 53 дәрігер, 2015 жылы 240 дәрігер (Астана қ. ННМЦ негізінде 2 дәрігер, көшпелі циклда өткізілетін ҚЖА-дан қайтқандардың санын төмендету мәселесі бойынша С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медуниверситетімен 237 дәрігер, СМР-715 ) оқытылды.

2015 жылы облыстың оқыту орталықтарында қан айналым және МҚЖБ жүйесі ауруларымен ауыратын науқастарға шұғыл көмек көрсету алгоритміне 825 адам (288дәрігер және 537 орта медицина қызметкерлерінің бастапқы буыны) оқытылды.

2012 жылдың қараша айынан бастап облыста кардиологиялық және инсультті орталық чашылды. 2013 жылдың мамыр айынан бастап Рудный қаласында облыстың екінші ангиографиялық зерттеуханасы ашылды, бұл ЖҚБ бар науқастарға жедел кезек күттірмейтін көмек көрсету үшін облыс тұрғындарын қайта бөлуге жол берді (*жалпы халық саны 255 208 адам екі қала мен төрт аудан*). Ауруларды облыстың кардиоорталықтарына жедел жеткізу және «алтын» уақыт принципін сақтау үшін қолда бар реанимобильдер ЖМСЖ ұйымдарына бекітілген. Нәтижесінде облыста ҚЖА-дан өлім 18%-ға төмендеді (*2013 ж. 227,18-ден 2015 ж. 186,2-ге дейін*).

Жылсайын облыста жазатайым оқиғалардан, жарақаттар мен уланудан өлім-жітімнің жоғары көрсеткіші байқалады. Себептердің бірі облыс аумағында сапасы төмен автомобиль жолдарының болуы (жоғары жол-көлік жарақаттанушылық), автомашиналар паркінің, оның ішінде жоғары жылдамдықтылардың анағұрлым өсуі, жүргізушілерді дайындаудың жеткіліксіз сапасы болып табылады. Бірақ қайта жаңғыртудан кейін республикалық автожолдарды пайдалануға берумен, халықаралық стандарттарға сәйкес 2015 жылы осы көрсеткіш 131,7, 2014 жылы – 132,4, 2012 жылы – 129,3, 2013 жылы - 126,0 құрады. «Жол картасы» әзірленді, Әуликөл, Федоров аудандарында ауданаралық травматологиялық бөлімше жұмыс істейді. 2014 жылдың қарашасынан бастап - Арқалық өңірлік ауруханасында 20 төсек-орынға арналған травматологиялық бөлімшелер базасында ауданаралық травматологиялық бөлімше құрылды (Астана – Ақтөбе - Атырау Республикалық маңызы бар трассада).

Облыста соңғы 3 жылдары (2012-2014 жылдар) қатерлі ісіктермен ауыру жоғары деңгейде сақталып отыр (100 000 тұрғынға шаққанда), бұл жоғары радиациялық фонның болуына байланысты, олардың пайда болу көздері Рудный, Арқалық, Лисаков қалаларының аумағындағы кеніштер болуы мүмкін.

Қатерлі ісіктермен ауырудың көрсеткіші тұрақты емес (2012 жылы – 291,9; 2013ж. - 277,9; 2014ж. - 293,5; 2015 ж. – 295,3) орта республикалық көрсеткіштен жоғары (2012 жылы-106,6; 2013 жылы-193,9; 2014 жылы-198,8).

Онкологиялық ауруларды және олардан қайтыс болуды одан әрі төмендету мақсатында қатерлі ісіктерді анықтаудың скринингтік бағдарламаларын жалғастыру қажет, онкологиялық қызмет ұйымдарын ресурстық жабдықтау, осы заманғы химиялық препараттарды сатып алу көлемін ұлғайту қажет.

Өткен 3 жыл ішінде, облыс бойынша жалпы айтқанда 100 000 халыққа шаққанда туберкулезбен ауру көрсеткішінің төмендеуі белгілі болып отыр (2012 жыл –103,1; 2013 жыл – 87,0; 2014 жыл – 76,3; 2015 жыл – 65,5). Алайда бұл көрсеткіш орта республикалық көрсеткіштен жоғары (2012 жыл –102,5; 2013 жыл – 73,5; 2014 жыл – 66,4; 2015 жыл – 58,5). Жоғары көрсеткіштер Жангелдин, Амангелді, Науырзым аудандарында және Арқалық қаласында сақталып отыр. Облыстық көрсеткіштердің оңтайлы динамикасына қарамастан эпидемиологиялық жағдай қауырт болып қалып отыр. Республикада Қостанай облысы туберкулезбен ауру бойынша 5 орында тұр. Туберкулездің таралуын, дәрі-дәрмекке төзімділіктің дамуын және туберкулезден өлуді эпидемиологиялық қадағалау мәселесі өзекті болып қалуда.

2012 жыл мен 2015 жыл аралығында туберкулезден қайтыс болу 2 есе (2012 жылы 10,7-ден 2014 жылы 5,3 дейін, 2013 жылы-7,2; 2014 жылы-5,2; 2015 ж. -5,3) төмендеді.

Мұндай табыстарға туберкулезге қарсы қызметтердің негізгі көрсеткіштерін үнемі бақылау, облыстың туберкулезге қарсы диспансер мамандарының белсенді ұйымдастыру - әдістемелік жұмыстарының, туберкулезге қарсы қызмет жұмысшыларының туберкулез жағдайларын тіркеу ошақтарында алғашқы медициналық көмек көрсету жұмыстарының жақсы жүргізілуі, халық арасындағы белсенді санитарлық-жарақтандыру қызметінің жүргізілуі нәтижесінде қол жеткізілді. Алайда, жоғары көрсеткіш болып Денисов, Әулікөл, Амангельды аудандарында және Арқалық қаласында сақталады.

2016 жылдың 1 қаңтарына облыстың деңсаулық сақтау мемлекеттік секторы 521 медициналық объектіті қамтиды (*01.01.2015 жылы - 535*). 42 стационарлық ұйымдар және 468 амбулаторлық-емханалық ұйымдар мен алғашқы медициналық-санитарлық көмек объектілері халыққа емдеу-профилактикалық көмек көрсетеді (*01.01.2015 жылына-44 және 478 тиісінше*).

Облыс бойынша 700 фармацевтикалық объект халықты дәрілермен жабдықтау және медициналық ұйымдар іске асырайды.

Облыста 2016 жылғы 01 қаңтарға 1726 дәрігер (*01.01.2015 жылға - 1755*) және 6146 орта медицина қызметшілер (*01.01.2015 жылға - 6157*) жұмыс істейді.

2016 жылдың 1 қаңтарына халықтың 10 мың адам санына дәрігерлермен қамтамасыз ету 19,6 құрады (*01.01.2015 ж. - 21,3*), орта медицина қызметшілермен – 69,7 (*01.01.2015 ж. - 72,9*). 2016 жылғы 01 қарашаға дәрігер кадрларының керектігі 334 дәрігер, соның ішінде ауылда 81 дәрігер құрайды.

2016 жылдың 01 қаңтарына облыс бойынша кумулятивтік АИТВ жұқтырған 1593 адам тіркелді, олардың саны жыл сайын 12-13%-ға өсуде (2012

жылы-1240 адам, 2013 жылы-1384 адам, 2014 жылы-1435 адам). Қазақстан Республикасы бойынша Қостанай облысы АИТВ инфекциясын тарату жағынан 5 орынды алады. АИТВ инфекциясының эпидемияның шоғырланған сатысында таралуын тұрақтандыру мақсатында алдын-ала шараларды кеңейтуді, сонымен қатар ЖИТС-мен ауруларға қажет ретровирусқа қарсы емді толық көлемде қамтамасыз етуді көздейтін ЖИТС эпидемиясына қарсы тұру бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Облыста жылжымалы медициналық кешен күшімен шалғай елді мекендерден 12776 адам тексерілді. 10938 диагностикалық зерттеулер өткізілді. Санитарлық авиацияның жұмысы ұйымдастырылды, жоғары білікті профильді мамандардан бригада қалыптастырылды. 2015 жылғы есептік кезең аралығында 360 көлікпен шығу (2014 ж. - 389), самолетпен ұшу – 61 (2014 ж. –54) жүзеге асты, 422 (2014 ж. – 490) ауруға қызмет көрсетілді.

2012 жылы облыс тұрғындарына 1932 дәрігер және 6504 орташа медицина қызметкер, 2013 жылы 1913 дәрігер және 6465 орташа медицина қызметкер, 2014 жылы 1755 дәрігер және 6157 орташа медицина қызметкер, 2015 жылы 1726 дәрігер және 6146 орташа медицина қызметкер медициналық көмек көрсетті.

Кадрлардың жетіспеушілігі 2012 жылы 360 адам, 2013 жылы – 265 бірлік, 2014 жылы – 268 бірлік құрады, 2015 жылға кадрлар жетіспеушілігінің деңгейі - 334 құрады.

Дәрігерлік кадрлар тапшылығы мәселесін шешудің бірден бір жолы – «Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек» 007 бюджеттік бағдарламасы шеңберінде медицина мамандығы бойынша оқуға әлеуметтік көмек көрсету, халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз жігіне жататын жастардың өтініші тоқсан алдындағы тоқсан үшін Қостанай облысы бойынша бекітілген ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен жанбасына орташа табысы бар отбасылардан шыққан жастарға әлеуметтік көмек көрсетіледі.

2012 жылы – 113 адам, 2013 жылы – 97 адам, 2014 жылы - 71 адам, 2015 жылы – 50 жас маманға көмек көрсетілді.

Облыста жас мамандарды ауылдарға бекіту Бағдарламасы әзірленді. Жыл сайын жергілікті бюджеттерде көтерме жәрдемақылар төлеуге бюджеттік қаражаттар көзделіп, тұрғын үй бөлу мәселелері шешілуде. Бірқатар аудандарда 100-200 мың теңге көлемінде көшерақылар төленді және басқа әлеуметтік пакеттер ұсынылды.

Жас дәрігерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту мәселесі әкімдіктердің тұрақты бақылауында тұр.

Медициналық көмек сапасына облыста төмен деңгейде қалып отырған осы заманғы медициналық жарықтандырылуды қосқанда ұйымдардың және денсаулық сақтау объектілерінің материалдық-техникалық базасы әсер етеді.

2012 жыл мен 2015 жыл аралығындағы кезеңде облыста денсаулық сақтау ұйымдарының осы заманғы медициналық құралдармен және медициналық бағыттағы бұйымдармен жабдықталуында оң серпін байқалды. Жарақтандыру пайызы 2012 жылы, 2013 жылы – 56,48%, 2014 жылы – 65,73%, 2015 жылы –



68,92% құрады. Қазақстан Республикасы бойынша бұл көрсеткіш: 2012 жылы – 57,78%, 2013 жылы – 63,16%, 2014 жылы – 65,74%, 2015 жылы – 69,86% көрсетіп отыр. Ауылдық денсаулық сақтау ұйымдардың жарақтандырылуы 35,63%-ға ұлғайды (2007 жылғы – 35,9%-дан 2015 жылы – 71,53%-ға дейін). құрады.

2016 жылдың 01 қаңтарына аяғына қарай облыс бойынша медициналық ұйымдар ғимараттарының тозу деңгейі 35,2% құрады. Елді мекендер шегінде ғимараттардың тозуының жоғары деңгейі (80 %-дан 100 %-ға дейін) 21,4 % елді мекенде байқалып отыр (Науырзым, Алтынсарин, Әуликөл, Денисов, Жітіқара, Қамысты, Қарабалық, Қарасу, Қостанай, Меңдіқара, Сарыкөл, Таран, Ұзынкөл, Жангелді, Федоров аудандары, Қостанай, Лисаков, Рудный, Арқалық қалалары).

«100 мектеп және 100 аурухана» жобасын іске асыру шеңберінде Қостанай облысы бес денсаулық сақтау объектісінің құрылысына (Қостанай және Рудный қалаларында 2 емхана және 2 аурухана, Қостанай қаласында Қан орталығы), 16,1 млрд. теңге бөлінді.

2013-2015 жылдарға арналған кезеңде «350 дәрігерлік амбулаторлық, фельдшерлік-акушерлік пункттері және емханалары құрылысы» бағдарламасы шеңберінде жалпы сомасы 1761,9 млн. теңгені құрайтын 25 келушілерге арналған 16 дәрігерлік амбулаторияның құрылысы аяқталды (*Амангелді ауданының Амантоғай а., Әуликөл ауданының Диевка а., Қарабалық ауданының Смирновка к., Ұзынкөл ауданының Троебратск а., Қарабалық ауданының Бозкөл а., Амангелді ауданының Үрпек к., Сарыкөл ауданының Комсомольское а., Әуликөл ауданының Новонезжинка а., Алтынсарин ауданының Щербакова а., Қостанай ауданының Жамбыл а., Таран ауданының Майское а., с. Арқалық қаласының Родина а., , Қостанай ауданының Мичурин а., Федоров ауданының Пешков а., Меңдіқара ауданының Первомай а., Ұзынкөл ауданының Пресногорьковское а.*).

Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:

Күшті жақтары:	Әлсіз жақтары:
1. Медициналық қызметтерді көрсетуде бәсекелестіктің дамуы. 2. Салауатты өмір салты бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатқан БМСК ұйымдары желісінің кеңеюі. 3. Соңғы 3 жылдың ішінде жас мамандардың келуі.	1. Медициналық көмекке кеш жүгіну. 2. Медициналық ұйымдарда жүкті әйелдердің үнемі қаралуға деген ынталарының жеткіліксіздігі. 3. Жағымсыз әдеттердің денсаулыққа тиетін әсері туралы жеткіліксіз ақпараттандырылу. 4. Денсаулықты сақтаудың және салауатты өмір салтын жүргізудің төмен басымдылығы. 5. Жүрек-қан тамырлары ауруларының дамуына себеп болатын тамақтану

	<p>үлесіне әдет.</p> <p>6. Жұмыс берушілер жұмыс орындарының сапасын және қауіпсіздігін жоғарылату мәселелеріне жеткілікті назар аудармайды.</p> <p>7. Әлеуметтік проблемалар халықтың елеулі бөлігіне өз денсаулықтарын сақтау мен қарауына мүмкіндік бермейді.</p> <p>8. Мінез-құлықтың жоғары қауіп-қатерлері (темекі шегу, алкоголь, есірткі).</p>
<p><b>Мүмкіндіктері:</b></p> <p>1. Консультациялық қамтамасыз ету мақса-тында телемедицинаны пайдалану.</p> <p>2. Жергілікті компаниялар тарапынан салауатты өмір салты саласын қосымша қаржыландыруды тарту.</p> <p>3. Халықты ұлттық скринингтік зерттеулер-мен қамтуды ұлғайту.</p> <p>4. Аурулардың күні-түні болу стационарла-рын күндіз болу стационарларымен және үйде емделу стационарларымен алмастыру.</p>	<p><b>Қауіп-қатерлері:</b></p> <p>1. Дәрігерлерге іс жүзінде үлкен салмақ түсуіне байланысты халыққа қызмет көрсету сапасының төмендеуі;</p>

### **Негізгі проблемалар**

Бала туушылықтың және жаратынды өсу көрсеткіштің төмендеуі .

Қатерлі ісіктерден өлімнің өсуі.

АИТВ инфекциясын жұқтырған аурулардың өсуі.

Салауатты өмір салты қызметінде және жалпы денсаулық сақтау жүйесінде жұмыс істейтін қызметкерлердің тапшылығы.

Дәрігерлердің үлкен жетіспеушілігі.

БМСК ұйымдарын қаржыландырудың жеткіліксіздігі.

### **Жұмыспен қамту**

Облыста қала және ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз ету деңгейі арасында сәйкессіздік байқалады.

2016 жылдың 1 қаңтарына жұмыспен қамтамасыз ету органдарының есебінде тұрған жұмыссыздардың саны 1643 адамды құрады, 63,1 % (1036 адам) әйелдер құрайды.

Жұмысқа тартылған адамдар саны азаюының негізгі себебі экономикалық белсенді халықтың ішкі көші-қонуы болып табылады.

## 2012-2015 жылдардағы халықты жұмыспен қамту көрсеткіштерінің серпіні

Көрсеткіштер атауы	2012ж	2013ж	2014ж	2015ж
Экономикалық белсенді халықтың саны, мың адам	539,6	536,1	529,5	520,3
Жұмыспен қамту деңгейі, %	94,8	94,8	95,1	95,0
Жалпы жұмыссыздықтың деңгейі, %	5,2	5,2	4,9	5,0
Тіркелген жұмыссыздықтың деңгейі, %	0,2	0,1	0,2	0,3
Құрылған жұмыс орындары	18459	13442	12192	11367
Жұмыспен қамту органдарына өтінді, адам	15416	12942	20156	19692
Қоғамдық жұмыстарда қатысушылар саны, адам	4857	4908	4599	4603
Кәсіптік оқуға жолданғандар саны, адам	1183	930	747	90

Өңірдің негізгі мәселелері – мамандандырылған кадрларымен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі, еңбек нарығында сұраныс пен ұсыныс арасындағы сәйкессіздік.

Еңбек нарығында Өңірлік жұмыспен қамтамасыз ету, Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының іске асуы оң көрініс тапты.

Халықты өңірлік жұмыспен қамтамасыз ету стратегиясын іске асыру шеңберінде өнімді жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдем беру үшін бос жұмыс орындарын белсенді іздеу мен іріктеу пайдаланылады, жұмыссыздар мен басқа арнаулы топтар өкілдерін оқыту, қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, әлеуметтік жұмыс органдарын құру, бос орындар жәрмеңкелерін өткізу, жастар мен әйелдердің жұмысқа тұруына көмек беру, кепілді әлеуметтік төлемдермен қамтамасыз ету және мүгедектерге, үлкендер мен басқаларға әлеуметтік қолдау көрсету пайдаланылады.

2016 жылдың 1 қаңтарына жұмыспен қамтамасыз ету органдарына 19692 адам өтініш жасады, олардан 16927 адам ағымдағы, жаңа бос жұмыс орындарына орналастырылды. Қоғамдық жұмыстарға 4603 жұмыссыз азаматтар қатысты, кәсіби білім алуға 90 адам жіберілді.

2015 жылы кәсіби оқуға 90 адам, оның ішінде 2020 жылғы Жұмыспен қамту бағдарламасының шеңберінде – 35 адам жіберілді.

Сонымен қатар, ауылдық елді мекендер үшін бос жұмыс орындары санының жетіспеушілігі проблема болып қалуда.

2012 жылы төртінші санат бойынша рұқсат берілген жоқ, ШЖК құрамында жоғары білікті жұмыс күшінің үлесі 100% □□ құрады.

2013 жылы төртінші санат бойынша шетел азаматтарын тартуға 2 рұқсат берілген (білікті жұмысшылар), тартылған шетел жұмыс күшінің құрамында 1, 2 және 3 санаттағы мамандар үлесі 95,7□ % құрады.

2014 жылы рұқсат бойынша 50 адам жұмыс істеді, соның ішінде бірінші санат бойынша 4 адам, екінші санат бойынша 2 адам, үшінші санат бойынша 37 адам, төртінші санат бойынша (білікті жұмысшылар) 7 адам. ШЖК құрамында жоғары білікті жұмыс күшенің үлесі 86□□%.

2016 □жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша облыстың 17 кәсіпорындарында рұқсат бойынша 62 адам жұмыс істейді, оның ішінде бірінші санат бойынша - 8 адам (бір мезгілде құрылтайшылар), екінші санат бойынша - 3 адам, үшінші санат бойынша - 44 адам, төртінші санат бойынша (білікті жұмысшылар) - 7 адам жұмыс істейді. ШЖК құрамында жоғары білікті жұмыс күшенің үлесі 88,7□□ %.

### Өндірісте болатын төтенше жағдайлар

Соңғы кезеңде өндірістік травматизмінің шешімі облыс үшін өте өзекті болды. 2012 жылмен салыстырғанда 2015 жылдың қорытындылары бойынша зардап шеккендердің төмендеуі бар болғанға қарамастан, олардың саны 153 адам құрады (2014 ж. - 171 адам, 2013ж. - 233 адам, 2012ж. - 209 адам, 27%-ға төмендеуі), соның ішінде қиын бітуімен 47 жағдай (2014 ж. - 38, 2013ж. - 50, 2012ж. - 52, 10%-ға төмендеуі).

26-кесте

### Төтенше жағдайлардың және сонда зардап шеккендер серпіні

№	Көрсеткіштердің атауы	2015 жыл	2014 жыл	2013 жыл
1	Зардап шеккендердің саны:	153	171	233
	Оның ішінде әйелдер:	33	42	42
2	Кісі өлімімен аяқталған жазатайым оқиғалар:	18	25	23
	Оның ішінде әйелдер:	-	2	-
3	Ауыр аяқталған жазатайым оқиғалар:	47	38	50
	Оның ішінде әйелдер:	12	6	7
4	Жазатайым жағдайлар бойынша арнайы тергеу өткізілді	74	82	99

2012 жылмен салыстырғанда өлім бітуімен жағдайлардың ұлғаюы 18 адамға немесе 20%-ға дейін белгіленіп тұр, олардың ішінде Қостанай қ. - 5, Рудный қ. - 4, Таран және Қостанай ауданында - 2, Арқалық қ., Алтынсарин, Әулікөл, Мендықара мен Таран аудандарында - 1.

2015 жыл бойынша облыста мемлекеттік инспекторлар өндірісте болатын төтенше жағдайлар бойынша 74 арнайы тергеулерді өткізді.

Еңбек қызметпен байланысты төтенше жағдайларының жиілік коэффициенті 1000 жұмысшылар санына облыс бойынша 0,74% (2014 ж. - 0,83%, 2013ж. - 1,12%, 2012ж. - 1,03%) құрайды.

Кісі өлімімен аяқталған жазатайым жағдайлардың жиілік коэффициенті 1000 жұмысшылар санына облыс бойынша 0,09% (2014 ж. - 0,12%, 2013ж. - 0,11%, 2012ж. - 0,07%) құрайды.

Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:

<p style="text-align: center;"><b>Күшті жақтары:</b></p> <p>1. Облыс туындаған әлеуметтік шиеленістің шамалы тәуекелдер фонына жатады.</p> <p>2. Еңбек заңнамасының өзекті мәселелерін, атап айтқанда, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы еңбекті қорғау мен қауіпсіздік мәселелерін түсіндіру.</p> <p>3. Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тексеру кезінде мемлекеттік еңбек инспекторлары облыстың кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметкерлерімен еңбек заңнамасы бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді</p>	<p style="text-align: center;"><b>Әлсіз жақтары:</b></p> <p>1. Жұмыстардың өндіріс жаратымсыз ұйымдастыруы</p> <p>2. Еңбек қорғау және қауіпсіздік бойынша оқыту мен нұсқауының жеткіліксіз ұйымдастыруы</p> <p>3. Ғимараттар мен құрылыстардың техникалық жаратымсыз жағдайы, жер маңызы және жұмыс орындарды ұйымдастыруында жетіспеушіліктер</p> <p>4. Еңбек қауіпсіздігі тәсілдеріне оқытудағы кемшіліктер.</p>
<p style="text-align: center;"><b>Мүмкіндіктері:</b></p> <p>1. Еңбек заңнамасын сақтау бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын өткізуі</p> <p>2. Әлеуметтік қарбаластықтың төмендеуі. Жоспардан тыс тексеру жүргізу, өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеу кезінде кәсіпорындардың жұмысшыларына жалпыға бірдей оқу өткізу.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Қауіп-қатерлері:</b></p> <p>1. Өндірісте болатын жасырылған төтенше жағдайлар</p>

### **Негізгі проблемалар**

Жұмыс жүргізудің қанағаттанғысыз ұйымдастырылуы

Еңбек қорғау және қауіпсіздік бойынша оқыту мен нұсқауының жеткіліксіз ұйымдастыруы

Ғимараттардың, құрылыстардың техникалық қанағаттанғысыз жай-күйі, аумақтардың ұсталуы және жұмыс орындарының ұйымдастырылуындағы кемшіліктер.

Еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытудың кемшіліктер.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік қағидаларын бұзу.

Мемлекеттік еңбек инспекторларымен берілген анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі нұсқаманы жұмыс берушілердің орындамау.

### **Әлеуметтік қамтамасыз ету**

2015 жылы табыстары кедейшілік шегінен төмен облыс тұрғындарының үлесі 0,2% құрады. 2012 жылмен (0,5%) салыстырғанда бұл пайыздық көрсеткіш бес жыл ішінде 0,3% -ға төмендеді.

Кедейлік деңгейін азайту халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге қабылданатын шаралардың *(әры қарай жұмысқа орналастырып, кәсіби даярлау және қайта даярлау, оның ішінде қайта құрылған жұмыс орындарына, әлеуметтік жұмыс орындарына және қоғамдық жұмыстарға)*, келісім-шарт негізінде аз қамтамасыз етілген отбасыларға әлеуметтік көмек көрсетуге жаңа тәсілдерді пайдаланудың арқасында қол жеткізілді.

Асыраушылықтың алдын алу мақсатында АӘК және МБЖ алатындардың арасында азаматтарды әлеуметтік қолдаудың белсенді түрлеріне тарту бойынша үздіксіз жұмыстар жасалып жатыр, осыған байланысты тұрмысы төмен азаматтардың кірістері өсуде және балалар жәрдемақысы мен атаулы әлеуметтік көмекті алушылар санының жыл сайынғы төмендеуі байқалуда.

АӘК алушылардың негізгі үлесін 18 жасқа дейінгі балалар құрайды. 2015 жылы АӘК алушылар арасында еңбекке жарамды азаматтардың саны 769 адам *(жұмыссыздар, есепте тұратындар, жалдамалы жұмыс істейтіндер, өз бетімен жұмыс істейтіндер, күтім жасайтын адамдар және басқалар)* немесе көмек алушылардың жалпы санынан 31,8% құрады. 2014 жылмен салыстырғанда пайыздық көрсеткіш 1,1 пайыздық тармақшаға төмендеді *(2014 жыл – 32,9 % немесе 1060 адам)*. 2013 жылы еңбекке жарамды азаматтардың саны алушылардың жалпы санынан 1543 адам немесе 35,6% құрады.

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша аз қамтылған азаматтар саны 1686 адамды *(456 отбасы)* құрайды, бұл 2014 жылмен салыстырғанда *(656 отбасыда 2420 адам)* 734 адамға (30%) кем және 2013 жылмен салыстырғанда *(960 отбасыда 3377 адам)* 1691 адамға (50%) кем.

2016 жылғы 1 қаңтарға жалпы сомасы 12,8 млн. теңгеге аз қамтылғандардың қатарынан 792 бала тегін тамақпен қамтылды, 2,6 млн. теңге сомасына 319 адамға демеушілік көмек көрсетілді, өткен жылдармен салыстырғанда аз қамтылған отбасылар санының азайуына байланысты көмек көлемі жыл сайын азаюда *(2014 жылы 14,7 млн. теңге сомасына 1249 бала тегін тамақ алды, 2013 жылы 14,7 млн. теңгеге 2082 бала, 2014 жылы 5,1 млн. теңгеге 1142 алушыларға демеушілік көмек көрсетілді, 2013 жылы 10,0 млн. теңгеге 1472 алушыларға)*.

2015 жылға бір табысы аз адамға қаржыландырудың барлық көздерінен көрсетілген көмектің сомасы 36422 теңгені құрады, бұл 2014 жылға қарағанда 1876 теңгеге *(34546 теңге)* көп және 2013 жылға қарағанда 5829 теңгеге *(30593 теңге)* көп.

Жергілікті бюджеттің қаражатынан жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекеленген сатыларына 2013 жылы 36850 азаматқа 509,8 млн. теңге сомасына, 2014 жылы 20387 азаматқа 538 млн. теңге сомасына, 2015 жылы 19731 азаматқа 588,9 млн. теңге сомасына әлеуметтік төлемдер төленді. жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша әлеуметтік төлемдерге 2016 жылы 573,5 млн теңге қарастырылған.

Қажеттілік пен оларды алушылардың кірістерін бағалау өлшемдерін ескере отырып, 2015 жылы өткізілген оңтайландырудан кейін мұқтаж

азаматтардың жеке санаттарына – 19731 алушыға 588,9 млн. теңге сомасына әлеуметтік төлемдер берілді, бұл 17,1 мың адамға аз, бірақ 2013 жылғы кезеңнен 79,1 млн. теңгеге артық (509,8 млн. теңге сомасына 36850 алушы). 2015 жылы ең төменгі күнкөріс 18350 теңге құрады, 2013 жылғы кезеңмен салыстырғанда (16449 теңге) аталған көрсеткіш 11,6%-ға өсті.

Кедейшілікті төмендету бойынша өткізілген іс-шаралар нәтижесінде оның деңгейі 2016 жылдың 1 қаңтарына 0,2% (01.01.2013 ж. – 0,5%, 01.01.2014 ж. – 0,4%, 01.01.2015 ж. – 0,3%) құрады.

2015 жылы әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру үшін 1,4 млрд. теңге беруді көзделген, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 1,2 есе артық (1,1 млрд. теңге). 2016 жылы әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру үшін 1,5 млрд. теңге беруді көзделген.

27-кесте

### Әлеуметтік қамтамасыз ету көрсеткіштердің серпіні

Көрсеткіштер атауы	2013 ж	2014 ж	2015 ж
Табысы кедейлік шегінен төмен облыс халқы санының үлесі, %	0,4	0,3	0,2
Мемлекеттік балалар жәрдемақысын алушылар саны, адам	27725	24715	24220
Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны, адам	4354	3260	2493
Тұрғын үй көмегін алушылар саны, адам	15557	15753	15971
Тегін тамақ алушылар саны, адам	2082	1249	792
МАӘК алушылар құрамындағы еңбекке жарамды халықтың үлесі, %	35,6	32,9	30,2
Халықтың 1 адамға шаққандағы табысы, теңге	52601	53123	23519

Халықтың табыстары 2012 жылмен (44832 теңге) салыстырғанда 2015 жылы 23,3%-ға өсіп, 1 адамға шаққанда 55280 теңге құрады. 2015 жылы орташа айлық еңбек ақы 93560 теңге құрады, бұл 2012 жылмен (76647 теңге) салыстырғанда 22,1%-ға артық.

2016 жылғы 01 қаңтардағы жағдайы бойынша облыс аумағында арнайы әлеуметтік қызметтерді:

1661 адам тұратын, 11 медициналық-әлеуметтік мекеме, олардан күндіз қаралатын бөлімдерге 32 мүгедек бала және психоневрологиялық аурулары бар 7 мүгедек барады;

1793 мүгедек денсаулығын жақсартқан Қостанай және Жітіқара қалаларында орналасқан 2 оңалту орталығы;

2816 адам, оның ішінде 2297 қарт кісі, 127 мүгедек, 282 мүгедек бала, психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан 110 мүгедек, әлеуметтік қызмет көрсетумен қамтылған аудандар мен қалалар әкімдіктерінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері жанында үйде әлеуметтік көмек көрсететін 26 бөлім ұсынады.

1126 адамға қызметін көрсеткен тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған 3 әлеуметтік бейімдеу орталығы.

120 адам баратын, психоневрологиялық ауытқулары бар 18 жастан асқан мүгедек балалар мен мүгедектерге арналған 5 күндіз болу бөлімшелері.

Арнайы әлеуметтік қызмет көрсетудің балама түрлері дамып келе жатыр. 2016 жылдың 01 қаңтарына арнаулы әлеуметтік қызметпен қамтылғандардың саны 54 адамды құрады.

28-кесте

**2012-2015 жылдардағы арнайы әлеуметтік көмек көрсету көрсеткіштердің серпіні**

Көрсеткіштердің атауы	2012 ж	2013 ж	2014 ж
Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету:			
медициналық-әлеуметтік мекемелерде	1641	1692	1671
оңалту орталықтарында	1833	1663	1662
тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталықтарында	1378	908	915
жұмыспен қамту бөлімдері жанындағы психоневрологиялық ауытқулары бар мүгедектерге арналған күндіз болу бөлімшелерінде	101	125	123
үкіметтік емес секторда	54	54	94
паспорттандырылған нысандар, бірлік	1641	1692	1671

Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:

Күшті жақтары:	Әлсіз жақтары:
1.Еңбек нарығында жаппай жұмыстан босату көзделіп отырған жоқ, бұл жұмыссыз азаматтар санының ұлғаюына апармайды. 2.Жұмыссыздарды уақытша жұмыспен	1.Үнемі бөгде адамдардың күтіміне мұқтаж, психоневрологиялық аурулармен ауыратын 18 жастан жоғары тұлғалар санының өсуі. 2.Психоневрологиялық интернат-үйлерге



<p>қамтуды ұйымдастыруға жергілікті атқарушы органдардың қаражаттары жеткілікті.</p> <p>3.Әлеуметтік қолдауға мұқтаж азаматтардың барлық санаттарын іс жүзінде қамту.</p> <p>4.Медициналық-әлеуметтік мекемелерде арнайы әлеуметтік қызметтеріне мұқтаж қиын жағдайда болған адамдардың барлық санаттарын қамту.</p> <p>5.Медициналық-әлеуметтік мекемелерде мүгедектерді, қарттарды, мүгедек балаларды арнайы әлеуметтік қызмет түрлерімен толық қамту.</p> <p>6.Мүгедектерді әлеуметтік және кәсіби оңалтуға бағытталған іс-шараларды өткізу</p>	<p>кезектілік.</p> <p>3.Арнайы әлеуметтік қызметтерді көрсету үшін ҮЕҰ материалдық - техникалық базасының болмауы.</p>
<p>Мүмкіндіктері:</p> <p>1.Жұмыс орындарын құру, оның ішінде халықтың жұмыспен уақытша қамтылуына жәрдемдесудің белсенді бағдарламаларын іске асыру бөлігінде:</p> <p>а) қоғамдық жұмыстар;</p> <p>б) әлеуметтік жұмыс орындары.</p> <p>2.Жұмыссыз азаматтарды кәсіптік оқыту, қайта даярлау.</p> <p>3.Бос жұмыс орындары мен бос лауазымдардың жәрмеңкелерін өткізу.</p> <p>4.Әлеуметтік шиеленістің төмендеуі.</p> <p>5.Әлеуметтік қызмет түрлерін көрсету саласындағы жұмыс істейтін ҮЕҰ-дың қызмет саласын кеңейту.</p>	<p>Қауіп-қатерлері:</p> <p>1.Жасырылған жұмыспен қамту.</p> <p>2.Тіркелген жұмыссыздар санының өсуі.</p> <p>3.Жасанды жұмыссыздықты жасау (мемлекеттік жәрдемақы тағайындау жұмыспен қамтылмаған тұрғындардан жұмыссыз азаматтың мәртебесін және табыстар туралы анықтама беруді талап етеді).</p> <p>4.Мүгедектердің оңалту іс-шараларымен толық қамтылмауы.</p> <p>5.Арнайы әлеуметтік қызметтерді көрсету бойынша ҮЕҰ белсенділігі төмен.</p>

### **Негізгі проблемалар:**

Қала және ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылу деңгейінің арасындағы сәйкессіздік.

Ауылдық елді мекендердегі бос жұмыс орындары санының аздығы.

Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс арасындағы сәйкессіздік.

Азаматтардың белгілі санаттарына мемлекеттік бюджеттен жәрдемақы алу ақша алудың жалғыз қайнар көзі болып табылады.

### **Мәдениет**

Облыстың мәдениет потенциалы жеткілікті дамыған инфрақұрылыммен көрсетілген. 2016 жылдың 01 қаңтарындағы жағдайы бойынша Қостанай облысы барлық меншік түрлерінің объектілері бары бойынша (734 объект) Оңтүстік Қазақстан облысынан кейін 2 орын алады.

2012-2015 жылдары облыс мәдениетінің кәсіпорындар мнә ұйымдар жүйесі 6 объектіге ұлғайтылды және 734 мемлекеттік мекемелер мен мәдени кәсіпті құрады: 303 мәдени-демалыс ұйымдары, 409 кітапхана, 10 музей, 4 театр, облыстық филармония, кинобейнеқорды сақтау және пайдалану бойынша орталық, 4 кинотеатр, 2 мәдениет және демалыс саябағы.

## Мәдени іс-шараларды өткізу

Іс-шараның атауы	2013 жыл		2014 жыл		2015 жыл	
	Іс-шаралардың саны	Келген адамдар (мың адам)	Іс-шаралардың саны	Келген адамдар (мың адам)	Іс-шаралардың саны	Келген адамдар (мың адам)
Концерттер	336	255,8	338	258,0	338	258
Қойылымдар	1205	192,9	1197	187,9	1157	178,7

Мәдениет саласының тұрақты дамуы саланың жоспарлы қаржыландырумен қамтамасыз етілген: 2012 жылы – 3 739,8 млн. теңге, 2013 жылы - 3377,8 млн. теңге, 2014 жылы - 3927,9 млн. теңге, 2015 жылы- 3846,6 млн. теңге.

2016 жылғы 01 қаңтарға 1157 спектакль көрсетілді, келушілер саны 178,7 мың адам, бұл 2012 жылғы деңгейден 16,4%-ға жоғары (01.01.2012 ж. – 994).

Облыстық филармониямен 338 концерт көрсетілді, оларға 258 мың көрермен қатысты, бұл 2012 жылғы деңгейден 11,5%-ға жоғары (01.01.2012 ж. – 303).

Облыстың 10 мұражайында 12315 іс-шара өткізіліп, оларға 376,7 мың адам барды, бұл 2012 жылдың деңгейінен 9%-ға жоғары (01.01.2012 ж. – 11299 іс-шара). Облыс мұражай қорларында 281,5 мың астам раритеттік экспонат сақталады.

2015 жылы мәдениет саласында бірқатар ауқымды жобалар жүзеге асты: ХХІХ облыстық халық шығармашылығы өнерпаздары фестивалі; «Золотой микрофон» ХІІІ халықаралық балалар вокалдық байқауы; «Қостанай меценаттар Клубы» қоғамдық қорының сыйақы беру салтанатты рәсімі; Х халықаралық «Джаз-бомонд-2015» джаз музыкасының фестивалі; Астана қаласында Қостанай облысының мәдениет күндері; «Прогресс-Азия-Сервис» ЖШС-мен бірлесіп «Қазақфильм» АҚ киностудиясының «Камшат» фильмінің реставрацияланған және бейнеленген таныстыру рәсімі (Алматы қ.); Ресей Федерациясының еңбек сіңірген суретшісі Никас Сафроновтың көрмесі; «Служанка-госпажа» күлкілдіргі интермедияның тұсаукесері; Қостанай облысында Батыс Қазақстан облысының мәдениет күндері. Сондай-ақ, 7 мерейтойлық кештер өткізілді, соның ішінде жазушы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері С. А. Досановтың 75-жылдығына орай, Халық ақындар Асии Беркенова мен Аселхан Калыбекованың 65-жылдығына арналған.

2015 жылы Қостанай облысының 68 талантты өкілдері (2012 жылы - 14) және 35 ұжымы (2012 жылы - 2) 65 халықаралық және республикалық фестивальдер мен конкурстарға қатысты, бұл 2012 жылға қарағанда 54 конкурс пен фестивальға көп, олар Қазақстанның: Астана, Алматы, Семей, Көкшетау, Павлодар қалаларында, Мәскеудің: Челябині, Волгоград, Екатеринбург,

Магнитогорск, Набережные Челны, Геленджик, Сочи қалаларында, Чехияда (Прага қ.), Словакия (Пьештяны), Беларусь Республикасы, Болгария Республикасы (Нова Загора), Қырым Республикасы, Марий Эл (Йошкар-Ола қ.), Франция (Париж) өтті.

Облыстың шығармашыл өнерпаздары 83 жүлделі орындар алды, оның ішінде Гран-при 10 адам, 38 адам – 1 орын, 23 адам – 2 орын, 12 адам – 3 орын, қатысқаны үшін 17 адамға грамоталар, дипломдар, сертификаттар берілді, 1 – арнайы жүлде, 1 – халықаралық үлгідегі диплом, 1 – күміс медаль, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер Парламентаралық Ассамблеясының құрметті белгісімен 1 марапатталды.

### Мәдениет және спорт

2016 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша 390 ауылдық елді мекендердің жерінде 674 мәдениет объектілері бар, соның ішінде: 289 клуб (жұмыс істейтін 281), 380 кітапхана, 5 мұражай.

2012 жылмен салыстырғанда кітапханалар желісі 2 бірлікке азайды. 2012 жылмен салыстырғанда АЕМ-нің клуб желісі 2 бірлікке өсті.

Облыстың 347 ауылдық елді мекендердің жерінде келесі спорттық объектілер бар: 15 ДЮСШ, 25 стадион, 21 жабылған спорттық кешен, 470 спорттық зал, олардың ішінде 372 жалпы білім беретін мекемелерде, 5 бассейн және 12 шаңғы базасы.

АЕМ мәдениет объектілерінің толық қызмет етпеуінің жалпы проблемалары: ауыл тұрғындарының аз болуы, алыс қашықтықта орналасқан ауылдарды мәдени-ағартушы іс-шаралармен қамтамасыз ету үшін автокөлік санының жеткіліксіздігі, сонымен қатар мәдениет ұйымдарын, тарихи және мәдени ескерткіштерді қалпына келтіретін шаруашылықты субъектілеріне, мәдениет объектілерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға жеткіліксіз қаржы бөлу болып табылады.

### Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:

Күшті жақтары:	Әлсіз жақтары:
1. Мәдениет саласын қаржыландыруға және жана объектілерін салуға жергілікті бюджеттен қаражат бөлу. 2. Мәдени объектілерге қатысу деңгейін ұлғайту. 3. Өткізілген <b>мәдени-бұқаралық іс-шаралардың санын ұлғайту.</b> 4. Мүгедектер үшін мәдениет мекемелерінің қолжетімділігін арттыру. 5. Туристік қызығушылық білдіретін мәдениет объектілердің санын арттуы.	1. Кадрлардың тұрақтамауы және мамандар тапшылығы. 2. Қорғау міндеттемелері барлық тарих және мәдениет ескерткіштері бойынша жоқ 3. Ескерткіштер бойынша есеп, қорғау және бақылау жүргізілмейді, олар бойынша бүгінгі күні күзет міндеттемелері жасалмаған (ескерткіштердің бұзылуы және жоғалуы нәтижесінде). 4. Мекемелер желісі мен кітап қоры бойынша ең төменгі мемлекеттік нормативтердің болмауы.

Мүмкіндіктері:	Қауіп-қатерлері:
1. Жаңа мәдениет нысандарының құрылысы, мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық жарақтандыруын жақсарту. 2. Мүгедектер үшін мәдениет қолжетімділігін қамтамасыз ету. 3. Өңірдің жас әртістерін жылжыту үшін республикалық конкурстарға қатысу. 4. Мәдениет қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру.	1. Ауыл тұрғындары санының аздығы. 2. Шалғайдағы ауылдарды мәдени-ағарту іс-шараларымен қамтамасыз ету үшін автокөлік санының жеткіліксіздігі.

### **Негізгі проблемалар:**

Ауылдық кітапханаларда Интернет желісіне қол жеткізуге компьютерлендірудің болмауы (20 орталық аудандық кітапханалардан және 13 орталық аудандық балалар кітапханасынан басқа)

Мәдениет қызметкерін даярлау орталықтарының болмауы. Бейіндік білімі бар мамандардың жетіспеушілігі.

Әлсіз материалдық-техникалық жарақтандыру (музыкалық аспаптардың, заманауи жабдықтардың, сахналық костюмдердің жетіспеуі), бұл қызметтің сапасына әсер етеді.

### **Тілдерді дамыту**

Облыста ересектердің мемлекеттік және басқа тілдерді оқыту инфрақұрылымы қалыптасқан. 2012 жылдан бастап аудандар мен қалалар әкімдіктердің маңында (*Амангельды мен Жангельды аудандарды санамай*) 18 тілдерді оқыту орталығы жұмыс істейді.

Тілдерді оқыту орталықтарын ашу тілдерді оқытудың бірегей инфрақұрылымын құруға мүмкіндік берді, бұл мемлекеттік тілді оқыту сапасына және облыс тұрғындарының мемлекеттік тілді меңгеру деңгейіне оң әсерін тигізеді.

Жыл сайын мемлекеттік тілді оқытын ересек тұрғындардың саны өсіп келеді. 2013 жылғы 01 қаңтарға мемлекеттік тілді оқытындардың саны 9,8 мың адамды құрады, олардан 3,6 мыңы қазақ тілін қазіргі заманғы оқыту құралдарымен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтылған тілдерді оқыту орталықтары базасында оқыды. 2016 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша мемлекеттік тілді 10253 адам үйренуде. Олардан 6056 адам тілдерді оқыту орталықтары базасында.

Облыстық тілдерді оқыту орталықтарының оқытушылары оқу-әдістемелік құралдар, кітапшалар, сабақтың жұмыс жоспарлары, «Мемлекеттік тілде құжат айналымы» курстарының тыңдаушылары үшін электрондық құрал және т.б. әзірледі.

ҚР ҒБМ-ң ұлттық тестілеу орталығының өкілдердің қатысуымен «Казтест» қазақ тілін білу деңгейінің бағалау жүйесімен және тестілеу өткізу жүрісімен танысу бойынша іс-шаралардың шеңберінде 2012-2015 жылдары кезеңінде «Казтест» бағдарлама бойынша диагностикалық тестілеуден 8072 адам өтті.

Мемлекеттік тілді оқу үрдісіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу мақсатында тілдерді оқыту бойынша бағдарламалар орналастырылатын

басқарманың сайты құрылды. Қазіргі таңда мемлекеттік тіл порталы «Тіл порталы» мен SOYLE.KZ сайтына қол жетімділік қамтамасыз етілді.

2013 жылдан бастап мемлекеттік тіл мен қатар ағылшын тіліне оқыту ұйымдастырылған. 2016 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша ағылшын тіліне оқытумен 1182 тыңдаушы қамтылды.

Тілдерді оқыту үрдісіне әр түрлі қызмет салаларының кәсіпорындары мен ұйымдары белсенді кірісіті: «Қазақтелеком» АҚ облыстық филиалы, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ облыстық филиалы, «Транстелеком» АҚ, «Фармация НЕО» ЖШС, «Компас» ЖШС және басқалар.

Ісқағаздарды мемлекеттік тілге аудару бойынша жұмыстар дәйекті түрде жүргізілуде. Құжат айналымының жалпы көлемінде мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілде іс қағаздар жүргізудің үлес көлемі 2012 жылы мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілде іс қағаздар жүргізу 81% құрады. 2016 жылдың 01 қаңтардағы жағдай бойынша аталған көрсеткіш 91%-ға жетті. Өсімнің 10%-ға оң тенденциясы байқалады. Бұл ретте, бұл қазақ тілімен бірге орыс тілі де ресми түрде қолданылатынын атап өту қажет.

Білім беру жүйесінде мемлекеттік тілдің рөлі нығаюда. 2012-2013 оқу жылдарында оқушылардың 29,6% қазақ тілінде оқыды. 2014-2015 оқу жылдарында осы көрсеткіш 30,3% құрады.

Қазақ ұлтының ана тілінде оқитын оқушыларының үлесі ұлғаюда. 2012-2013 оқу жылында аталған көрсеткіш 59,8% құрады. 2015-2016 оқу жылы қазақ ұлты оқушыларының 60,1% ана тілінде білім алуда.

Мемлекеттік тілдің коммуникативтік функциясы нығаюда. Тұрғындарға мемлекеттік тілді үйренуге қолдау көрсету мақсатында «Алау» телеарнасында және «Рудный дауысы» радиосында қазақ тілі сабақтары өткізіледі («Тілашар» телесабақтары, «Изучаем казахский язык» радиосабақтары), «Костанайские новости», «Федоровские новости», «Арқалық хабары» газеттерінде «Изучаем казахский язык» арнасы қызмет етеді.

Әлеуметтік зерттеулердің мәліметтері бойынша 2016 жылғы 01 қаңтарға облыста қазақ тілін меңгеру деңгейі 60,5% құрайды, соның ішінде 28,7% тілді жетік меңгерген, 9,7% - орта деңгейде және 22,1% - төмен деңгейде.

Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын орындау мақсатында облыс әкімдігі Қостанай облысында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша 2014-2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекітті.

Өңірдің лингвистикалық капиталын сақтау мақсатында бірқатар ұлттық-мәдени орталықтар жанында жексенбілік мектептердің жұмыстары ұйымдастырылған. Тілдерді оқыту орталығының базасында этникалық топтардың тілдеріне оқыту ұйымдастырылған.

Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:

Күшті жақтары:	Әлсіз жақтары:
1.Тілді оқыту инфрақұрылымын құруы (тілді оқыту үшін 18 орталық);	1.аумақтарда мемлекеттік тілді меңгеру деңгейінің әрқелкілігі;
2.Тілді оқыту орталықтарының материалдық-	2.өңірдің әлеуметтік-коммуникативтік

<p>техникалық базасын бекіту; 3.Мемлекеттік тілін білетін халық санын ұлғаюы; 4.Өткізетін тіл саясатын облыс халықтың қолдауының жоғары деңгейі.</p>	<p>кеңістігіне мемлекеттік тілдің жеткіліксіз енгізілуі мемлекеттік тілді дамытудағы проблемалар болып табылады;</p>
<p>Мүмкіндіктері: 1.Аккредитивтік тілдерді оқыту орталықтарын ашу 2.Өңірдің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігінде мемлекеттік тілді насихаттау және енгізу. 3. Мемлекеттік тілді әлеуметтік-коммуникативтік кеңістікке енгізу үрдісінде коммуникация, ойын-сауық, демалыс салаларында оны белсенді қолдану аясын кеңейту, отбасылық құндылық ретінде мемлекеттік тілді қолдану мерейін арттыру және насихаттау, балаларды мемлекеттік тілде танымдық, радио және теле бағдарламаларды оқып-үйренуді қалыптастыруда БАҚ рөлін күшейту</p>	<p>Қауіп-қатерлер: 1. Іскери қарым-қатынас, бизнес, ғылым және халыққа қызмет көрсету саласы мен мемлекеттік қызметтер көрсету жүйесінде де мемлекеттік тілді қолданудың төмен деңгейі</p>

### **Негізгі проблемалар:**

халыққа қызмет көрсету саласында мемлекеттік тілдің жеткіліксіз қызмет атқаруы, әлеуметтік-қоғамдық;

оқытудың сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік тілде оқытудың әдістемелік базасының әлсіздігі.

### **Даму тенденциялары**

Қолданыстағы тілдерді оқыту орталықтарын аккредиттеу.

Аймақтың әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігіне мемлекеттік тілді насихаттау және енгізу.

### **Дене шынықтыру және спорт**

2015 жылы дене шынықтырумен және спортпен белсенді айналысатын тұрғындардың саны 256,9 мың адам – облыс тұрғындарының жалпы санынан 29,1% құрады. Үш жыл аралығында облыс тұрғындарының дене шынықтырумен және спортпен айналысумен қамтылу серпіні 1,1% немесе 14,4 мың адам құрады.

Жыл сайын 7 мыңнан астам спорт іс-шаралары, оның ішінде ауылдық жерлерде – 4,8 мың іс-шара өткізіледі. Іс-шараларға 530,0 мың адам, оның ішінде ауылдық жерлерде – 350,0 мың адам қатысады.

Дене шынықтыру жұмысын дене шынықтыру және спорт бойынша 2,3 мың штаттық жұмыскер, оның ішінде ауылдық жерлерде 1,1 мың адам жүргізеді.

Бұқаралық дене шынықтыруды дамытудың ынталандыруының бірі спорт ғимараттары желісін кеңейту болып табылады. 2012 мен 2015 жылдар аралығында 132 объект, оның ішінде Қостанай ауд. Затабол ауылында, Қарасу ауд. Қарасу ауылында және Сарыкөл ауд. Сарыкөл ауылында стадион пайдалануға берілді. Тобыл ауд. Таран ауылында, Қамысты ауд. Алтынсарин

ауылында, А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, Қостанай қ. «Қазақстан» және «Арлан-2050», Рудный қ. «Качарец», Қостанай ауд. Озерное ауылында және Федоров ауд. Федоров кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешендері салынған. Қалпына келтірілді: Әуликөл ауд. Әуликөл ауылында «Болашақ» спорт ғимаратының кешені және Қостанай қаласында «Технодом Арена» коньки тебу стадионы. Ұзынкөл ауд. Ұзынкөл ауылында спорт зал қайта жаңартылған.

Спорт кешендерінің саны 2461 бірлікті немесе 2012 жылдың деңгейіне (2341 құрылыс) 5,1% құрайды. 2012-2015 жылдары кезеңде спорт инфрақұрылымын дамытуға 4276,3 млн. теңге, оның ішінде жергілікті бюджеттен 2432,4 млн. теңге, тартылған қаражаттардан 1843,9 млн. теңге бағытталды.

### Спорт инфрақұрылымын дамытуға инвестициялар

30-кесте

(млн. теңге)

	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
Жергілікті бюджет	37,9	698,3	1167,9	528,3
Тартылған қаражаттар	143,3	1093,0	592,2	15,45
Барлығы	181,2	1791,3	1760,1	543,7

2015 жылы 28 балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің жұмысы қамтамасыз етілді, оларда 17712 оқушы оқиды. Спорт мектептерінде жалпы білім беретін мектептер оқушыларының 17,7%-ы спорт мектептерінде сабақтармен қамтылды. 2011-2015 жылдары: Қазақстан Республикасының 226 спорт шебері және 36 халықаралық сыныптағы спорт шеберлері даярланды.

Спорт мектептерінде 35 спорт түрлері, оның ішінде 24 олимпиадалық, 3 ұлттық және 8 олимпиадалық емес спорт түрлері таратылады.

Балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінде 504 жаттықтырушы-оқытушы сабақ жүргізеді, оның ішінде 345-штаттық жаттықтырушы-оқытушы. 151 бөлімшенің жұмысы қамтамасыз етілді, соның ішінде 120 бөлімше олимпиадалық спорт түрлері бойынша, 13 – ұлттық спорт түрлері бойынша 18 – олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша.

Облыста 2966 жасөспірім айналысатын 34 балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру клубы құрылған. Клубтар жұмыс істейді: Лисаков қаласында – 5, Қостанай қаласында – 19, Қостанай ауданында – 4, Таран ауданында – 1 және Жітіқара ауданында – 5.

31-кесте

### Балалар мен жасөспірімдерді дене шынықтырумен қамту серпіні

	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
Жалпы білім беретін мектептер оқушылардың саны (адам)	104313	102005	100821	99671
Бозбала спорттық мектептерде, спорттық	16664	16949	17379	17712

клубтарда дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын 7-18 жастағы балалар мен жасөспірімдердің қамтуы				
Бозбала спорттық мектептерде, спорттық клубтарда дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын 7-18 жастағы балалар мен жасөспірімдердің қамтуы	3587	3188	2862	2966
Бозбала спорттық мектептерде, спорттық клубтарда дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын 7-18 жастағы балалар мен жасөспірімдердің қамтуы	19,4	19,7	20,1	20,1

Талдау көрсеткендей, салауатты өмір салты мен бұқаралық дене шынықтыруға халық арасында қызығушылық артып келеді. Спортпен шұғылданатын азаматтар санының өсуі байқалады. Спортпен белсенді шұғылдануға халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін спорт объектілерін салу мен қайта жаңарту және спорт мекемелері ұсынатын дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін кеңейту бойынша жұмыстар жалғастырылады.

Балалар мен жасөспірімдерді спортпен шұғылдануға тарту үшін дене шынықтыру дайындығының спорт мектептері мен балалар-жасөспірімдер клубтарын кеңейту бойынша жұмыстар жалғастырылады, спорттық кешендер желісін дамыту бойынша шаралар қабылданды.

Жоғары спорттық нәтижелерге жету үшін балалар-жасөспірімдер спорт ұйымдарын қаржыландыруды ұлғайту қажет.

Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:

<p>Күшті жақтары</p> <p>1.Тұрғындардың спорт объектілеріне баруын ұлғайту;</p> <p>2.2012 жылмен салыстырғанда спорттық кешендердің саны 7 бірлікке ұлғаюы.</p>	<p>Әлсіз жақтары</p> <p>1.Материалдық-техникалық базаның төмен деңгейде жабдықталуы;</p> <p>2.Спорт залдарының жеткіліксіздігі; әдістердің жұмысымен спорт бойынша 47,7% ауыл мекелер қамтылған.</p>
<p>Мүмкіндіктері:</p> <p>1.Облыстық инфрақұрылымда дене шынықтыру және спорт сабақтары үшін жағдайлар жасау;</p> <p>2.Жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін салу;</p> <p>3.Қолданыстағы спорт объектілерін қайта жаңарту және күрделі жөндеуден өткізу;</p> <p>4.Барлық қызмет салаларында жұмыскерлердің кәсіби деңгейін арттыру (даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру).</p>	<p>Қауіп-қатерлері:</p> <p>1. Халықаралық деңгейдегі ресми жарыстарда жоғары спорт нәтижелерін көрсететін спортсмендер мен жаттықтырушыларды әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету мақсатында нормативтік құқықтық актілердің жетілдірілмеген нысандарының салдарынан кадрлардың аталған сектордан кетуі туындап отыр және осы бағытта біліктілігі жоғары мамандар қызығушылығының төмен болуы байқалып отыр.</p>

Жүргізілген талдау негізінде облыстың қалалары мен аудандарында дене шынықтыру мен спорттың дамуын тоқтатып тұрған **негізгі проблемалар** анықталды:



1. Спорт инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы;
2. Спорттық ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтармен жабдықтаудың төмен деңгейі;
3. Жаттықтырушы-оқытушылар құрамы еңбекақысының төмен деңгейіне байланысты дене мәдениеті және спорт секторынан білім беру секторына білікті кадрлардың кетуі.

### Туризм

Облыс аумағындағы Наурызым қорығының, «Сосновый бор» шипажайының, «Джайляу КЗ» сауықтыру кешенінің болуы туризм дамуының стратегиялық маңызды факторларының бірі болып табылады.

Тобыл өзені жайылмасының бойында орналасқан туристік базалар бар рекреациялық туризм дамуда.

2016 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша туристік ұйымдардың саны 115 бірлік құрап, оның ішінде тuroператорлық қызметтегі – 16, турагенттік қызметтегі – 99.

2015 жылы туристерді жайғастыру үшін объектілердің саны 107 бірлікті құрады, бұл 2014 жылғы деңгейге қарағанда 12,6%-ға көп соның ішінде 88 қонақ үй, 9 пионерлік лагерь, 2 туристік база, 6 демалыс үй, 1 мотель.

2015 жылы көрсетілген қызметтердің жалпы көлемі **1075,4** млн. теңге құрады, бұл 2013 жылдың деңгейінен 5,6%-ға артық.

Ішкі туризмнің төмендеуі байқалады. 2014 жылдың қорытындылары бойынша резидент туристтерінің саны 178,7 мың адам құралды, 2015 жылы 152,8 мың адам (*14,5%-ға төмен*), 2013 жылмен салыстырғанда 12,7%-ға төмендеді (*175,0 мың адам*).

Сонымен қатар, 2015 жылы облысқа келуші шетелдік туристер саны 12,1%-ға артты (*8425 адам*).

Сала дамытудың Swot-талдауы:

Күшті жақтары:	Әлсіз жақтары:
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бірегей табиғи және мәдени-тарихи ресурстардың болуы.</li> <li>2. Көлік қатынасында ыңғайлы, елдің басқа өңірлерімен байланыс.</li> <li>3. Қостанай облысы автомобиль және темір жол қатынасының көлік торабымен транзиттік аймақ болып табылады.</li> <li>4. Наурызым қорығының және табиғи қаумалдардың болуы.</li> <li>5. Туристік игеру үшін жарамды орман алқаптарының және су қоймаларының бар болуы.</li> <li>6. Базалық санаториялық-курорттық объектілердің болуы.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Облыс аудандарында инфрақұрылымның дамымауы немесе әлсіз дамуы.</li> <li>2. Өңірде туризмді дамыту бойынша жүйелі іс-шаралардың болмауы.</li> <li>3. Табиғат ресурстарын тиімсіз пайдалану.</li> <li>4. Мәдени-тарихи нысандарды қорғау, қалпына келтіру және консервациялау бойынша қабылданып жатқан шаралардың болмауы.</li> <li>5. Дамыған қонақ үй-мейрамхана шаруашылығының болмауы.</li> <li>6. Туристік орындарға апаратын жолдардың нашар жай-күйі және/немесе болмауы.</li> </ol>

Мүмкіндіктері:	Қауіп-қатерлері:
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қала мен облыстың кәсіпорындары арасындағы экономикалық өзара әрекеттесуді күшейту;</li> <li>2. Облыстың шалғай аймақтарының инфрақұрылымын дамыту;</li> <li>3. Ішкі және кіру туризмін дамыту.</li> <li>4. Этнотуризм мен экотуризм бағыттарын құру.</li> <li>5. Тарихи ескерткіштер мен естелік орындарды (объектілерді) қалпына келтіру, тиімді пайдалану және қорғау.</li> <li>6. Табиғи-ландшафтық аумақтарды сақтау және табиғатты қорғау шаралары және абаттандыру есебінен қоршаған ортаның сапасын жақсарту;</li> <li>7. Туризмнің инфрақұрылымдық бәсекелестігін құру мүмкіндігі.</li> <li>8. Облыс аудандарының халықын жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге.</li> <li>9. Бюджет кірістерінің және түсімдерінің өсуі.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Инвестициялық тапшылықтың өсуі және соның салдары ретінде, құрылыс бағдарламаларын тоқтата тұру немесе бұралу, сондай-ақ жаңа құрылыс, қолданыстағы автомагистральдарды қайта құру;</li> <li>2. Көршілес облыстар мен Ресей Федерациясында ұқсас түрөнімдер көздерінің тарапынан бәсекелестіктің күшеюі;</li> <li>3. Күзету шараларын қабылдамаған жағдайда қолда бар объектілер мен ресурстарды жоғалту мүмкіндігі;</li> <li>4. Туристік сұраныстың маусымдылығы.</li> <li>5. Сыртқы (көшпелі) туризм тарапынан бәсекелестік.</li> <li>6. Туристік-рекреациялық бизнесте дағдылары мен кәсібилік деңгейінің төменділігі;</li> <li>7. Ұсынылатын туристік қызметтерге қызмет көрсету сапасы мен деңгейі бағасының сәйкессіздігі.</li> </ol>

Жасалған талдауға сәйкес өңірде туризм саласының дамуына кедергі келтіретін проблемалардың қатарын анықтауға болады:

- 1) туризмнің дамыған инфрақұрылымының болмауы  
Қонақ үйлерді, пансионаттарды, үйлер мен демалыс базаларын, сонымен қатар шипажайлық-курорттық ұйымдарды қоса алғанда орналастыру объектілерінің материалдық базасы моральдық және физикалық тозу деңгейімен сипатталады;
- 2) қонақ үй қызметінің төмен деңгейі  
Қазіргі күні туризм ауқымдары, түрлері, сапасы және туристерге орналасу орындарын ұсыну халықаралық талаптарға сәйкес келмейді;
- 3) әлсіз насихаттау және облыстың тарихи-мәдени орындары бойынша туристік маршруттарды көбейту
- 4) өңірді шетелде төмен деңгейде білуі  
Әлемдік нарықта облыстың имиджін көтерудің жеткіліксіздігі, өңірдің туристік әлеуеті жөнінде жарнамалық ақпараттардың жеткілікті көлемде болмауы.

### **Ішкі саясат**

858 қоғамдық ұйымдарымен әрекеттесуі іске асырып жатыр, соның ішінде: саяси партиялардың облыстық бөлімшелері - 6, этномәдени бірлестіктер – 18, этнобағдарлы бірлестік – 61, үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) - 773 ауыл ҮЕҰ үлесімен - 24%.

Соңғы 3 жылдар бойынша ҮЕҰ саны 5%-ға артты (2014 ж. – 737)

Қостанайдағы ҮЕҰ-дың негізгі қаржыландыру көзі жыл сайынғы ұлғаюымен және салалық көзқарасының кеңейтуімен сипатталатын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс болып табылады. Нәтижесінде, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс соңғы 5 жыл бойынша 1,7 есе ұлғайды.

2015 жылы ҮЕҰ жобаларының қаржыландыру көлемі 167,9 млн. теңгені құрады, оның ішінде 63,2 млн. теңге өңірлік қаржыландыру және салалық қаржыландыру – 104,7 млн. теңге.

Облыс мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асыруына 56 үкіметтік емес ұйым қатыстырылды. ҮЕҰ қызметтерімен 180 мыңнан астам адам қамтылған, бұл облыс халқының жалпы санынан 20% құрайды.

Мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының конструктивті қарым қатынасын қамтамасыз ету шеңберінде тұрақты қызмет ететін диалогтық алаңдардың жұмысы қалыпқа келтірілді, олардың араларында Медиа-форум, Азаматтық форумдар, ауылдық ҮЕҰ форумы, Патриоттар форумы, Аймақтық жергілікті ғылыми-практикалық конференциясы, этникааралық қатынастар мәселелері бойынша аймақтық жергілікті семинары, Достық үйінің зияткерлік қонақ үйі бар қоғамдық тыңдаулар дәстүрлі болып табылады.

Қазақстанның жаһандық халықаралық ұйымдардағы көшбасшылығын мойындаудың жетекші факторларының бірі облыстағы мемлекеттік саясатты, Мемлекет басшысының жыл сайынғы жолдауларының негізгі бағыттарын және оларды іске асыру барысын түсіндіру мен насихаттау жөніндегі жұмыстар қолдайтын ішкі саяси тұрақтылық болып табылады. Тұрғындардың арасындағы ақпараттық-насихаттау жұмысы басты тетік болып табылады. Мемлекет басшысының Жолдауын негізге ала отырып, облыстық ақпараттық топ (АТ) құрамы жасақталады.

Аудандар мен қалалар халқының қалын ортасын ақпараттандыру үшін 2015 жылы мемлекеттік органдардың жетекшілері, аудандық және қалалық мәслихаттардың депутаттарынан, жұртшылық пікірінің жетекшілерінен біріктірген 21 ақпараттық-насихаттау топ жұмыс жасады (*1 облыстық, 20 қалалық және аудандық АТ*).

Облыста 61 этнобағытталған бірлестік қызмет етіп келеді, 18-і облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының құрамына кіреді.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде тұрақты негізде ұлтаралық келісімнің қазақстандық моделін насихаттау бойынша «Достық керуені» тобының ақпараттық-насихаттау тақырыптық қызметі ұйымдастырылған.

2016 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Қостанай облысының аумағында 119 бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде 84 газет және журналдар, 35 электрондық БАҚ (*15 кабельдік теледидар студиялары, 9 радиостанция, 10 телекомпания және 1 авторлық теледидар студиясы*). Олардың 95%-ы мемлекеттік емес болып табылады.

Қостанай облысындағы 45 бұқаралық ақпарат құралының өзіндік интернет-ресурсы бар. Одан басқа, ақпараттық агенттіктің 1 сайты, облыс әкімінің интернет-порталы, қалалар мен аудандар әкімдіктерінің 20 интернет-ресурстары, облыс әкімдігі басқармаларының 25 сайты, облыстық департаменттер мен мемлекеттік мекемелердің 21 сайты қызмет етіп келеді.

2015 жылы облыс бойынша мемлекеттік ақпараттық тапсырыс 474,8 млн. теңгені құрады (*соның ішінде 268,0 млн. теңге – облыстық бюджет*

қаражаты, 206,8 млн. теңге – қалалар мен аудандар бюджеттерінің қаражаты).

Мемлекеттік ақпараттық тапсырыс соңғы үш жылда 1,2 есеге ұлғайды (2013ж. – 395,7 млн теңге). Мемлекеттік тапсырыс жүйесіне 30 облыстық, қалалалық, аудандық газет, 3 республикалық газет пен 14 телерадиостудия қатысады.

Елді дамытудың негізгі басымдықтары мен облыстық, аудандық және қалалық БАҚ арқылы өткізілетін мемлекеттік саясат туралы облыс тұрғындарының ақпараттандыру деңгейі 78% құрады.

### **Жастар саясаты**

2016 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша облыста тұрғындардың жалпы санынан 25,4% құрайтын 14 пен 29 жас аралығындағы 217268 жастар, бұл елдегі жастардың жалпы санынан 5,3% және өңірлердегі жастардың жалпы санынан 25,4%.

Экономикалық белсенді жастар 118,9 мың адамды құрайды (оның ішінде қала – 66,4 мың адам, ауыл – 52,5 мың адам).

Жыл сайын мемлекеттік жастар саясаттың іске асыруына қаржыландыру көлемі өседі. 2012 жылы осы мақсаттарға 70 млн теңге, 2013 жылы 135,560 млн теңге, 2014 жылы 170 млн. теңге бөлінсе, сонда 2015 қаржыландыру сомасы 154,97 млн теңгені құрады (2012 жылғы деңгейге 2,2 есе өсуі).

Қостанай облысында 8 жоғары оқу орны қызмет етеді, оның базасында 17798 адам (оның ішінде 12802 – күндізгі бөлімде, 4996 – сырттай бөлімде) оқытылады. «Серпін – 2050» мемлекеттік бағдарлама бойынша оқуға еліміздің оңтүстік өңірлерінен келген студенттер саны - 1028 адам.

Оқу орындарында жүйелі негізде жастармен жұмыс бойынша бөлімшелердің қызметі жүргізіледі (*тәрбие жұмысы бөлімдер, жастар істері жөніндегі комитеттер, студенттік өзін-өзі басқару органдары т. б.*). Студенттік бірлестіктер, үйірмелер құрылған, ҮЕҰ республикалық жастар өкілдігі жұмыс істейді.

Техникалық және кәсіптік біліммен қамту деңгейі (14-тен 24 жасқа дейінгі) 10,7% құрайды.

Соңғы жылдары алынған бағдар жұмыс мамандығына колледж түлектері санының ұлғайуынын (2012 ж. - 7092 адам, 2013 ж. - 9187 адам, 2014 ж. - 8625 адам, 2015 жылы – 7846 адам) және жоғары оқу орындарында түлектер санының азайуын (2012ж. - 5413 адам, 2013 ж. - 4138 адам, 2014ж. - 3867 адам, 2015 ж. - 3665 адам) көрсетеді.

Республикалық - 72,5%-ы кезінде бітірушілердің жұмысқа орналасқандар үлесі 82% құрайды. Аталған көрсеткіш жұмысқа орналастыру бойынша жоғары оқу орындары мен колледждердің түлектеріне түсіндіру жұмысытарының, облыс кәсіпорындарымен меморандумдар қорытындысының, жұмысқа орналастыру бойынша мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша жұмысқа бағытталған бос орындар жәрмеңкесін жүргізудің арқасында қол жеткізіледі.

Жастарды жұмысқа орналастыруға қосымша талаптар мемлекеттік бағдарламаларды іске асырумен құрылады.

«Дипломмен – ауылға!» республикалық жоба Қостанай облысы бойынша 2009 жылдан бастап іске асырылуда. Жобаны іске асырудың басынан бастап ауылдық жерлерге 3 200 астам маман жұмысқа тартылды (2012 жылы – 503 адам, 2013 жылы – 529 адам, 2014 жылы – 454 адам, 2015 жылы – 330 адам).

Сондай-ақ, аталған мемлекеттік бағдарлама шеңберінде тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алу арқылы тұрғын үй мәселесін шешу ұсынылады. 2015 жылы мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 222 жаңадан келген мамандарға 597 млн. теңге мөлшерінде қаражат бөлінді.

Жастарды маусымдық жұмыспен қамту мәселесін шешуге «Жасыл Ел» мемлекеттік бағдарламасы бағытталған.

2012-2015 жылдарға «Жасыл Ел» жобаны іске асыруға облыста 40-тан астам млн. теңгеде қаржыландырумен (2013 жылы – 16 млн. теңге, 2014 жылға – 10 млн. теңге, 2015 жылы – 14 млн. теңге) 2000-нан астам адам қамтылды (2013 жыл – 519, 2014 ж. – 520, 2015 жылы – 1000).

Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру өңірде сондай-ақ үкіметтік емес сектор арқылы жүзеге асырылады. 2016 жылдың 01 қаңтардағы жағдай бойынша облыста 115 жастар үкіметтік емес ұйымдарда қызмет атқарады (оның ішінде 9 республикалық жастар ұйымдары: Жас Отан, Жас Улан, Жас Қыран, Ауылдық жастар одағы, Студенттер альянсы, Жасыл Ел, Жастар конгрессы, Жұмысшы жастар одағы, Ұлттық еріктілік жүйесі).

Жастар саясаты саласында 4 сайттың жұмысы жалғасуда: Zhastar.kz, Patrioti.kz, kcmi.kz, zhastar.kostanay.gov.kz. Вакансиялар және ізденуші ашық базасы бар жастарды жұмыспен қамту бойынша интернет-портал құрылған.

2016 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша Қостанай облысының аумағында 19 Жастар бастамаларының орталығы қызмет етеді, бұл 2012 жылдан 4,8 есе көп. Орталықтардың қызметі тұрғылықты жері, оқу және жұмысы бойынша атаулы жұмысты түзуге, жастарды дамыту және өзін-өзі таныту үшін жағдай жасауға бағытталған.

2015 жылы 900 іс-шаралар өткізілді, 800 консультациялар көрсетілді, проф бағдарлау, жастарға кеңес беру бойынша жұмыс белсендірілді, өткізілетін іс-шараларға мемлекеттік органдардың мамандары тартылады.

Қостанай облысы әкімдігінің қарамағында Жастар істері жөніндегі кеңесі, қалалар мен аудандардың әкімдіктері қарамағында 20 Кеңестер жұмыс істейді, олардың құрамына мемлекеттік органдардың басшылары, үкіметтік емес ұйымдар, мәслихат депутаттары мен жастар ұйымдарының көшбасшылары кіреді.

Орындарында жастар айналымда әлеуметтік қауырттылығының өсуіне жол бермеу бойынша алдын ала шамалардың жоспарлар іске асырылады.

Саланың дамыту жағдайының Swot-талдауы:

Күшті жақтары:	Әлсіз жақтары:
1. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде облыстық және 4 өңірлік ресурстық орталықтары арқылы жүргізілетін	1.Бейінді ҮЕҰ үшін әлеуметтік тапсырысты салалық қаржыландырудың жеткіліксіз деңгейі.

<p>ҮЕҰ мен облыстың бастамашыл топтары үшін гранттық жүйесі енгізілген.</p> <p>2. ҮЕҰ ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз ету үшін Қостанай облысы ҮЕҰ Ресурстық орталығының <a href="mailto:grin_kost@mail.ru">grin_kost@mail.ru</a> сайты жұмыс істейді.</p> <p>3. Облыста Қазақстанның ұлттық бірлігі Доктринасының негізгі көрсеткіштерін іске асыру бойынша жүйелі жұмыс ұйымдастырылған</p> <p>4. Облыстың мнтернет кеңістігіне БАҚ әсері кеңейе түсті – үш жыл ішінде БАҚ сайтының саны 24-тен 45-ке дейін ұлғайды.</p> <p>5. 2015 жылдан бастап мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған Аймақтық коммуникациялар қызметі жұмыс істейді.</p> <p>6. Кәсіби топтарда жұмыс істейтін облыстық, үнемі жұмыс істейтін 2 тақырыптық ақпараттық-насихаттаушы топтардың және «Жас саясаткер» жастар ҮЕҰ қорытындылары бойынша қызмет және кері байланыс қалыптасты.</p> <p>7. Аймақтарда жастар бастамасы орталықтары ашылды (19).</p> <p>8. Жастар үкіметтік емес ұйымдарының саны 115-ға дейін өскені байқалып отыр.</p>	<p>2. Ақпараттық-насихаттау жұмыстарын өткізу кезінде жаңа ақпараттық технологияларды, коммуникативтік технологияларды қолданудың жеткіліксіз деңгейі.</p> <p>3. Электронды БАҚ-да ресейлік телеарналардың сұранысқа ие болуы бұрынғыша жоғары, бұл мемлекеттік ақпараттық саясаттың негізгі басымдықтары туралы халықтың хабардар болу деңгейін төмендетеді.</p>
<p>Мүмкіндіктері:</p> <p>1. Әдістемелік семинарлар жүргізу арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының кадрлық әлеуетті кәсібилендіру үшін әдістемелік көмекті ұйымдастыру.</p> <p>2. Облыс өңірлерінің бейінді ҮЕҰ ескере отырып мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс лотының тақырыптарын реттеу арқылы мемлекет пен ҮЕҰ әлеуметтік әріптестігін одан әрі тереңдету.</p> <p>3. Қазақстанның тәуелсіз құндылықтары мен мемлекеттің даму Стратегиясын жылжытуға арналған аймақтық ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға ғылыми зиялы қауымды тарту.</p> <p>4. Отандық БАҚ контентінің қажеттілік деңгейін арттыру мақсатында ұлттық жерсеріктік хабар таратуды дәйекті түрде енгізу.</p> <p>5. Жастар саясаты саласындағы түрлі форматтағы іс-шаралар өткізу.</p> <p>6. Жастар арасында мәдени-демалыс, ақпараттық түсіндіру жұмыстарын қолдау.</p>	<p>Қауіп-қатерлері:</p> <p>1. Қоғам-саяси жағдайын тұрақсыздандырушы факторларды қалыптастыру.</p> <p>2. Халықтың өмір сүру деңгейінің сапасын төмендету нәтижесінде әлеуметтік шиеленістің күшеюі.</p>

### **Негізгі проблемалар**

Облыс тұрғындарының қолдауымен Мемлекеттің даму стратегиясы деңгейін төмендету.

Мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын насихаттау бойынша ақпараттық жұмыстарының кадрлық әлеуетін кәсібилендірудің жеткіліксіз деңгейі.

Салалық ҮЕҰ, азаматтық қоғам институттарын кадрлық қамтамасыз ету үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың салалық қаржыландыруының жеткіліксіз көлемі.

Қазақстандық мазмұнымен облыс медия кеңістігінің жеткіліксіз қамтылуы.

Ауыл жастарын жұмысқа орналастырудың төмен пайызы.

Жастар арасындағы қылмыс.

Жастар саясатын жүзеге асыруға кадрлық, ғылыми және ақпараттық қамтамасыз ету жеткіліксіз.

### **2.1.3. Қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп**

2012-2014 жылдары тіркелген қылмыстардың саны 22 537-ден 23 441-ге дейін өсті, 2015 ж. – 22 661. Бұл ретте 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда жалпы қылмыстар 25580-нен 23441-ге дейін (-8,4%) төмендеуі байқалады.

Облыста нақты қылмыстық ахуал әлеуметтік-тиімді деңгейде сақталып отыр.

Егерде 2013 жылды 2012 жылмен салыстырғанда тіркеудің өсуі негізінен зорлаудың (+48,2%), бұзақылықтардың (+95,9%) және алаяқтықтардың (+25,6%) қылмыстардың есебінде орын алса, 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда ол өлтірудің (-26,3%), тонаулардың (-54%), алаяқтардың (-18,9%), малды (-25,5%) және ұялы телефондарын (-23,7%) ұрлықтардың тіркеу төмендеуімен байланысты болды.

Бұл ретте, 2015 жылы 2014 жылғы ұқсас кезеңімен салыстырғанда мынадай қылмыстардың тіркеуінің өсуі байқалады: адам өлтіру (+5,1%), ауыр дене жарақатын салу (+59,2), қарақшылық (+75,0) және ұрлау (22,5%). Мынадай қылмыстардың төмендеуі байқалады: қорқытып алушылық (-52,3), ұрлық (-12,3%), тонау (-28,9%), бұзақылық (-31,6%).

2012-2015 жылдары бойынша қоғамдық жерлерде және көшелерде болатын қылмыстың төмендеуі байқалады. Қоғамдық жерлерде 36,8%-дан 29,6%-ға дейін және көшелерде жасалған қылмыстың үлес салмағы 58,4%-дан 18,1%-ға дейін төмендеді.

2015 жылы 2014 жылғы ұқсас кезеңімен салыстырғанда, қоғамдық орындарда (-0,7%) және көшелерде (2,1%) жасалған барлық қылмыстардың үлес салмағының азайуы байқалады. Алайда, ағымдағы кезеңде қоғамдық орындарда және көшелерде қылмыстардың үлес салмағы әлі де жоғары деңгейде, сәйкесінше 28,9% және 16,0%.

2015 жылы 2012 жылмен салыстырғанда аса ауыр қылмыстар саныны 33,5%-ға азайғаны байқалды, соның ішінде кісі өлтіру 23,4% - ға, қарақшылық 2,6 есе.

Көше қылмысын ұстау мақсатында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды ұйымдастыруды одан әрі жетілдіру бойынша шаралар қабылданды:

-көшелерде, қоғамдық жерлерде, шағын тұрғын үй аудандарында және азаматтар көп баратын орындарда бейне бақылау жүйелері орнатылуда;

- облыс көшелерінде «Әмбебап полицей» принципі бойынша қылмыстардың алдын-алу, қоғамдық тәртіпті күзету, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстардың «іздерін суытпай» ашу негізгі міндеттері болып табылатын жол-патрульдік қызметкерлері қызмет атқарады.

2012-2015 жылдары бойы жасөспірімдер арасындағы қылмыс көрсеткіштерінің төмендеуінің қарқыны байқалып отыр. Кәмелетке толмаған жасөспірімдермен жасалған қылмыстардың үлес салмағы 2012 жылы 5,6%-тан 2015 жылы 4%-ға дейін төмендеді, 2015 жылы-3,8%. Көпшілікте, әрбір қалалық және ірі ауыл мектептеріне бекітілген алдын алу іс-шаралары жүргізілетін кәмелетке толмаған қылмыстығының оң серпіні «мектеп» полиция инспекторларының жұмыс қорытындыларымен байланысты.

Қылмыс санын төмендеуімен бірге 2012-2015 жылдар аралығында қылмыс жасалған және қылмыстық жауапкершілігіне тартатын кәмелетке толмаған жасөспірімдердің саны 24%-ға (393-тен 298-ге дейін) төмендеді, соның ішінде жалпы білім беретін мектептерде оқитын 11,7%-ға (188-ден 166-ға дейін) төмендеді.

2012-2014 жылдардағы кезеңде жол-көлік апаты 3,4%-ға (705-тен 729 дейін) өсті, нәтижесінде 128 адам қайтыс болды (+33,3%, 2012 жылы-96 адам) және әр түрлі жарақат алған 934 адам (+5,1%, 2012 жылы-889).

Алайда, 2015 жылы 613 дейін тіркелген жол-көлік оқиғасы санының төмендеуі белгіленген, бұл 2014 жылғы деңгейден 16%-ға (729 жко) төмен, онда 105 адам қайтыс болды (204 ж. – 128 адам, (-18,0%.) 772 адам жарақаттанған (204 ж. – 934, (-17,3%).

2015 жылы ЖЖЕ 93704 әкімшілік құқықты бұзу анықталған (2014ж.-86689, (+8,1%), 2014 ж. – 70441, (+33%).

Өңірде дін ахуалы тұрғындар арасында дінге дәстүрлі көзқарастың басымдылығымен, ұлысаралық және дінаралық қарсылықтар үшін принципалды себептердің болмауымен сипатталады. 2013-2015 жылдардағы кезеңде тіркелмеген дін ұйымдары қызметін жүзеге асырудың факті анықталмады (2012 жылы – 2 факт).

2012-2015 жылдары қылмыс құрылымында есірткі қылмыстарының үлесі 1,6%-дан 1,4%-ға дейін азайып жатыр.

2015 жылы облыс аймағында 320 есірткі қылмысы тіркелген (2014ж.-306, 2013ж.-318, 2012 ж. - 362).

2012-2014 жылдары бойынша анықталған есірткі сату фактілерінің саны 217-ден 174-ке дейін (19,8%), есірткі сақтау 130-дан 93-ке дейін (28,5%) азайды. 2015 ж. есірткі сатудың 188 факті тіркелді (8%-ға өсті), бұл ретте жеке тұтыну



үшін аса ірі мөлшерде есірткі заттарын сақтау фактілері санының төмендеуі жалғасты – 87 (6,5% төмендеу).

2015 ж. заңсыз айналымнан алынған есірткі заттарының жалпы салмағы – 836,119 кг құрады, бұл 2012 жылғы деңгейден 2,9 есе жоғары (2012ж. – 282,135 кг).

Облыс аумағына есірткі заттарының арналарын анықтау және жолын кесу бойынша жүргізілген іс-шаралар барысында, Қазақстан Республикасы ҰҚК ШҚ бірігіп, Қостанай облыс бойынша есірткі заттары контрабандасының 41 фактісі анықталды (2014ж. - 36,2013ж. – 20, 2012 ж. - 7).

Қостанай облысындағы есірткі жағдайына әсер ететін белгілі фактор Ауғанстаннан, ортаазиялық республикалардан және елдің оңтүстік өңірлерінен Ресейге «оңтүстік-солтүстік» бағытындағы есірткі тасымалдаудың пайдалы «транзиттік дәлізі» ретінде оның географиялық орналасуы болып табылады.

Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:

<p style="text-align: center;">Күшті жақтары (S):</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғау бойынша жағдайлары жасалған.</li> <li>2. Қылмыс туралы барлық өтініштер мен хабарлардың толық тіркеуі;</li> <li>3. <b>Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Бөтен мүлікті ұрлауға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015-2017 жылдарға арналған бағдарламасын</b> іске асыру.</li> <li>4. Қолиция қызметкерлерінің қызметтік және жауынгерлік даярлық, жауынгерлік қабілеті мен кәсіби деңгейін арттыру.</li> </ol>	<p style="text-align: center;">Әлсіз жақтары (W):</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Отбасы-тұрмыстық салада құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша шаралардың жеткіліксіздігі</li> <li>2. Тұрмыстық маскүнемдік, маскүнемдіктің және нашакорлықтың алдын алу проблемаларының шешілмеуі.</li> <li>3. Қиын өмірлік жағдайға тап болған тұлғаларға, әлеуметтік бейімдеу және оңалту деңгейінің жеткіліксіздігі</li> <li>4. Ұйымдасқан балалардың бос уақыты нысандарының, өтеусіз аула клубтарының, үйірмелер, спорттық секциялардың жетіспеушілігі.</li> <li>5. Қажетті материалдық-техникалық қамтамасыз ету деңгейінің жеткіліксіздігі және полиция бөлімшелері оқу базасының болмауы.</li> </ol>
<p style="text-align: center;">Мүмкіндіктері (O):</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қылмысқа қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықты жетілдіру;</li> <li>2. Ақпараттық жүйелерді және электрондық деректер базасын жаңғырту және құру;</li> <li>3. Құқық бұзушылық пен қылмыс саны өсуінің алдын алу бойынша дер кезінде шаралар қабылдау;</li> <li>4. Террористік және экстремистік ұйымдар мүшелерін анықтау және ұстау бойынша іс-шараларды жүргізу;</li> <li>5. «Мектеп» полиция инспекторларының институтын дамыту.</li> <li>6. Полиция нарядтарының іс-қимыл жеделдігін арттыру.</li> <li>7. Облыстың қалалары мен аудандарында бейне бақылау жүйесін құру.</li> </ol>	<p style="text-align: center;">Қауіп-қатерлері (T):</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Біртұтас экономикалық кеңістік аумағында қылмыстық топтардың белсенді шоғырландыру қауіпі артады.</li> <li>2. Қазақстанмен шектес мемлекеттердегі тұрақсыз әлеуметтік-саяси жағдайы көші-қон ағынының және олардың қылмысына ілесуінің өсуіне ықпал етеді;</li> <li>3. Дәстүрлі емес экстремистік бағыттағы ағымдарды білдіретін шетелдік миссионерлер мен діни бірлестіктердің қызметі.</li> </ol>

### **Негізгі проблемалар**

Қоғамдық орындарда және көшелерде қылмыстың үлес салмағы жоғары. Жол қозғалысына қатысушылардың мінез-құлық мәдениеті төмен.

Облыс полицейлерінің, оның ішінде жол патрульдік полициясының бос лауазымдарының толықтырылмауы.

Автопатрульдердің, жылжымалы және стационарлық полиция бекеттерінің санын ұлғайту, оларды бірыңғай мәліметтер банкісіне кіруге мүмкіндігі бар компьютерлермен жарақтандыру.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалардың әлеуметтік бейімделуінің және оңалтудың толыққанды жүйесі жоқ.

Есірткі пайдалануда халықтың қатысу деңгейі жоғары.

### **Даму беталысы**

Салауатты өмір салтын насихаттау, жол қозғалысы ережесін және қоғамдық тәртіп саласындағы заңнаманы сақтау мақсатында халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Тәуліктік тәртіпте жол қозғалысы ережелері бұзушылықтарын бақылау және автоматты фиксациялау жүйесін дамыту.

Ерте нашақорлықтың алдын алу жүйесін құру қажет.

Мамандандырылған медициналық мекемелерді дамыту.

Жалпы мемлекеттік есірткіге қарсы насихаттау жүйесін қалыптастыруға тәсілдерін ұйымдастыруды жетілдіру, оның ішінде және заңнамалық деңгейде.

Барлық мемлекеттік органдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуетін пайдалана отырып пәрменді ақпараттық-насихаттау шараларының кешенін қабылдау.

### **Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарының алдын алу және зардаптарын азайту**

Облыс аумағы маусымдық су тасқынына, қыс мерзімінде тұрмыстық, өндірістік және ландшафттық өрттерге және төтенше жағдайларға тәуелді.

2012-2015 жылдар аралығындағы кезеңде облыста 5648 техногендік және табиғи өрт жағдайлары тіркелген, онда 197 адам қаза болды.

2015 жылы 1279 жағдай тіркелген, бұл 2014 жылғы деңгейден 8,3%-ға жоғары (1181 жағдай). Бұл ретте, қаза болғандар саны 39 адамды құрады (2014 жылы - 40), 2,5%-ға төмен. ТЖ Департаментінің күшімен авариялық - құтқару жұмыстарына 313 (2014 ж. - 296) шығулар жүзеге асырылды, 56 (2014 ж. - 80) адам құтқарылды, ТЖ аймағынан 2487 (2014 ж. - 3466) адам қауіпсіз жерге көшірілді, алғашқы медициналық көмек 6 (2014 ж. - 0) зардап шеккенге көрсетілді. Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметімен авариялық-құтқару жұмыстарына 313 (2014 ж. - 296) шығулар жасалды. Жедел - құтқару қызметтерімен 4431 (2014 ж. - 4634) шығулар жасалды, 419 (2014 ж. - 319) адам құтқарылып, 2554 (2014 ж. - 3466) адам қауіпсіз жерге көшірілді. «СӨАЖҚЖ» ММ бөлімшесімен 2015 жылы су айдындарындағы төтенше жағдайлар мен оқиғаларға 420 (2014 ж. - 324) шығулар жүргізілді. Іздестіру-

құтқару операциялары Барысында 268 адам (2014 ж. - 239) құтқарылды, 14 (2014 ж. - 25) зардап шеккендерге медициналық көмек көрсетілді.

Мемлекеттің орман қорының 211 мың гектардан астамы орман өрттеріне шалдықты, жазық дала алқаптарында және ауыл шаруашылығы жерлерінде өртке шалдығу қауіп-қатерлері бар. 2012-2015 жылдардағы кезеңде жалпы 4068,97 гектар аумақта ормандар мен жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелерде 163 өрт жағдайы тіркелді. Материалдық шығын 73,49 млн. теңге құрады.

Қарлы борандар ұзындығы 870,5 км республикалық және облыстық маңызы бар жолдардың 306 участкесінде автомобиль көлігінің қозғалысын қиындатуы немесе толық тоқтатып тастауы мүмкін.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюдың облыстық аумақтық кіші жүйесі күштерінің төтенше жағдайлардың барлық спектріне шұғыл ден қою деңгейі құтқару жүйесінің, оның ішінде апаттық-құтқару қызметі құрылымдарының хабарлау, ақпараттық қамтамасыз ету және байланысу, жеткіліксіз техникалық жарақтандырылуы сияқты құтқару жүйесін құрастырудың аяқталмауына байланысты төмендеуде.

Апаттар мен апаттық жағдайларға қарсы іс-әрекеттер және жою жөніндегі шаралардың кешені олардың көп қаржы талап етуіне байланысты жеткілікті көлемде іске асырылмай отыр.

Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің бөлімшелері жоқ елді мекендерді өртке қарсы қорғау деңгейі төмен болып отыр.

2012-2015 жылдардың кезеңінде 178 адам суға батып кетті, соның ішінде 23 бала. 2015 жылы 14 оқиға тіркелген, бұл 2014 жылғы деңгейден 6%-ға төмен. 2015 жылы суға шомылу маусымының басынан 166 бала жүзуге үйретілді.

2015 жылы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға қарсы әрекет ету, қысқы, су тасқыны, өрт қауіпі кезеңдерінде ТЖ алдын алу, суда адамдар өлімін болдырмау мәселесі бойынша БАҚ-та ТЖ және өрт қауіпсіздігінің алдын алу бойынша 5407 (2014 ж. - 1.381) материалдар, соның ішінде: теледидарда – 457 (2014 ж. – 134) сюжеттер, радио мен радио нүктелер кәсіпорындарда – 3610 (2014 ж. - 470 ) баяндамалар орнатылды, баспа беттерде 774 (2014 жылы – 224) мақалалар жарияланды, ҚР ІІМ ТЖК және Департаменттің интернет – ресурстарында 522 (2014 ж. - 466) материал орнатылды, ақпараттық агенттіктердің электрондық беттерінде 44 (87 - 2014 ж.) материал жарияланды.

2015 жылы Толықтырма жоспарына сәйкес ҚР ІІМ ТЖК Қостанай облысының Төтенше жағдайлар бойынша Департаменттің тыңдаушыларымен 1166 адам оқытылады (2014 ж. – 1113 адам).

ТЖ және АҚ жағдайларында іс-әрекеттерге оқыту бойынша халықпен жұмыстардың артуына байланысты облыстың су айдындарында жазатайым оқиғалар саны қысқарды.

Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігінің төтенше жағдайлар Комитетінің «Азаматтық қорғаудың Республикалық оқу-әдістемелік орталығы»

ЖШС төтенше жағдайлар туындаған және әскери қақтығыстар немесе осы қақтығыстар салдарынан төтенше жағдайлар пайда болған кезде қорғану тәсілдері және іс-қимылдарға оқытуды жүзеге асыру мүмкіндігі.

### Даму беталысы

1. Ауылдық елді мекендерде өрт сөндіргіш деполары құрылысы, оларды күш және қаражатпен қамтамасыз ету (адамдар және өрт сөндіруге арналған арнайы техника).

2. Су тасқыны және өрт қауіпті кезеңдерде ғарыштық және жер үстінгі мониторингті жүргізу ТЖ салдарынан болатын залалын барынша төмедетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, орман және дала өрт көздерін дер кезінде анықтауын жеделдетеді, және төтенше жағдайлардың пайда болудың ерте кезеңінде қорғаныс іс-шараларын жедел жоспарлау әрекетін жоғарылатады.

3. Су тасқынына және селге қарсы инфрақұрылымды құру бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру.

4. Азаматтық қорғаудың насихаттау саласындағы оқу-материалдық базасын жақсарту.

5. Халықты осы заманғы зақымдау құралдарынан қорғау бойынша, әр түрлі қарқындағы әскери даулар туындаған кезде халықтың аман қалуын қамтамасыз ететін материалдық-техникалық құралдардың жеткілікті көлемін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру.

### Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:

<p>Күшті жақтары (S):</p> <p>1. Желқуар және Тобыл өзендерінің қоймаларында орналасқан елді мекендердің су тасқыны кезінде су астында қалуын болдырмау үшін «Қостанай облысы Жітіқара ауданының Желқуар су қоймасының айналма каналын қайта құру» жобасы іске асырылды.</p> <p>2. Алтынсарин ауданының Шоқай және Свердловка селоларындағы бөгеттердің күрделі жөнделуі.</p> <p>3. Облыс халқын теле мен радио каналдармен, смс-хабарлармен пайдаланып, төтенше жағдайлардың қауіп-қатері туралы хабарлау.</p>	<p>Әлсіз жақтары (W):</p> <p>1. Табиғи және техногендік сипаттағы қауіп төнген немесе төтенше жағдайлар туындаған кезде халыққа шұғыл ақпаратты толық көлемде беруге халықты хабардар етудің қолданыстағы жүйесінің қабілетсіздігі.</p> <p>2. Жергілікті атқару органдарының құрылымдары мен азаматтық қорғау қызметтер құралымдардың авариялар мен дүлей апаттардың аймақтарында шұғыл құтқару жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жабдықтармен, құралдармен және жарақтармен төмен жабдықталуы.</p>
<p>Мүмкіндіктері (O):</p> <p>1. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, түрлі төтенше жағдайлар кезінде қолданылу ережелері бойынша көрнекі құралдарды тарату азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар саласындағы білімдерді насихаттау бойынша кең көлемдегі жұмыстар жүргізу.</p> <p>2. Табиғи өрттердің залалдарын айтарлықтай қысқарту, сондай-ақ елді мекендерді, шалғайдағы аудан орталықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін өрт сөндірудің тірек</p>	<p>Қауіп-қатерлері (T):</p> <p>1. Су тасқынының теріс салдары облыстың 23 елді мекендеріне су деңгейінің көтерілу қауіпін төндіруде.</p> <p>2. Мемлекеттік қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендердің өртке қарсы қорғаудың деңгейі төмен.</p>

<p>пункттерінің санын дамыту және көбейту. 3. Тасқын қауіпті учаскелерді инженерлік қорғау бойынша іс-шаралар өткізу.</p>	
---	--

### **Негізгі проблемалар**

1. Облыстың барлық елді мекендерінде өрт сөндіру бекеттерінің болмауы.
2. Судағы халықтың жаппай демалу орындарында Қостанай облысының қалалары мен аудандарында ресми жағажайдың болмауы.
3. Таран ауданы, Таран а. Аят өзенінің оң жақ жағалауы бойынша қоршау бөгетінің құрылысын қаржыландыру бойынша шешімнің ұзақ болмауы.
4. Халықтың жеке қорғануына құралдардың қажетті қорының болмауы, әр түрлі қарқындылығы әскери даулар туындаған кезде халықтың аман қалуын қамтамасыз ететін қорғаныш құрылыстарының қажетті санының болмауы.

### **2.1.4. Инфрақұрылым**

#### **Байланыс және коммуникация**

2012-2015 жылдары Қостанай облысының телекоммуникациялар желілері оң серпінмен дамыды.

2012-2015жылдар аралығында мына учаскелерде талшықты-оптикалық байланыс желісінің (ТОБЖ) құрылысы бойынша жобалар іске асырылды: Қостанай – Силантьевка; Қостанай – Әуликөл – Октябрьский – Есіл – Арқалық; Әуликөл – Құшмұрын; Октябрьский – Қарасу; Құшмұрын – Федоровка – Қашар – Қарабалық; Әуликөл - Қараменді, Арқалық - Амангелді.

Қазіргі уақытта, облыстың барлық қалалары мен аудандық орталықтары ТОБЖ-мен қамтылған сондай-ақ аудандық орталықтан төменгі АЕМ 64.

2012 жылдан бастап, Қостанай облыстық орталығында iD Net сауда белгісімен FTTH технологиясын пайдалана отырып оптикалық байланыс желілері бойынша аса жоғары жылдамдықпен Интернет желісіне кіру қызметі енгізілді. Барлығы 2011 - 2015 жылдар аралығында «Қазақтелеком» АҚ FTTH желісімен 679 абаттандырылған тұрғын үйлер қамтылды, 18 000 абонент қосылған. Рудный және Лисаков қалаларында FTTH құрылысы бойынша жобаны іске асыру 2016жылдың жоспарында.

Жалпы желілік жоба шеңберінде қамтылмаған ТОБЖ-мен облыстың АЕМ-де қазіргі заманғы телекоммуникация қызметтерін ұсыну мақсатында CDMA/EVDO радиоқатынау желілерінің негізінде ауыл байланысының телекоммуникация желісін дамыту орындалады.

Бүгін, Қостанай облысы желісінде 67 WLL CDMA 450 базалық станциялар пайдаланылады, оның ішінде 380 ауылдарды қамти отырып 64 базалық станцияларда EV-DO технологиясы бойынша интернет желісіне кең

жолақты қатынау қызметтері ұсынылуы мүмкін. Қазіргі уақытта облыс ауылдарында EV DO қызметтеріне 4 000-нан астам абонент қосылған.

2014 жылдан бастап 4G технологиясы бойынша төртінші буын стандартының жоғары жылдамдықты мобильді қол жетімділікті Интернет желісі қызметтерін ұсыну басталды. Интернет желісіне қол жеткізу 20 Мбит/с дейінгі жылдамдығында жүзеге асырылады, абоненттерге ыңғайлы болу үшін бірегей тарифтік жоспарлардың кең желісі ұсынылған. Қазіргі уақытта қызметпен Қостанай мен Рудный қаласы, Затобол аудандық орталығы, Жітіқара қ., Лисаковск қ. қамтылған. Келешекте LTE 4G технологиясын пайдалана отырып көрсетілетін қызметтер сондай-ақ, Арқалық, Лисаковск, Жетіқара қалаларында және облыстың барлық аудандық орталықтарында ұсынылатын болады.

Нәтижесінде, 2016 жылғы 1 қаңтарға дамудың мынадай индикаторларына қол жеткізілді: жергілікті байланысты цифрландыру деңгейі 100% - ды құрады, тіркелген телефон желілерінің тығыздығы 100 тұрғынға – 30,4 бірлік, тіркелген интернет абоненттерінің тығыздығы 100 тұрғынға -12 бірлік.

Ақпараттық технологияларды Қостанай облысы әкімдігінің инфрақұрылымдық кешенінің бөлігі ретінде дамыту «электрондық әкімдік» іс-шаралары шеңберінде жүзеге асырылып жатыр.

2012 жылдан бастап 2015 жылға дейінгі кезеңде облыс әкімі аппаратының ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылымы жетілдірілді: жұмыс орындарын 100% компьютерлеу қамтамасыз етілді, 14 сервер сатып алынды (олардан - 7 облыстық маңызы бар), ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес серверлік орын-жай құрылды (кепілдендірілген үздіксіз қуат көзі қамтамасыз етілді, өрт және күзет дабылы, бейне қадағалау, ауаны реттеу құрылғысы, мәліметтерді ғимарат күзетінің басқарып отыратын тетігіне шығара отырып, температура және ылғалдылық мониторингі жүйелері орнатылды).

2012 жылмен салыстырғанда жергілікті атқарушы органдарда серверлік жайлардың саны 2,1 есе ұлғайтылды (2012ж.-18, 2015ж.-38). Көпшілікте қалалар мен аудандар әкімдіктерінде, облыстық басқармаларында өнеркәсіптік өндірісінің серверлік жабдығы жаңартылды (2012ж. 15 серверден бастап 2015 ж. 29 серверге дейін).

2015 жылы «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ кезінде Қостанай қаласында деректерді өңдеу Орталығы (ДӨО) ашылды. оның қолдану, «электрондық үкіметінің» құрамдауыштары үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, бағдарламалық-аппараттық кешендердің қызмет етуінің жұмыс істемеуін 99,74 %-ға болдырмауды арттырады.

Облыс әкімінің аппараты, қалалық, аудандық әкімдіктер, облыстық басқармалар арасында ведомствоаралық өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін IP-VPN технологиясы бойынша жабық көлік желісі құрылды, 2015 жылы жүйе қамтуы 98 сегментті құрады.

Әкімдік органдары әкімшілік қызметінің жеделдігін арттыру мақсатында электрондық құжат айналымның бірыңғай жүйесін (ЭҚАБЖ) дамыту

жалғасуда. ЭҚАБЖ-бен 289 мемлекеттік мекеме, 2 маслихат, 29 орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімше қамтылды.

Облыс әкімдігі интернет-ресурстарының серпінді дамуы байқалады, атқарушы органдарының 20 ресми веб-сайттары жұмыс істейді.

Жетекші өңірлік ақпараттық ресурс Қостанай облысы әкімдігінің [www.kostanay.gov.kz](http://www.kostanay.gov.kz) порталы болып табылады, оның платформасында мынадай интернет-ресурстар орналастырылған: облыс әкімінің ресми сайты, облыс мемлекеттік органдар басшылардың [blogs.kostanay.gov.kz](http://blogs.kostanay.gov.kz) ресми блог-платформасы, [www.e.kostanay.gov.kz](http://www.e.kostanay.gov.kz) мемлекеттік электрондық сайты.

Пайдаланушылардың арасында облыс әкімінің [kostanay.gov.kz](http://kostanay.gov.kz) ресми сайты ең белгілі интернет-қоры болып табылады, күн сайын 800 астам адам қарап шығады. 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ресми блог-платформаға 11823 өтініш түсті.

Электронды қызметтердің [www.e.kostanay.gov.kz](http://www.e.kostanay.gov.kz) сайты әр түрлі қызмет саладағы 30 тарауды құрайды, бұл тараулар бойынша 1560 ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетеді.

Жергілікті атқарушы органдардың веб-ресурстарының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2015 жылы облыстық басқармаларын, қалалық, аудандық әкімдіктерін интернет-ресурстарынан Бірыңғай интернет-платформасына өту басталған.

Ақпараттық технологиялар пайдалану тиімділігін бағалау шеңберінде Қостанай облысы әкімінің 2014 жылдың 30 маусымдағы №172-р өкіміне сәйкес жергілікті атқарушы органдардың функциялар тізбесі бойынша 2015 жылы 111 функциядан 107 функция автоматтандырылған (96%). Автоматтандыру дәрежесі бойынша 107 функциядан толық дәрежесі 40 (37%), ішінара 67 (63%) функция.

Электрондық қызметті пайдалану деңгейін арттыру мақсатында Ұлттық куәландырушы орталығының Қостанай филиалымен 512173 (2015 жылы – 173006) электрондық цифрлық қолтаңба сертификаттары берілді.

Халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту бойынша іс-шаралар жүргізілді, 2012-2015 жылдар аралығында барлығы 180 080 адам оқытылды, Бағдарламаның іс-шараларын қаржыландыруға республикалық бюджеттен 265,9 млн. теңге бөлінді және игерілді.

2013-2014 жылдарға арналған халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыру және электронды қызметпен пайдаланушылардың санын ұлғайту бойынша іс-шаралар жоспарын орындау үшін компьютерлік сауаттылыққа 2013 жылы - 19 715, 2014 – 19 977 адамды оқыту жүргізілді.

Swot анализ состояния развития отрасли

Күшті жақтары:	Әлсіз жақтары:
1. Телекоммуникациялық қызмет көрсету жүйесін дамыту 2. Жаңа сандық технологияларымен ауыстырумен АТС жаңарту.	1. Облыстық, қалалық, аудандық және ауылдық деңгейде ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның біркелкі дамымауы, халықтың сандық сауаттылық деңгейі. 2. Сандық жергілікті телефон байланысымен және Интернет желісіне кеңжолақты қатынау

<p>Мүмкіндіктері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Ақпараттық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде сәулеттік тәсіл негізінде мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның қол жетімділігін қамтамасыз ету және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу арқылы азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру.</li> <li>2. 100 тұрғынға телефон байланысы желілерінің тығыздығы деңгейін 29,5% - ға дейін қол жеткізу.</li> <li>3. Интернет қолданушылардың үлесін 80,9% - ға дейін қол жеткізу.</li> <li>4. Халықтың сандық сауаттылығының деңгейін 80%-ға дейін қолжеткізу.</li> </ol>	<p>қамтамасыз етілудің жеткіліксіз деңгейі.</p> <p>Қауіп-қатерлері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұялы байланысқа өтуше байланысты тіркелген байланыс желісі абоненттері санының азаюы</li> </ol>
--	---

### **Негізгі проблемалар:**

интернет желісіне кеңжолақты қатынаудың жеткіліксіз дамуы;  
 белгіленген телефон байланысы абоненттері тығыздығының төмен деңгейі.

### **Даму беталысы:**

облыстың телекоммуникациялық инфрақұрылымын жаңарту мен даму;  
 мемлекеттік секторында ақпараттық технологиялар пайдалану тиімділік деңгейінің өсуі.

### **Құрылыс**

01.01.2016 жылына облыста барлық меншік нысандарының 1209 құрылыс ұйымдары қызметін жүзеге асырады, бұл 2013 жылдың деңгейінен (1181) 2,4 %-ға артық. Орындалған құрылыстың мердігерлік жұмыстар көлемі 88 706,0 млн. теңгені құрайды, бұл 2013 жылға қарағанда 2,4%-ға артық (83 728,0 млн. теңге).

Алайда, 2015 жылдың қорытындысы бойынша облыс бойынша НКИ 2014 жылдың деңгейіне қарағанда құрылыс жұмыстарының көлемі 6,2% - ға төмендеді. Орындалған құрылыстың мердігерлік жұмыстар көлемі 2014 жылдың деңгейіне 93,8% құрады.

Құлдырау құрылыс саласында экономикалық жағдайдың нашарлауымен және ірі инвестициялық жобалардың болмауына байланысты негізделген.

Облыс бойынша құрылыс жұмыстарының ең үлкен көлемі жеке құрылыс ұйымдарымен – жалпы көлемнен 99,1%, мемлекеттік – 0,9% орындалды.

Орындалған құрылыс жұмыстарының құрылымында - 76,6% үлесті құрылыс-монтаж жұмыстары, 16,8% – күрделі жөндеу жұмыстары, 6,6% – ағымдағы жөндеу жұмыстары алды.



Тұрғын үйдің ең үлкен көлемі Қостанай қаласында енгізілді (157,2 мың ш. м. немесе енгізілген тұрғын үй алаңының жалпы көлемінен 63,2%).

Құрылыстың орташа нақты құны тұрғын үйлердің жалпы алаңының 1 шаршы метрін 79,3 мың теңгені құрады. Тұрғын үйдің 1 ш. м. ең жоғары құны Қостанай қаласында (90,2 мың теңге), Рудный қаласы (85,9 мың теңге) және Қарасу ауданында (76,2 мың теңге) қалыптасты.

2012-2014 жылдар аралығында «Қол жетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасы әрекет етеді, 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы әрекет етеді, оның мақсаты халықтың тұрғын үйге қол жетімділігін әрі қарай жоғарылатуды қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту проблемасын кешенді шешу болып табылады.

2012 - 2014 жылдар аралығында «Қол жетімді тұрғын үй – 2020» «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы» бағдарламаның шеңберінде тұрғын үй құрылысына және тұрғын үй объектілеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға республикалық және жергілікті бюджеттен 16 млрд. теңгеден астам қаражат берілді.

2012 - 2015 жылдар аралығында барлығы облыс бойынша барлық қаржыландыру көздері бойынша 933,3 мың ш.м, оның ішінде кезекте тұрғандар үшін жалдамалы тұрғын үй – 46,8 мың ш.м., жастар үшін жалдамалы тұрғын үй – 27,7 мың ш.м., кредиттік тұрғын үй (ипотекалық) – 83,4 мың ш.м., басқа қаржыландыру көздері есебінен – 769,5 мың ш.м. тұрғын үй берілді.

Жыл сайын тұрғын үйді пайдалануға беру көлемі өсіп жатыр. Осылайша 2012 жылы – 204,8 мың ш.м., 2013 жылы – 231,8 мың ш.м., 2014 жылы – 247,9 мың ш.м., 2015 жылы – 248,9 мың ш.м. пайдалануға берілді. Сонымен бірге үй салу құрылыс қарқындарының оң серпіні сақталды (2012 жылы - 104,4%, 2013 жылы - 113,2%, 2014 жылы - 107,0%, 2015 жылы-100,4%).

Тұрғын үйді уақытылы пайдаланымға енгізу мақсатында тұрғын үй құрылысымен қатар инженерлік коммуникация құрылысы жүргізіледі.

2012 жылы 80,0 км жоспарымен 1654442,5 мың теңге сомасына 111,3 км салынды, 2013 жылы 40 км жоспарымен 1605764 мың теңге сомасына 102,4 км салынды, 2014 жылы 98,2 км жоспарымен 2238588 мың теңге сомасына 80,37 км салынды, 2015 жылы 14,07 км жоспарымен 893 123,0 мың теңге сомасына 20,927 км салынды.

**Мүгедектерге рұқсат берілген әлеуметтік инфрақұрылымның объектілері бойынша**

32-кесте

**2012-2015 жылдарға арналған паспортталған объектілер көрсеткіштерінің серпіні**

Көрсеткіш атауы	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
Паспорттандырылған нысандар, бірлік	76	1492	1568	1568

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 213 қаулысымен Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын

қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілген.

Қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды уақтылы өткізу мақсатында 2014-2017 жылдарға арналған мүгедектердің мұқтаждықтарына әлеуметтік, көліктік инфрақұрылым нысандарын бейімдеу жоспары бекітілді.

Әлеуметтік нысандарға мүгедектерге қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар Қостанай облысында 2014 жылдан бастап жүргізіледі. Сондай-ақ 2014 жылдан бастап мүгедектердің мұқтаждықтарына әлеуметтік, көліктік инфрақұрылым нысандарын бейімдеу қарқынына бақылау басталды. 1568 паспортталған нысандардан 1377 (87,8%) мүгедектердің мұқтаждығына бейімдеуге жатады.

2012-2015 жылдардан бастап жалпы паспортталған нысандардан (1568) 578 нысандар немесе 36,9 % бейімделді. 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мүгедектер жүйелі түрде келіп тұратын барлық әлеуметтік нысандарға паспорттау жүргізілген.

#### Swot анализ состояния развития отрасли

<p><b>Күшті жақтары:</b></p> <p>1. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде халықтың әлеуметтік-қорғалатын санаттары үшін тұрғын үй салу: тұрғын үй жинақ жүйесі арқылы кезекте тұрғандар үшін, жас отбасылар үшін тұрғын үй салу.</p> <p>2. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде көпқабатты тұрғын үйлерге жөндеу және терможаңғырту жүзеге асырылады.</p>	<p><b>Әлсіз жақтары:</b></p> <p>1. Салынған тұрғын үйлерді сатып алу бойынша халықтың төлем қабілеттілігі төмен.</p> <p>2. Жеке тұрғын үй құрылысына бөлінетін жер учаскелерінің инфрақұрылымның жеткілікті қамтамасыз етілмеуі.</p> <p>3. Қолданыстағы инженерлік инфрақұрылым қуатының жеткіліксіз түрінде салынып жатқан және салынған объектілердің инфрақұрылымға қосылған кездегі кедергілер.</p>
<p><b>Мүмкіндіктері:</b></p> <p>1. Салынған учаскелерге, қолданыстағы коммуникацияларды қайта жаңғыртуға бөлінген инженерлік коммуникация жүргізуге жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге республикалық бюджеттен қаржыландыруды ұлғайту қажет;</p> <p>2. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасының негізгі бағыттарының бірін іске асыру басталды - «Қазақстан ипотекалық компаниясы» Ипотекалық ұйым» акционерлік қоғамы сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй құрылысы</p> <p>3. Үй құрылысы комбинатының бұйымдарынан индустриялық тәсілмен тұрғын үй құрылысын енгізу жоспарлануда, бұл тұрғын үй құрылысының мерзімін айтарлықтай қысқартады және бір тұрғын үйдің шаршы метрнің өзіндік құнын төмендетеді.</p>	<p><b>Қауіп-қатерлері:</b></p> <p>1. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекте тұрған азаматтар санының өсуі.</p> <p>2. Қаржы-несие жүйесінің тұрақсыздық күшінде құрылыс саласының тоқырауы</p>

### **Негізгі проблемалар:**

тұрғын үйдің құны жоғары, бұл жаппай тұрғын үй құрылысы өсуінің тежеуші факторы болып табылады.

мемлекеттік тұрғын үй қорында үй алуға кезекте тұрған азаматтар санының өсуі байқалады. Себептері құралдарын халықтың әлеуметтік-қорғалатын санаттарында тұрғын үйді сатып алуға қажетті ақшалай қаражаттарының жоқтығы, ауылдық жерлерден қалаларға халықтың көші-қоны болып табылады.

### **Жолдар және көлік**

#### *Автомобиль көлігі*

Автомобиль көлігі жолаушыларды тасымалдау бойынша жетекші орын алады.

Облыста 594 елді мекендерінен автобус қатынасымен 335 елді мекен қамтылған (саны 50 адамнан кем емес 46 елді мекендер), бұл 60% құрайды. Жолаушылар тасымалдауды 33 тасушы қызмет көрсетеді. Облыс аумағында жолаушылар мен тасымалдаушыларға қызмет көрсету үшін 1 автовокзал, 10 автостанция және 1 қызмет көрсету пункті жұмыс істейді.

2012-2015 жылдары жолаушыларды, жүкті және жолжүкті автомобиль көлігімен тасымалдау саласында өсудің үрдісі байқалады. 2015 жылы 2012 жылмен салыстырғанда жолаушыларды тасымалдаудың өсуі 120% құрады (2015 жылы – 1,8 млрд жолаушы, 2012 жылы - 1,5 млрд жолаушы). Жүк тасымалдаудың өсуі 107% құрады (2015 жылы – 294,8 млн тонна, 2012 жылы - 275 млн тонна).

Жолаушылар тасымалын 51 тасымалдаушы қызмет көрсетеді. Қалааралық облысшілік маршруттарын 33 тасымалдаушы қызмет көрсетеді, оның ішінде 3 заңды және 30 жеке тұлғалар. Қалалық және қала маңындағы маршруттарды 9 тасымалдаушы қызмет көрсетеді, облысаралық 4 тасымалдаушы, халықаралық маршруттарды 5 тасымалдаушы.

Жолаушылар тасымалдауында тұрғындар сұранысын қанағаттандыру үшін облыс бойынша 169 автобус маршруттары жұмыс істейді, оның ішінде: қалалық - 63, қала маңындағы - 18, қалааралық облысшілік – 65, халықаралық - 9, облысаралық - 7, ауданішілік - 3 және кентішілік - 4.

Тұрақты маршруттарда 900-ден астам автобустар іске қосылған, олардың тозуы 65% - ды құрайды (пайдалану 12 жылдан астам).

#### *Теміржол көлігі*

Облыс аумағынан Қазақстанның негізгі көлік дәліздері өтеді. Астана – Қостанай – Челябин – Екатеринбург полимагистральдік байланыстар, ТАТМ Солтүстік дәлізі, Алматы – Екатеринбург транзиттік автодәлізі.

Жүк тасымалдау ішкі республикалық бағыттарда, дизельдік локомотивтермен қозғалатын қала сыртындағы поездар жүреді. Қаладан 90 км қашықтықта – ірі теміржол айырымы – Тобыл стансасы орналасқан.

Қостанай жүк айналымы жол бөлімшесінде 2015 жылы (16,6 млрд/тонна/км) 2012 жылмен салыстырғанда 26,8%-ға төмендеді.

2014 жылы «Арқалық-Шұбаркөл» теміржол бағытының құрылысы аяқталды. Темір жолдың ұзындығы 214 км, оның ішінде 49,3 км Қостанай облысы арқылы өтеді.

#### *Әуе көлігі*

«Қостанай» халықаралық әуежайынан әуе рейстерін «**Эйр Астана**», «Бек **Эйр**», «SCAT» ұлттық тасымалдаушылары және «Белавиа» (Беларуссия) сияқты әуе компаниялары жүзеге асырады.

2016 жылғы 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қостанайдан неміс қалалары Ганноверге, сонымен қатар Мәскеуге, Минскке, Турцияға Анталияға дейін және Алматы және Астана сияқты қазақстандық қалаларға әуе жолымен жетуге болады.

Жыл сайын жолаушыларды жіберу өсуі байқалады. 2012-2015 жылдары бойынша өсу 110,7% құрады (2015 жылы - 62 мың, 2012 жылы - 56 мың жолаушы).

Жүк және «Қостанай» халықаралық әуежайы» АҚ поштасын жөндеу төмендеуі байқалады. 2015 жыл бойынша 2012 жылдың деңгейіне төмендеуі 12,5% құрады (2015 жылы - 223 тонна, 2012 жылы - 255 тонна).

#### *Инженерлік-көлік инфрақұрылымы*

Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, Қостанай әуежайында қазіргі жасанды ұшу-қону жолағы (ЖҰҚЖ) қайта жаңартылатын болады.

Жобаны іске асыру қазіргі заманғы әуе кемелерінің барлық түрлерін қабылдауға және қызмет көрсетуге, әуе кемелерін, жолаушыларды, жүктерге қызмет көрсету жөніндегі әуежайдың өткізу қабілетін арттыруға және халықаралық стандарттарға сәйкес әуе кемелерін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Республикалық бюджеттен қаржы қаражатын бөлу есебінен Қостанай қаласының әуежайын қайта құру және жаңарту өткізу қарастырылған.

#### *Автомобиль жолдары*

Қостанай облысының жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдарының ұзындығы 9289 км, оның ішінде: республикалық маңызы бар жолдар – 1410 км, облыстық маңызы бар – 2208 км, аудандық маңызы бар 5671,2 км құрайды.

Негізінен аудандық және облыстық маңызы бар жолдар III-IV техникалық санатқа жатады, ал ауылдық елді мекендерге баратын кейбір кіре беріс жолдар V техникалық санатқа жатады. Ауыспалы жабын түрлері бар автомобиль жолдарының учаскелері және балшық жолдар қозғалыс жылдамдығы жағынан да, өс салмағы жағынан да талаптарға жауап бермейді және жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамсыз етпейді.

2016 жылғы 1 қаңтарға облыстың облыстық және аудандық маңызы бар автокөлік жолдарының желісі 7879,848 км, оның ішінде: қара жабынмен жабылғаны – 4244 км, ұсақ тасты жабынмен жабылғаны – 640,9 км, топырақ жабынмен жабылғаны – 2994,9 км құрайды, 63 көпір және 2030 су өткізгіш құбырлар бар.

2012-2015 жылдар аралығында жергілікті маңызы бар жолдардың күрделі жөндеуден өтті жалпы 592,8 км (2012 жылы - 145,2 км, 2013 жылы - 178,2 км,

2014 жылы - 159,2 км, 2015 жылы – 110,2 км) және облыс жолдар жол саласына бюджеттік инвестициялардың жиынтық көлемі 21 447,1 млн теңге құрады.

2012-2015 жылдардағы кезеңде қанағаттанарлық жай-күйі бар автомобиль жолдарының үлесі 8% -ға артты (тиісінше 54% - дан 62% - ға дейін).

2016 жылғы 1 қаңтарға Қостанай облысының жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының жай-күйі жақсы және қанағаттанарлық жағдайда 62% құрады немесе 5 008 км (оның ішінде облыстық маңызы бар автожолдар -1 719 км; аудандық маңызы бар – 3289 км).

Қостанай облысы бойынша автожолдардың 1 ш.м. ағымдағы жөндеу және ұстау бойынша жұмыстарды қаржыландыру нормативке сәйкес 1,8 млн. теңге құрауы керектігін айта кету қажет. Облыстың автожолдарын ағымдағы жөндеуге және ұстауға 12,7 млрд. теңге сомасына ақшалай қаражат бөлу қажет, бұл нормативтен 10 есе аз.

Осыған байланысты, облыстың автожолдарын жөндеу және ұстау бойынша жұмыстарды республикалық бюджет қаражаттарынан, сондай-ақ жергілікті бюджет қаражаттарынан қаржыландыру көлемдерін ұлғайту қажеттілігі бар.

Облыс экономикасының тұрақты дамуы үшін көлік-коммуникациялық желіні жаңарту қажет. Облыстық және аудандық маңызы бар қатты жабынмен қапталған автомобиль жолдарын күрделі жөндеуден өткізу және қайта жаңарту; жабындардың түрлерін жетілдіру; жол жиегіндегі автоқызметтердің деңгейін дамыту; Ресейдің шекаралық облыстарына шығуды жаңғырту.

Облыс аумағында су көлігі саласында 1 бірлік өзендік және 2 000 шағын көлемді кемелер тіркелді, оның ішінде 676 өздігінен жүретін және 1324 өздігінен жүрмейтін.

Инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ ішкі су көлігі саласында кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұсталған кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді сақтауға арналған облыстың су айдындарында (көп жиналатын жерлерде кемелерін) арнайы тұрақ құру жоспарлануда.

Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:

Күшті жақтары:	Әлсіз жақтары:
1. жеке аумақтар үшін жалғыз көлік қатынасы-автожолдар болып табылады. 2. өткізіп тұратын қабілеттің қорлары	1. инфрақұрылымның негізгі қаражаттарының маңызды физикалық және саналы тозуы. 2. инновациялық және автоматизациялық процесті енгізудің төмен деңгейі.

Мүмкіндіктері:	Қауіп-қатерлері:
1. жекешелік-мемлекеттік серіктестік механизмнің дамуы 2. автомобиль жолдардың, көпірлердің көлік-пайдаланымдық көрсеткіштердің жақсаруы 3. автомобиль жолдар желісін сақтау мен даму 4. қайта жаңғырту мен күрделі жөндеуден кейін автомобиль жолдарында жөндеуаралық мерзімдерін сақтау 5. сапасымен меңгеру халықаралық стандарттарын автожол саласына енгізу.	1. ішкі мен сыртқы конъюнктурасын нашарлану мүмкіндігімен байланысты макроэкономикалық батылдықтың 2. бюджеттік қаржыландырудың қысқартуы 3. кадрлық тәуекелдер 4. заң шығыратын батылдықтың 5. техногендік және экологиялық батылдықтың 6. байырғы батылдықтың 7. жол-пайдаланымдық техниканың жоғары тозуы

### Негізгі проблемалар

1. Облыстық және аудандық маңызы бар автожолдар жүйесінің қалыптасуы және ағымдағы шығындардың қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз қаржыландыру.

2. Республикалық және жергілікті маңызы бар автожолдардың тозуы.

3. Жол жабындарының көтеру қабілетін жоғалтуының үдеуі байқалады өйткені облыста жолдардың көбісі автомобильдің өсіне түсетін салмақ 6 тоннадан жоғары болмау керек деп белгіленген, 60-80 жылдары жобаланып, салынған, ал бүгінгі күні өске түсетін салмақ 10-12 тоннаға дейін жетеді және жолаушы мен жүк тасымалдаудың пайызы - 50%.

4. Елді мекендерді тұрақты жолаушы қатынасымен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі.

5. Жолаушыларды және жолжүкті заңсыз тасымалдау, бұл жолаушылардың қауіпсіздігіне әсер етеді.

### Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық

#### Электрмен жабдықтау

Қостанай облысы энергияға тапшы болып есептеледі. Облыс аумағында орналасқан электр стансаларының электр энергиясын өндіруі жалпы пайдаланудың 34%-нан аспайды (2015 жылға жалпы облыс бойынша энергияны пайдалану – 4,7 млрд. кВт.с., 2012) және 1,5 млрд. кВт.с. құрайды. Облыс энергиясын тұтыну 1500 км қашықтықта орналасқан Екібастұз-Павлодар энергия кешенінен тасымалдау есебінен жабылады.

Облыстың негізгі энергия өндіруші көздері: қуаттылығы 267 МВт Рудный «ССКӨБ» АҚ ЖЭС, қуаттылығы 12 МВт Қостанай ЖЭС, қуаттылығы 4 МВт Арқалық ЖЭС болып табылады. Электр станциялармен өндірілетін электр энергиясының үлес салмағы облыс тұтынатын электр энергияның жалпы көлеміне 31 пайызды құрайды. Барлық өндірілетін электро энергия энергия көздерімен кәсіпорындардың өз мұқтаждықтары үшін пайдаланылады.

Облыс қалаларын электрмен жабдықтауды мынандай кәсіпорындар: Қостанайда – «ЭПК forfait» ЖШС; Рудныйда – «Рудный ЭнергоКомпаниясы» ЖШС; Арқалықта – «Қостанайюжэлектросервис» МҚК; Жітіқарада –

«Жітіқаракоммунэнерго» МҚК; Лисаковскта – «Лисаковскгоркоммун-энерго» МҚК ШОҚ жүзеге асырады.

Облыстың ауылдық елді мекендерін электрмен жабдықтауды облыстың 14 солтүстік ауданына қызмет көрсететін «Қостанайский ЭнергоЦентр» ЖШС және Амангелді мен Жангелдин аудандарына қызмет көрсететін «Қостанайюжэлектросервис» МҚК жүзеге асырады.

35-220 кВ желілері бойынша облыста электр энергиясын жеткізуді «Межрегионэнерготранзит» ЖШС, 0,4-10 кВ желілері бойынша – «ЭПК forfait» ЖШС, Рудный қаласы бойынша – «Жарық Жол» ЖШС, бүгінгі таңда «ЭПК Атіка» ЖШС жүзеге асырады.

Электр желілерінің жалпы ұзындығы – 29,3 мың км, оның ішінде кабельдік желілер – 1268,5 км. Облыс аумағында кернеулігі 35 кВ құрайтын 327 қосалқы станса және жоғары және 4462 РП, ТП, КТП 6-10/0,4 кВ бар.

Облыс энергетиктерінің негізгі проблемасы энергетикалық жабдықтардың өте жоғары тозуы болып табылады, пайдаланудағы электр жабдықтарының тозуы: ВЛ-10 кВ – 78,3%, ВЛ-0,4 кВ – 77,3%, КЛ-10-0,4 кВ – 68,4% құрайды.

Облыс бойынша тұтастай алғанда, қалалардағы желілердің кернеулігі жоғары. Алайда қалалық және ауылдық жерлер арасындағы электр- және жылу желілерінің сәйкессіздік тығыздығын атап өткен жөн.

2016 жылғы 1 қаңтардағы Қостанай облысының барлық елді мекендері орталықтандырылған электр желілері жүйесіне қосылған. 01.01.2016 жылға орталықтандырылған электрмен қолданатын халық саны 883 907 адам.

### **Энергия үнемдеу**

Қостанай облысының энергия тұтыну құрылымы көрсеткендей, 76% өнеркәсіп секторына келеді, оның ішінде энергетика, көлік секторына 15%, 5% халыққа, 3% ауыл шаруашылығына, 1% экономиканың басқа салаларына.

Тұтыну құрамында Қостанай облысының электроэнергиясының 51% өнеркәсіп секторына келеді, оның ішінде энергетика, көлік секторына 26%, 14% халыққа, 6% ауыл шаруашылыққа, 3% экономиканың басқа салаларына.

Өнеркәсіптік сектормен тұтынылатын облыстың он ірі өнеркәсіп кәсіпорындары 42% энергетикалық ресурстармен пайдаланады.

Тұрғын үй секторы 14% электр энергиясымен және 64% жылу энергиясымен пайдаланады.

Аумақтың тұрғын қордың 97,3% тиісті жағдайда, 1,8% жөндеуді талап етеді және 0,9% апатты жағдайда.

Қостанай облысы коммуналдық секторында инженерлік жүйелердің тозу деңгейі келесі сипатымен көрінеді:

нормативтік жағдайда жылумен жабдықтау 37% және 63% жөндеу талап етеді (798,5 км);

нормативтік жағдайда электрмен жабдықтау 22% және 78% жөндеу талап етеді (29200 км);

нормативтік жағдайда газбен жабдықтау 83% және 17% жөндеу талап етеді (3124,7 км);

Бюджеттік секторда энергия үнемдеу әлеуметтік маңыздылығы мен жеткіліксіз қаржыландыруына байланысты аса маңызды рөл атқарады, сондықтан жарықтандыруды жаңарту есебінен электр тұтынуды қысқарту қажет.

Осылайша, облыс бойынша:

- білім объектілерінде сынап бар шамдар – 3936, жарықдиодтық – 8869, натрий – 591, галоген – 269, люминесценттік – 45409 шам орнатылған.

- денсаулық сақтау объектілерінде сынап бар шамдар – 1535, жарықдиодтық – 4434, натрий – 200, галоген – 68, люминесценттік – 7828 шам орнатылған.

Облыс бойынша көше және саябақ жарықтандыру бөлінісінде: доғалық сынап - 11362, жарықдиодты - 1750, натрилі - 9687, люминесценттік - 7725, галогенді - 22, жинақы - 19 анықталды.

2015-2020 жылдарға энергия үнемдеуді дамыту мақсатында және 2015-2020 жылдарға арналған энергия үнемдеудің Кешенді жоспары әзірленді және Қостанай облысы мәслихатының шешімімен бекітілді. Кешенді жоспар шеңберінде энергия үнемдеу бойынша 77 іс-шаралар қарастырылды. Энергия үнемдеу бойынша шараларды іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттен 39190,1 млн. теңге қарастырылған.

«Электрэнергетиканы және энергия үнемдеуді дамыту институты» («Қазақэнергосараптама» АҚ) Қостанай филиалы әкімдікпен бірлесіп, 2015 жылға саны 324 субъектілерде мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің тізбесі анықталған.

Тұрғын үй ғимараттарында энергия тиімділігін арттыру және шығындарды азайту мақсатында «2012-2020 жылдарға арналған тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын жаңарту» бағдарламасына сәйкес үйлерді жаңарту жұмыстары жүргізілуде.

Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:

<p>Күшті жақтары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. 220-500-1150 кернеуімен кВ жүйе құрушы электр беру желілерінің дамыған схемасы.</li> <li>2. Жедел диспетчерлік басқарудың орталықтандырылған жүйесі;</li> <li>3. Электр энергия көтерме-бөлшек сауда нарығының тиімді жұмыс істеуі үшін нормативтік-құқықтық база қалыптасты.</li> </ol>	<p>Әлсіз жақтары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Электрмен жабдықтау инфрақұрылымның тозудың жоғары деңгейі (60-80%);</li> <li>2. Саланы қаржыландыруды қысқарту, экономикалық жағдайдың нашарлауы салдарынан дамыту бағдарламаларын тұжыру.</li> </ol>
<p>Мүмкіндіктері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жаңартылатын көздердің даму беталысы;</li> <li>2. Электрмен жабдықтау объектілердің жаңартуы.</li> </ol>	<p>Қауіп-қатерлері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Күштіліктердің шығып қалуы.</li> </ol>

**Негізгі проблемалар:**

Электрмен жабдықтау инфрақұрылымы тозуының жоғары деңгейі (60-80%).



Жоғары қуатты объектілерді жөндеу үшін мемлекеттік инвестицияларды қысқарту.

### Газбен жабдықтау

2016 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша облыстың 63 елді мекені табиғи газбен жабдықталған. Облыс бойынша табиғи газды тұтыну 2015 жылы 757,6 млн. м3 құрады.

2016 жылдың 01 қаңтардағы жағдайы бойынша Қостанай облысы бойынша газ құбырларының жалпы ұзындығы 3124,6 км құрайды, оның ішінде магистральдық газ құбырларының 619,3 км облыс жалғыз «Интергаз Центральная Азия» АҚ газ оператордың республикалық меншігіне жатады. Желілердің тозуы 25% құрайды.

2016 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша (383483 адам) табиғи газбен пайдаланатын қалалық халықтың саны 2012 жылмен салыстырғанда (349379 адам) 98%-ға ұлғайтылды, ауыл халықтың саны 01.01.2016 ж. (88437 адам) 2012 жылмен салыстырғанда (102729 адам) 113,9%-ға ұлғайтылды.

### Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:

<p><b>Күшті жақтары:</b></p> <p>1. Аудандарда тұтынушыларды табиғи газбен қамтамасыз ету мүмкіндігімен газ инфрақұрылымын дамыту.</p>	<p><b>Әлсіз жақтары:</b></p> <p>1. Газ тарату орнатулардың, тоқсан ішкі жүйелердің жаратымсыз техникалық жағдайы халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп-қатерлі болып табылады;</p>
<p><b>Мүмкіндіктері:</b></p> <p>1. Жаңа абоненттерді қосу мүмкіндігімен газ өткізетін жүйелердің құрылысы, сонымен бірге жаңа елді мекендерді табиғи газбен қамтамасыз ету;</p> <p>2. Жылу көздерін жағармайдың осы түрдің пайдаланымына аудармасы аумақтың экологиялық жағдайын жақсарту мүмкіндігін береді.</p>	<p><b>Қауіп-қатерлері:</b></p> <p>1. Орталық газбен жабдықтау жаңа жүйелердің құрылысы бойынша немесе қалпына келтіру бойынша іс-шаралардың жеткіліксіз қаржыландыруы.</p>

### Негізгі проблемалар:

Облыстың барлық елді мекендері табиғи газбен қамтамасыз етілмеген.

Газ тарату қондырғысының техникалық жай-күйі қанағаттанарлықсыз.

### Жылумен жабдықтау

Қостанай облысы бойынша 100 Гкал/сағ.-тан жоғары 6 бірлік қазандық, 100 Гкал/сағ. дейін 102 бірлік қазандық бар. Жылу көздері жабдықтарының тозуы орташа есеппен 42% құрайды.

Қостанай облысы қалаларында орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесі пайдаланылады. Облыстың орталықтандырылған жылумен жабдықтауды қамтамасыз ету деңгейі 41 % құрайды. Орталықтандырылған жылумен жабдықтау пайдаланатын халықтың саны 2016 жылдың 1 қаңтарына 362118 мың адамды құрайды.

Жылу желілерінің жалпы ұзындығы – 798,5 км. Желілердің тозуы – 51% құрайды.

2012-2014 жылдары облыс бойынша 118,3 км жылу желілері жөнделді және қайта жаңартылды, 2015 жылы 12,2 км жылу желілерін ауыстырылды.

Көп пәтерлі тұрғын үйлердің жылу энергиясын есептеу құралдарымен қамтамасыздығы 46% құрайды.

Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:

<p>Әлсіз жақтары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Облыс жыл көздерімен жыл энергияны өндірісінің өсуі;</li> <li>2.Күрделі жөндеуін талап ететін жүйелердің үлесі 63%-ға дейін төмендету.</li> </ol>	<p>Күшті жақтары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Жылуэнергетикалық кәсіпорындардың жаратымсыз қаржы жағдайы;</li> <li>2.Жылумен жабдықтау инфрақұрылымның тозудың жоғары деңгейі (63%);</li> <li>3.Саланың қаржыландыруын қысқарту, экономикалық жағдайдың нашарлауы салдарынан дамыту бағдарламаларын тұжыру.</li> </ol>
<p>Мүмкіндіктері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Жылумен жабдықтау көздердің даму беталысы;</li> <li>2.Орталықтандырылған жылумен жабдықтау саласында жаңа технологияларды енгізу (изоляцияланған құбырлардың ПӘК қазандықтарын арттыру).</li> <li>3.Мемлекеттік қолдау («2020 жылға дейін аумақтарды дамыту»)</li> <li>4. Жылумен қамтамасыз ету нысандарын жаңарту.</li> </ol>	<p>Қауіп-қатерлері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Белгіленген және орналасқан ТЭЦ күштіліктердің мүмкін бұқаралық төмендеуі, қазандықтар күштіліктердің шығып қалуы, <i>дәрежесі жоғары негізгі қорлардың тозуына байланысты</i> апаттық жөндеуде жылу көздері агрегаттарының тоқтауы.</li> </ol>

### Негізгі проблемалар:

Жылумен жабдықтау инфрақұрылымның тозудың жоғары деңгейі (63%)

Объектілердің жөндеуіне бағытталған мемлекеттік инвестициялардың қысқартуы.

Жылу-энергетикалық кәсіпорындар желілері мен жабдықтарының жеткіліксіз жаңартылуы.

### Сумен қамтамасыз етілуі

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай облыс бойынша орталықтандырылған сумен жабдықтауға елді мекендердің қол жетімділігі 29,9% құрайды (598 елді мекендерден орталықтандырылған сумен жабдықтаумен 179 қамтамасыз етілген), оның ішінде: қалаларда-100% - ды құрайды (5 қала және 3 қалалық үлгідегі кент), ауылдық жерлерде – 29% (590 ауылдан орталықтандырылған сумен жабдықтаумен 171 қамтамасыз етілген).

Егер халыққа қатысты сумен қамтамасыз етілуге көшсек, онда жағдай критична емес. Орталықтандырылған суға қол жеттімділікке 696,3 мың адам ие немесе облыстың 78,8% тұрғындары, оның ішінде: ауылдық жерде – 56,4% - ға, қалаларда – 97,4%.

Облыс бойынша сумен жабдықтау желілерінің жалпы ұзындығы 3993,8 км, тозу 49,8% құрайды.

Ауыз су қажеттіліктеріне тұрғындар тұтынатын су сапасының төмендетуіне және қол жеттімділігіне мынадай факторлар ықпал етеді:

- су құбыры желілерінің және құрылыстарының тозуы;
- құбырлар беті коррозияға қарсы жабынының бұзылуына байланысты бактериялық қызметті өнімдерімен ауыз судың қайталама ластануы;

- орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесіне ауылдық елді мекендердің төмен қолжетімділігі;
- жаңа сумен жабдықтау жүйелерін салуға, қолда бар жүйелерге жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына мемлекеттік инвестициялардың жеткіліксіздігі;
- облыстың кейбір аудандарында жергілікті ауыз сумен жабдықтау көздерінің болмауы.

Ауыз су сапасын және тұрғындардың қол жетімділігін қамтамасыз ете отырып қалыптасқан жағдайдың себептерін жою жөніндегі мақсатты шаралар қабылдамау, жағымсыз салдарға әкеледі:

- облыс халықы денсаулығының нашарлауына;
- аудандарда медициналық-экологиялық ортаның нашарлауына байланысты халықтың реттелмейтін көші-қонына;
- коммуналдық сектор кәсіпорындарында ескірген өндірістік қорларды көлемінің өсуіне;
- эксплуатациялық шығындардың өсуімен қатар коммуналдық қызметтерді сапасының төмендеуіне және үздіксіз ұсынуына;
- сумен жабдықтау жүйелерін ұстауға арналған шығындарды арттыруға.

Тұрғындарды сумен қамтамасыз ету бойынша проблемаларды шешуде негізгі бағыттар:

- елді мекендерде сумен жабдықтау желілерін салу және қайта жаңарту;
  - коммуналдық кәсіпорындардың инвестициялық бағдарламалары есебінен сумен жабдықтау жүйелерін жөндеу бойынша шараларды іске асыру, қаржы институттарының қаражатын тарту (халықаралық қаржы ұйымдары, екінші деңгейдегі банктер);
  - құрылыс және қайта жаңарту жобаларында қазіргі заманғы технологиялар мен материалдарды қолдану;
  - сумен жабдықтау және су бұру секторының мемлекеттік қолдау шараларын пайдалану;
- ауыз судың санитарлық-гигиеническим талаптарына сәйкестігіне сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

#### **Қалалық жерді сумен жабдықтау**

Облыстағы қалалар мен қалалық үлгідегі кенттерде 8 бірлік есептелінетін 467,1 мың адам тұрады. Қалалық елді мекендер тұрғындарының орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жетімділігі 100% құрайды, ауылдық елді мекендер бойынша 97,4 % немесе 455 мың адам құрайды. Қостанай қаласы бойынша сумен жабдықтау көздері – Амангелді су қоймасы және Қостанайлық жерасты суларының кен орындары; Арқалық қаласы – Ащы-Тасты су қоймасы; Лисаков қаласы – Жоғарғытобыл су қоймасы; Жітіқара қаласы – Желқуар су қоймасы; Рудный қаласы – Қаратомар су қоймасы.

Облыстың қалаларында су құбырлары желілерінің жалпы ұзындығы – 1554,6 км құрайды.

2012 жылы қаланың сумен жабдықтау желілерінің 44,3 км, 2013 жылы – 0 км (жобалар жоқ), 2014 жылы – 47,4 км өзгертілді, 2015 жылы – 22,9 км өзгерту жоспарланып отыр.

2012 жылы қаланың сумен жабдықтау желілерін дамытуға 7 жобаны іске асыруға 1,7 млрд. теңге бөлінді және игерілді. Сумен жабдықтау желілері 44,3 км салынып және қайта жаңартылды. 2013 жылы жобалар іске асырылған жоқ.

2014 жылы қаланың сумен жабдықтау желілерін дамытуға 9 жобаны іске асыруға 2,5 млрд. теңге бөлінді және игерілді. Сумен жабдықтау желілері 47,4 км салынып және қайта жаңартылды.

2015 жылы қаланың сумен жабдықтау желілерін дамытуға 6 жобаны іске асыруға 2,6 млрд теңге бөлінді. Сумен жабдықтау желілері 22,9 км салу және қайта жаңарту жоспарланды.

Мынадай индикаторларға қол жеткізілді:

Индикатор	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
Қалалар бойынша орталықт. сумен жабдықтауға қол жеткізуі	89%	96,9%	97,4%	97,4%

2016 жылғы 1 қаңтарға орталықтандырылған сумен жабдықтаумен пайдаланатын қалалық халықтың саны 2012 жылмен салыстырғанда (437685 адам) 4%-ға ұлғайды (454995 адам).

Қалалық сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту мақсатында халықаралық қаржы ұйымдарының қаражатын тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Кредиттік шартты және «Қостанай қаласының сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңарту» жобасын қолдау шарттының шеңберінде Қостанай облысы әкімі, Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі, Қостанай қаласы әкімі және «Қостанай Су» МКК арасында 3,3 км магистралды су құбырын және 7,7 км коллекторларды, 6 кәріздік сорғы станцияларын қайта жаңғырту, сумен жабдықтауды тазарту құрылыстарын жаңарту (*дезинфекциялау жүйесін ауыстыру, су резервуарларын гидрооқшау, 2-ші көтеру сорғы станциясының су құбырын қайта жаңғырту*), гидравликалық модельдеу жүйесін енгізу (ГАЗ SCADA), зертханалық жабдықтарды, арнайы техника мен автокөлік сатып алу шеңберінде жоспарланған 22 іс-шаралар жүзеге асырылатын болады.

«Қостанай қаласының сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңарту» жобасын іске асыру:

- 2015 жылғы қарқынның жалпы санынан (12 157 бірлік) 2,01%-ға желілердегі апаттылықты төмендетуді, осылайша жылына судың шығынын 1 017,0 мың м<sup>3</sup> немесе су шығынының жалпы санынан 2015 жылға 42,2% (2 410 мың м<sup>3</sup>) және топырақтың ластану тәуекелін азайтуды;

- 218, 5 мың кВтсағ/жыл электр энергиясын тұтынудың қысқартуын (жылдық электр энергиясын тұтынудан 1,22%);

- оның қаттылығын және минералдануын азайту арқылы судың сапасын жақсартуды;

- суды зарарсыздандыру сенімділігін арттыруды;

- суды залалсыздандыру үшін хлорды алу технологиясын өзгерту арқылы сұйық хлорды пайдалануға байланысты апат тәуекелін жоюды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл сұйық хлорды пайдаланудан бас тартуға әкеледі. Дезинфекциялау жүйесін қайта

жаңарту бойынша барлық жұмыстар су құбыры құрылыстарын тазарту аумағында жоспарланған.

### **Ауылдық жерді сумен жабдықтау**

2016 жылғы 01 қаңтардағы жағдайында облыс бойынша 590 ауылдық елді мекен бар, олардан 171 орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізді, 381 АЕМ орталықтандырылмаған сумен жабдықтауды, 38 АЕМ тасымалданатын суды пайдаланады.

Бұл ретте ауыл тұрғындарының 56,4%-ы (234,9 мың адам) орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізе алады.

Ауылдық елді мекендерде су бұру желілерінің жалпы ұзындығы 2439,2 км.

2012 жылы «Ақ бұлақ» бағдарламасы шеңберінде жалпы сомасы 2,5 млрд. теңгеге ауылды сумен жабдықтау бойынша 11 жоба іске асырылды, оның ішінде 6 – өтпелі. 5 – жаңа объектілер енгізілген. «Ақ бұлақ» бағдарламасын іске асыру қорытындылары бойынша АЕМ орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жетімділігі 23,6 %-дан 24,2 %-ға дейін ұлғайды.

2013 жылы жалпы сомасы 3,96 млрд. теңгеге ауылды сумен жабдықтау бойынша 14 жоба іске асырылды, 5 – объект енгізілген, 6 – өтпелі. «Ақ бұлақ» бағдарламасын іске асыру қорытындылары бойынша АЕМ орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жетімділігі 24,2 %-дан (2012 жылы ) 25,7 %-ға дейін ұлғайды.

2014 жылы жалпы сомасы 5,4 млрд. теңгеге ауылды сумен жабдықтау бойынша 15 жоба іске асырылды, оның ішінде 8 – өтпелі. 7 – объект енгізілген. АЕМ орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жетімділігін іске асыру қорытындылары бойынша 25,7 %-дан (2013 жылы) 27,4 %-ға дейін ұлғайды.

2015 жылы жалпы сомасы 3,6 млрд. теңгеге ауылды сумен жабдықтау бойынша 10 жоба іске асырылды. 7 – объект енгізілген. 6 ауылда орталықтандырылған сумен жабдықтауды пайдалануға енгізу есебінен АЕМ орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жетімділігін іске асыру қорытындылары бойынша 27,4 %-дан (2014 жылы) 28,9%-ға дейін ұлғайды (Наурызым ауд. Буревестник а., Денисов ауд. Озерное а., Алтынсарин ауд. Большая Чураковка, Малая Чураковка, Қосқұдық а., Федоров ауд. Жаркөл а.).

Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:

Күшті жақтары:	Әлсіз жақтары:
<p>1.Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын, «Нұрлы Жол» инфрақұрылымдық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыру;</p> <p>2.Сумен қамтамасыз ету саласын мемлекеттік қолдау шаралары (сумен жабдықтау объектілерін салу және қайта жаңғыртуды субсидиялау).</p> <p>3. Қалалық тұрғындардың орталықтандырылған сумен жабдықтауға 97,4%, ауыл халқының 56,4% дейін көрсеткішке қол жеткізу.</p>	<p>1.Сумен қамту объектілері мен желілерінің үлкен тозуы бар және осының апаттардың, жоғалтулардың салдарынан ауыз су сапасының төмендігі.</p> <p>2.Жаңа сумен жабдықтау жүйелерін салу және қолданыстағыларын қайта жаңартуға мемлекеттік және жеке инвестициялардың жетіспеушілігі.</p> <p>3.Сумен жабдықтау қызметін көрсететін, коммуналдық кәсіпорындардың көпшілігі қызметке қолданыстағы тарифтер қалпына келтіру жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін</p>

	<p>қажетті шығындарды жаппайды.</p> <p>4. Ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне қызмет көрсету бойынша кәсіпорындардың материалдық-техникалық жарактандыру жеткіліксіз.</p>
<p><b>Мүмкіндіктері:</b></p> <p>1. Облыс халқын ауыз сумен қамтамасыз етілуін көтеруге мүмкіндік беретін өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын, «Нұрлы Жол» инфрақұрылымдық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламасын іске асыру;</p> <p>2. Жер асты тұщы суларының жаңа кен орындарын игеру.</p> <p>3. Сумен қамтамасыз ету жүйелерінің техникалық жағдайын жақсарту.</p> <p>4. Қазіргі заманғы тиімді технологияларды енгізу.</p> <p>5. Материалдық-техникалық базасын жарактандыру арқылы пайдалану қызметін жетілдіру.</p>	<p><b>Қауіп-қатерлері:</b></p> <p>1. Жабдықтың физикалық тозу себептері бойынша ықтимал бас тартуы.</p> <p>2. Ұзақ пайдалану мерзімі нәтижесінде қалыптасқан сумен жабдықтау объектілерінің техникалық жай-күйі қанағаттанарлықсыз; қаржыландырудың жетіспеушілігі.</p> <p>3. Ескірген суды дайындау технологияларын қолданудан халық денсаулығының нашарлауы.</p>

### **Негізгі проблемалар:**

сумен жабдықтау желілерінің жай-күйі қанағаттанғысыз; облыс бойынша желілерде судың ысыраптылықтың жоғары деңгейі – 19,1%.

### **Су бұру**

Орталықтандырылған су бұру бойынша елді мекендердің қол жетімділігі облыс бойынша 7,8% - ды құрайды (сумен қамтамасыз етілген 179 елді мекендерден, 14 орталықтандырылған су бұрумен қамтамасыз етілген), оның ішінде: қалаларда - 100%-ды құрайды (5 қала және 3 қалалық үлгідегі кент); ауылдық жерлерде – 3,5% (сумен қамтамасыз етілген 171 ауылдардан, 6 орталықтандырылған су бұрумен қамтамасыз етілген).

Орталықтандырылған су бұруға облыс тұрғындарынан 499,3 мың адам қол жеткізді немесе 56,5%, оның ішінде қала 450,8 мың адам немесе 96,5%.

Кәріз желілерінің ұзындығы 1107,4 км құрайды, оның ішінде қалалық жерлерде 983,3 км және ауылдық 124 км. Су бұру желілерінің тозуы 72,8% құрайды.

2012 жылы кәріздік тазарту құрылыстары арқылы 29233,8 мың м<sup>3</sup>, 2013 жылы – 26607,8 мың м<sup>3</sup>, 2014 жылы – 26253,9 мың м<sup>3</sup>, 2015 жылы – 26027,8 мың м<sup>3</sup> ағын су жүргізілді.

АЕМ-де көбінесе ЖТҚ салынған (бір, екі қабатты жеке үйлер/коттедждер), оларда септик орналастырылады. 6 ауылдық елді мекенде орталықтандырылған су бұру жүйесі бар (Таран ауданының Тобыл к., Майский а., Әуликөл ауданының Құсмұрын к., Қостанай ауданының Затобол к. мен Заречный а., Қарабалық ауданының Қарабалық к.), бұл орталықтандырылған су

бұру жүйесіне қосылған ауылдық елді мекендердің жалпы санынан 3,5 % құрайды.

2012 жылы 16,1 км су бұру желілері ауыстырылды, 2013 жылы 16,7 км, 2014 жылы – 21,96 км, 2015 жылы – 9,1 км.

Қарабалық ауд. Қарабалық кентіндегі кәріз желілері құрылысының 2014 жылы аяқталуымен орталықтандырылған су бұру елді мекендердің саны 4-тен 5-ке дейін ұлғайды. 2016 жылдың соңында Денисов ауылында орталықтандырылған су бұру жүйесін пайдалануға беру жоспарлануда (*Денисов ауданының аудан орталығы*), бұл ретте су бұру жүйесімен қамтамасыз етілген ауылдар саны 7 ауылдық елді мекенге дейін өсуде.

Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:

<p style="text-align: center;"><b>Күшті жақтары</b></p> <p>1. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын, «Нұрлы Жол» инфрақұрылымдық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыру; 2. Су бұру саласын мемлекеттік қолдау шаралары (су бұру объектілерін салу және қайта жаңғыртуды субсидиялау). 3. Қарабалық а. (Қарабалық ауданның аудандық орталығы) тұрғындарды орталықтандырылған су бұрумен қамтамасыз ету, сондай-ақ Денисов а. (<i>Денисов ауданның аудандық орталығы</i>) су бұру жүйесін салу бойынша жұмыстарды жалғастыру.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Әлсіз жақтары</b></p> <p>1. Кәріздік желілердің 72,8% қанағаттанарлықсыз жай-күйде тұр. 2. Орталықтандырылған су бұру қызметтерімен елді мекендердің қамтылу пайызы төмен (7,8%). 3. Жаңа су бұру жүйелерінің құрылысына, тазарту құрылыстарына және қолда барды қайта жаңғыртуға мемлекеттік және жеке инвестициялардың жеткіліксіз қаражат бөлу. 4. Көптеген су бөлу қызметтерін көрсететін коммуналдық кәсіпорындардың әрекет ететін тарифтері жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін қажет шығындарды өтемейді. 5. Жаңа және қолданыстағы су бұру жүйелерінің құрылысына және қайта жаңартуларға мемлекеттік инвестициялардың жеткіліксіздігі.</p>
<p style="text-align: center;"><b>Мүмкіндіктері</b></p> <p>1. Су бұру объектілердің, кәріздік жүйелердің және тазартатын құрылыстардың құру мен қайта құру бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру тұрғындарды су бұру қызметімен қамтамасыз ету деңгейін арттыруға мүмкіндік береді 2. Ағынды суларды тазартудың қазіргі замаңғы тиімді технологияларды енгізу.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Қауіп-қатерлері</b></p> <p>1. Физикалық тозу себебінен жабдықтардың бас тартуы.</p>

### **Негізгі проблемалар:**

Облыстың кәріздік жүйелер тозудың жоғары деңгейі (72,8% жаратымсыз жағдайда).

Елді мекендердің орталықтандырылған су бұру қызметтерімен қамтудың төмен пайызы (7,6%).

### **Тұрғын үй қордың саласы.**

2016 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша облыста 3341 көп пәтерлі тұрғын үй бар, оның ішінде 1848 үйлерге күрделі жөндеу керек, бұл облыста бар үйлердің жалпы санынан 56,4% құрайды.

Көп қабатты тұрғын үйлердің негізгі көпшілігі өз отыз жылдығын аттап өтті, дәл осы мезгіл жалпақ жабынның және үйдің ішкі жылыту жүйесінің жұмыс мерзімін құрайды.

Заңнамасына сәйкес мемлекет жеке меншікті көп пәтерлі үйлерді жөндеуге қаражат жібере алмайды. Үй-жайлардың меншік иелері ортақ мүлікті жөндеу және күтіп ұстау бойынша жұмсалатын барлық шығыстарға дербес қатысуға міндетті, ал бюджеттен тек қана аз қамтылған азаматтарға тұрғын үй көмегі түрінде көмек көрсетіледі.

2011 жылы Қазақстан халқына Мемлекет басшысы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» өз жолдауында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа ауқымды жаңғырту өткізу, тұрғын үй қатынастарының оңтайлы моделін құру бойынша міндет қойды және Үкіметке жинақтауды ынталандыру және жөндеу жұмыстарын жүргізуді қоса қаржыландыру мен ортақ мүлікті қалпына келтіру тетіктерін әзірлеуді тапсырды.

Жолдауды жүзеге асыру аясында 2011 жылғы 30 сәуірде Үкімет 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламасын бекітті. Бағдарламаның негізгі мақсаты кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін жөндеу жұмысын жүргізу есебінен коммуналдық инфрақұрылымның жағдайын жақсарту болып табылады. Бағдарлама үйлерді жөндеуге қаражат кредит түрінде қайтарымды негізде бөлінетінін көздейді, бұл ретте ақшаны қайтару бірнеше жыл бойы жүзеге асырылады.

Сонымен, жоғарыда айтылған бағдарлама шеңберінде 2012-2015 жылдары бюджеттік және қайтару қаражаттар есебінен (2012 жылы-35 үй, 2013 жылы II механизмінің қайтару қаражаттары есебінен-14 үй, 2014 жылы-40 үй жөнделді (оның ішінде қайтару қаражаттары есебінен 2 үй) 99 көп пәтерлі үй жөнделді, күрделі жөндеуді талап ететін кондоминиум объектілердің үлесі 59%-дан 56%-ға дейін төмендеді.

Бұл іс-шаралар тұрғындардың қолайлы тұру жағдайларын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді және жалпы үйлік жылу энергиясын есепке алу аспаптары орнатылған үйлерде жылу төлемдерінің мөлшерін төмендетті және терможаңғырту элементтерімен жөндеу өткізілді.

Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:

Күшті жақтары (S):	Әлсіз жақтары (W):
1.Бағдарламаның іске асыру кезеңінде 111 көп пәтерлі үй жөнделген. 2. Күрделі жөндеуді талап ететін кондоминиум объектілерінің үлесі 59%-дан 56%-ға дейін төмендеді	1.кондоминиум объектісін басқаруында пәтерлер жекеменшіктерінің төмен белсенділігі; 2.пәтер иелерінің тұрғын үйді кондоминиум объектісі ретінде тіркеуге ниеттері жоқ. Бұл ретте кондоминиумды тіркеуден бас



	<p>тартқаны үшін пәтер иелерінің заңнамалық деңгейде атқару жауапкершілігі жоқ;  3. кейбір пәтер иелерінің тұрғын үйді күтіп-ұстау шығыстарына қатысуға ниеттері жоқ;  4. жалпы үй мүліктің күрделі жөндеуіне ақшалай қаражаттарды жинаудың әлсіздігі.</p>
<p><b>Мүмкіндіктері (О):</b>  1. қаладағы үйлердің эстетикалық ажарын жақсарту;  2. тұрғын үй жағдайлары мен өмір сүру қолайлығын жоғарылытудың жақсарту;  3. жылумен қолдану 30%-ға дейін үнемі;  4. Қала және ауылдық жерлерде коммуналдық сала объектілерінің іске асыру санын, құрылыс және жаңартуға қаржыландыруды ұлғайту.</p>	<p><b>Қауіп-қатерлері (Т):</b>  1. Үйлерге жөндеу жұмыстарын жүргізбеу себебінен халықтың тұрғын үй жағдайларының нашарлауы.</p>

### **Негізгі проблемалары:**

Коммуналдық инфрақұрылым тозуының жоғары деңгейі, бұл үлкен капитал салымының қажеттілігіне байланысты тауар нарығының тартымсыздығына әсер етеді.

Энергия тапшылығы.

Орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесімен ауылдық елді мекендерді қамтамасыз етілудің төмен көрсеткіші.

Тұрғын үй-коммуналдық сала объектілерін жаңарту және қайта құруға кәсіпорындардың инвестициялық ресурстарының жеткіліксіздігі.

Талап етілетін қолданыстағы инженерлік коммуникациялардың техникалық пайдалану деңгейінің жоқтығы.

Кәсіби кадрлардың тапшылығы мен жоғары тұрақсыздығы және салалық мамандарды арттыру мен қайта даярлау жүйесінің жоқтығы.

Тұрғын үй иелерінің кондоминиум объектісін басқаруға белсенділігі төмен.

Пәтер иелерінің тұрғын үйді кондоминиум объектісі ретінде тіркеуге ниет жоқ. Бұл ретте, заңнамалық деңгейде пәтер иелерінің кондоминиумды тіркеуден бас тартуға жауапкершілікті атқару жоқ.

Пәтер иелерінің тұрғын үйді ұстау шығыстарына қатысу үшін ниет жоқ.

Жалпыүйлік мүлікті күрделі жөндеуге ақшалай қаражатын жинақтау тәжірибесі әлсіз.

Ортақ мүлкін басқару және күтіп-ұстау бойынша қызмет көрсетуге төлемдер жиналуының деңгейі төмен, соның ішінде ПИК ортақ үй мүлкіне толық сапалы қызмет көрсете алмайды.

### **Даму беталысы:**

Облыстың коммуналдық кәсіпорындарының инвестициялық бағдарламаларында жөндеу жұмыстарының көлемдерін ұлғайту.

«Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы» шеңберінде жағдайдың жақсы жағына қарай өзгеруі.

Сумен жабдықтау және су бұру саласын дамытуға қаржы ұйымдарының

(халықаралық қаржы ұйымдарының және екінші деңгейдегі банктердің) қаражатын тарту.

Салуға және қайта жаңғыртуға қаржыландыруды, қалалық және ауылдық жерлерде сатылатын коммуналдық сала нысандарының санын ұлғайту.

Органдармен кондоминиум нысандарын басқаруды, ең жақсы тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын құру мақсатында тұрғын үйді қадағалау және күту бойынша ұйымдастырушылық және техникалық іс-шараларды уақтылы жүргізу.

Үйлердің жалпы мүлкін күрделі жөндеуді қаржыландырудың қолданыстағы тетіктері туралы халық арасында үгіттеу-насихаттау жұмысын жүргізу.

Жалпы үй мүлігіне күрделі жөндеу жүргізу.

### **2.1.5. Экология және жер ресурстары**

Облыс өмір сүруге қолайлы аумаққа жатады, ауаны ластауды төмендетуде үлкен рөлін жасыл көшеттер атқарады. Орман жолақтары мен саябақтар ауаның температурасына, ауаның ылғалдылығы мен желдің жылдамдығына әсер етеді, ауаның тозаңды ластануын ұстайды.

#### **Атмосфералық ауаны қорғау**

Әуе бассейнінің жағдайы бойынша Қостанай облысы ең қолайлы аумақ болып табылады. Соңғы жылдары облыстың атмосфералық ауасының сапалы жағдайы тұрақты болып отыр.

Атмосфералық ауаның ластану деңгейі төмен болып бағаланады.

Облыстың әуе бассейнін ластандыру тау кен өндірістік, жылу энергетика өнеркәсібі, автомобиль көлігі кәсіпорындарынан ластандырушы заттардың қалдықтарына байланысты.

Стационарлы көздерден атмосфераға ластаушы заттектерді шығару лимиттері қоршаған ортаға эмиссиялар рұқсатымен белгіленеді. 2013 жылға - 224,4 мың тонна, 2014 жылға - 227,4 мың тонна, 2015 жылы - 228 мың тоннаны құрады.

2012-2015 жылдары атмосфераға ластандырушы заттар қалдықтарының жалпы көлемі бір деңгейде қалады (2013 жылы - 314,37 мың тонна, 2014 жылы – 308,82 мың тонна, 2015 жылы – 316,1 мың тонна). Ластандырушы заттар қалдықтарының негізгі үлесі автомобиль отынын жағудан шығыстарына келеді (70%). 2012-2015 жылдары стационарлық көздерінен өнеркәсіптік шығыстары бойынша серпіні: 2012 жылы - 80 мың тонна, 2013 жылы - 115,37 мың тонна, 2014 жылы - 103,82 мың тонна, 2015 жылы – 91,6 мың тонна.

Облыс кәсіпорындарының өнеркәсіп шығыстарының 80%-ға жуығы Қостанай облысының ең ірі тау кен өнеркәсібі «ССКӨБ» АҚ үлесіне тиесілі.

#### **Ағымдағы және әлеуетті проблемалар**

Өнеркәсіп кәсіпорындарынан залалды заттарының шығыстарын тазарту бойынша тазарту құрылыстарының жұмысы жеткіліксіз тиімді.

#### **Даму беталысы**

Атмосфералық ауаның қолайлы жағдайына Қостанай облысының ірі қазандықтарына отын ретінде табиғи газды пайдалану себеп болып отыр. Әсіресе көмірді пайдаланатын «ССКӨБ» АҚ ЖЭС және мазутты пайдаланатын Арқалық ЖЭС болып табылады.

Облыстың елді мекендерінің көбісі газды пайдалануға ауысып жатыр, бұл өңірдің атмосфералық ауасының жағдайын тиісті жақсартуға мүмкіндік береді.

### **Су ресурстарын қорғау.**

Қостанай облысының су объектілері Тобыл-Торғай су бассейніне жатады. Облыс аумағында 310 жуық су ағымдары бар. Ұзындығы 100 км-ден жоғары өзен – 21, 500 км – тек екі өзен (Тобыл, Торғай) бар. Облыс аумағында жиынтық көлемі облыс аумағының көлемінен 2% құрайтын 5000 артық көл бар.

Облыс жеткіліксіз түрде ылғалданбаған аймақта орналасқан және атмосфералық жауын-шашынның орта жылдық мөлшері 240-280 мм құрайды. Өзен желісі өте нашар дамыған, сондықтан жер үсті су қорлары маңызды емес. Өңірдің басты сумен жабдықтау көзі оған құятын Үй, Тоғызақ, Обаған, Аят, Желқуар өзендерінің тармағынан және онда сарқырамадан құрылған су қоймалары бар Тобыл өзені болып табылады.

2015 жылғы мониторинг нәтижелері бойынша су сапасы өткен жылмен салыстырғанда Тоғызақ, Үй өзендерде – айтарлықтай өзгермеген, Тобыл, Аят, Обаған өзендерде – нашарлады. Қостанай облысының аумағында су объектілері суының сапасы мынадай түрде бағаланады: су «жоғары деңгейдегі ластану» - Тобыл, Аят, Тоғызақ, Үй, Обаған өзендері, Қаратомар су қоймасы; су «қалыпты ластану деңгейін» - Амангелді, Жоғарғы Тобыл су қоймасы.

Тобыл өзенінде артық ШРК тіркелген ауыр металдар тобы (никель 5,2 ШРК, мыс 7,6 ШРК, мырыш-1,3 ШРК, марганец 8,9 ШРК), басты иондар заттары (сульфаттар 2,1 ШРК, магний 1,1 ШРК), биогендік заттар (жалпы темір 2,8 ШРК) және органикалық заттары (фенолдар 6,7 ШРК) бойынша болды.

Ауыр металдар бойынша ШРК асыру фондық сипатқа (табиғи) ие.

Облыста Тобыл (2 дана) және Шортанды өзендеріне, Құсмұрын көліне, Қаракөл-Қояндықопа көлдерінің жүйесіне төрт шартты таза судың ағысы келіп құяды. 2012-2015 жылдары 1,5 есеге жер үсті су қоймаларына ағызудың жалпы көлемі қысқарды. Су қоймаларына келіп құятын сулардың жалпы көлемі 2015 жылы 12,546 млн.м<sup>3</sup>, 2014 жылы – 15,734 млн.м<sup>3</sup>, 2013 жылы – 19,341 млн.м<sup>3</sup> құрады.

Облыстың барлық сыртқы су қоймаларына су жіберуі бақылауға алынды. Мониторинг қорытындылары бойынша өнеркәсіп кәсіпорындарының су қоймаларына құятын ағын сулары нормативті таза болып табылады, тұтастай алғанда шекті рұқсат етілген ағын сулардың мөлшерінен аспайды және сапасы жағынан су қоймаларының құрамына кері әсерін тигізбейді.

Қалалардың 30 млн. м<sup>3</sup> көлеміндегі шаруашылық-тұрмыстық ағын сулары жергілікті тазарту құрылыстарында алдын ала тазартылады. Тазартылған ағын сулар одан әрі арнайы жеке су жинайтын буландырғыштарға, сүзгі алаңдарына түседі. Қазіргі таңда канализациялық тазарту құрылыстары әбден тозған және қайта жаңартуды талап етіп отыр.

### **Ағымдағы және әлеуетті проблемалар**

Облыстың ең маңызды экологиялық мәселелерінің бірі облыс орталығында биологиялық тазарту стансасының болмауы болып табылады. Қазіргі уақытта қолданылатын Қостанай қаласының ағын суларын тазарту технологиясы қарапайым және 1966 жылдан бастап пайдаланылатын жер тұнбаларында тек механикалық қоспалары бойынша жартылай тазартуға мұршасы бар. Қостанай қаласының іс жүзінде тазартылмаған ағын суларының көлемі шамамен 13 млн. м<sup>3</sup> құрайды.

### **Даму беталысы**

«Ақбұлақ» бағдарламасы аясында кәріз тазарту қондырғылары жүйелерінің құрылысы енгізілген «Қостанай қаласының сумен қамту және су тарту жүйелерінің инвестициялық негіздемесі» жобалық құжаттамасы әзірленді. Жоба мемлекеттік сараптамадан өтті. Тапсырыс беруші Құрылыс істері комитеті мен ТКШ болып табылады, қаржыландыру республикалық қаражат есебінен.

Қазіргі уақытта осы жобаны іске асыруға инвестициялар бойынша мәселелер қарастырылуда.

### **Жер ресурстарын қорғау**

Қостанай облысының жер қоры өзгерген жоқ және 19 600,1 мың гектарды құрайды. Жер құрылымында ауыл шаруашылығы жайылымдарының жалпы аумағы 18129,7 мың гектарды немесе өңірдің жалпы аумағынан 92,5%□ құрайды.

Жерлерді ұқыпты пайдалану және ластаудан қорғау біздің заманымыздың өңірлік маңызды экологиялық мәселелеріне жатады. Облыстың экологиялық жағдайы қанағаттандырарлық.

Қостанай облысының жер ресурстарының жағдайына басым ықпалын тау кен өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, жылу энергетикасы кәсіпорындары тигізіп отыр.

Техногенді бұзылған және ластанған жерлер қалалардың өнеркәсіп аймақтарында, пайдалы қазбаларды өндіру және қайта өңдеу орындарында таралған. Ашық тәсілімен өндіру кезінде үлкен аумақтарда ауыл шаруашылығына жатпайтын мақсаттарға, яғни кеніштер, үйінділер, қоймалар, кен және шаруашылық тұрмыстық сулардың жинауыштары үшін жерлер оқшауландырылады.

Қоршаған ортаның жағдайына техногендік әсерін тигізетін нысандар үнемі бақыланып отырады.

### **Өндіріс қалдықтары және тұтыну**

Қостанай облысының 2016 жылғы 01 қаңтарға жиналған қалдықтардың жалпы көлемі 11,9 млрд. тонна құрады, қалдықтардың негізгі үлесі (99%) тау кен өндірісі кәсіпорындарының тұрмыстық қалдықтарына, атап айтқанда аршымалы жынысына (92% ) және байыту қалдықтарына (7%) тиесілі.

Барлық тау-кен өндірісі кәсіпорындарында қалдықтардың қалыптасуын болдырмау және азайту сияқты қалдықтардың технологиялық циклінің барлық кезеңдерін, есептеу мен бақылауды, жиналуын, сондай-ақ өндіріс қалдықтарын

жинауды, қайта өңдеуді, пайдаға асыруды, тасымалдауды, сақтауды және жоюды қамтитын қалдықтарды басқару жүйесі әрекет етеді.

Жыл сайын кәсіпорындар қоршаған ортаға бос жыныстар үйінділерінің, күл үйінділері мен қоймалардың жағымсыз әсерінің алдын алуға бағытталған табиғат қорғау іс-шараларын жүзеге асырады.

2012-2015 жылдары қалдықтарды жою пайыздары 1,2 есе артты. Сонымен, өңірде 2015 жылы өндірістік қалдықтарды пайдалану мен жоюдың жалпы көлемі шамамен 24%, 2014 жылы – 18%, 2013 жылы – 19,8%, 2012 жылы - 15% құрады.

2016 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша Қостанай облысының елді мекендерінде 310 қатты тұрмыстық қалдықтар (ҚТҚ) полигоны бар, барлығы нақты жеке және заңды тұлғалармен бекітілген. Облыста экологиялық заңнаманың талаптарына сәйкес ҚТҚ полигондарын рәсімдеу бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр.

Қатты тұрмыстық қалдықтардың негізгі ауқымы компоненттерге бөлінбей, ашық қоқыс үйінділеріне шығарылып, қатталып тасталады. Қатты тұрмыстық қалдықтар орналастырылған аумақ 3 мың гектардан артық, жыл сайын ҚТҚ полигондарына 500 мың тоннадан (2014 жылы – 453 мың тонна) артық қатты тұрмыстық қалдықтар түсіп отырады.

2016 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша облыста қалдықтарды қайта өңдеу бойынша кәсіпорындар жұмыс істейді:

- «Тазалық-2012» ЖШС (Қостанай қ.) базасында пластмасса және басқа да полимерлі қосылыстар қалдықтарынан әр түрлі (кәріздік люктер, геоторлар және т. б.) бұйымдар өндіру бойынша желі жұмыс істейді;

- «Лисаков Картон-Қағаз Кешені» ЖШС (Лисаков қ.) қағаздар қалдықтарын қайта өңдеу бойынша;

- «ГЭСПОЛ» ЖШС (Қостанай қ.) базасында «Иволга-Холдинг» ЖШС холдингіне кіретін өндіріс және тұтыну қалдықтарын термическому жою бойынша инсинераторная орнату жұмыс істейді. Медициналық қалдықтарды өртеуге облыстың емдеу ұйымдарымен және ластанған топырақты мазутпен жағуға шаруашылық субъектілерімен шарт жасалды.

- Пайдаланылған майларды регенерациялау бойынша «Эkoline sport» ЖШС (Қостанай қ.);

- «Экосфера+» ЖШС өңделген құрамында сынап бар лампалар мен құрамында сынап бар аспаптарды демеркуризациялауға маманданған;

- «Агротехмаш» ЖШС пайдаланылған шиналарды өңдеумен айналысады.

Қалдықтарды кәдеге жарату қоршаған ортада қалдықтарын орналастыру көлемін қысқартуға мүмкіндік береді, бұл улы қалдықтарды қоршаған ортаның компоненттеріне теріс әсерін айтарлықтай төмендетеді.

Қостанай облысы аумағында облыстың емдеу-профилактикалық ұйымдарында жыл сайын 160 т. астам қауіпті медициналық қалдықтар құрылады (2013 жылы – 163,18 тонн, 2014 жылы – 171,69 тонн, 2015 жылы – 168,9 тонн).

Санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес полигондар мен үйінділерде

тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыруға тыйым салынады. Осыған орай, қауіпті медициналық қалдықтарды жою атмосфераға жоғары улы заттардың, соның ішінде ауыр органикалық лаптағыштардың (АОЛ) көп шығаруылуына әкелетін арнайы қондырғыларда негізінен жағу жолымен жүргізіледі және нәтижесінде аймақта экологиялық жағдайдың нашарлауына алып әкеледі.

Қостанай облысында арнайы қондырғыларда жағу әдісімен медициналық қалдықтарды кәдеге жарату бойынша 4 ұйым айналысады («Қостанай облыстық наркологиялық диспансер» ШЖҚ МКК, «Рудный қалалық балалар ауруханасы», «ЖК Әлішер» ЖК Бермухамедов). 2 денсаулық сақтау объектілерінде жағуды қолданбай меншікті қалдықтарды кәдеге жарату бойынша қондырғысы орнатылған («Облыстық қан орталығы» КМК және Қостанай қ. № 4 емханасы), мында облыс бойынша қалыптасқан медициналық қалдықтардың жалпы көлемнен 6% жойылады.

### **Ағымдағы проблемалар**

Облыста қоқысты қайта өндіретін кешендердің жоқтығы ҚШҚ маңызды қорлануына жеткізеді. ҚШҚ пайдаға асырудың төмен пайызы-0,012% құрайды.

Медициналық қалдықтарды өртеу аса улы лаптаушы заттардың - орнықты органикалық лаптағыштардың (ООЛ) шығарындыларына әкеп соқтырады. Аналитикалық бақылаудың нәтижесі бойынша ООЛ (диоксиндер, фурандар) концентрациясы шығарындыларында жағу қондырғыларынан атмосфералық ауаға нормадан 28 рет артық.

### **Даму беталысы**

Республикалық бюджеттен «Қостанай қаласында қатты тұрмыстық қалдықтар басқару жүйесін жаңарту жобаларына инвестицияларды негіздеу» үшін ТЭН әзірленген. Осы жоба бойынша мемлекеттік сарапшылық алынды. Жобаның шамалы құны 8,5 млрд. теңге. Жергілікті бюджетте қаржыландыру көздерінің болмауына байланысты Жобаны іске асыру мүмкін емес. Қазіргі уақытта осы жобаны іске асыруға инвестицияларды тарту бойынша мәселе пысықталуда. Қоқыс өңдейтін кешен 2020 жылдан ерте пайдалануға берілмейтіндіктен ҚТҚ пайдаға асыру бойынша көрсеткішті айтарлықтай ұлғайтуға мүмкін емес.

2014 жылдың қыркүйегінде ҚР Энергетика министрлігі мен Қостанай облысы әкімдігі арасында «Қазақстанда медициналық қалдықтарды ұлттық жоспарлау және оңтайлы басқару үдерісінде орнықты органикалық лаптағыштармен басқаруды орындау, интеграция ұлттық жоспарын жаңарту» Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Біріккен Ұлттар Ұйымын Дамыту Бағдарламасының Бірлескен жобасы аясында Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Жоба аясында Қостанай облысы үшін Жаһандық Экологиялық Қор қаражаты есебінен оларды алу мақсатында баламалы жағу тәсілімен медициналық қалдықтарды залалсыздандыру бойынша технологиялар мен қазіргі заманғы жабдықтарды таңдау жөнінде мәселе қарастырылуда. Осы жабдықты Жетіқара аудандық ауруханада орнату және «Қостанай облыстық

наркологиялық диспансер» ШЖҚ МКК бар жабдықты ауыстыру жоспарланып отыр.

### **Радиациялық қауіпсіздік.**

Ағымдағы инструменталдық өлшемдер нәтижесінде облыста радиациялық жағдайды жайлы деп айтуға болады. Тұрғылықты жердің радиациялық аясының төмен деңгейі бастапқы қолайлы геологиялық жағдайға, уран өндіруші кәсіпорындардың, уран және тау-химия өнеркәсібінің болмауына байланысты.

Аумақтың елді мекендері бойынша атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-аясының 2012-2015 жылдар аралығында орташа мәні сағатына аяның 0,10-0,14 мкЗв шегінде тұр және табиғи аядан аспайды.

Жергілікті жерлерде гамма сәулелену деңгейін бақылау күн сайын облыстың 6 метеорологиялық станциясында жүргізіледі.

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтік түсудің орташа тәуліктік тығыздығы облыс аумағында 0,7-3,1 Бк/м<sup>2</sup> Бк/м<sup>2</sup> құрайды.

Облыс бойынша түсу тығыздығының орташа шамасы 1,2 Бк/м<sup>2</sup> құрайды, бұл шекті - рұқсат етілген деңгейден аспайды.

Қостанай облысының аумағында атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивтік ластануын бақылау 2 метеорологиялық станцияда (Жітіқара, Қостанай) жүзеге асырылды.

### **Флора мен фаунаны қорғау**

Қостанай облысының аумағында жалпы көлемі 2 826 558,6 гектар ерекше қорғалатын 16 табиғи аумақ, олардың ішінде: Науырзым мемлекеттік табиғи қорығы, «Алтын Дала» мемлекеттік табиғи қоры, 3 мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қорықтары: Тауынсор, Жарсор-Ұрқаш және Михайлов, «Ырғыз-Торғай-Жыланшық» экологиялық дәліз, сонымен қатар 10 жергілікті маңызы бар табиғи ескерткіш бар.

Су-батпақ жерлердің жалпы аумағы 864,1 мың гектарды, оның ішінде сулы жер – 506,8 мың гектарды құрайды. Көлдердің басым бөлігі қыс кезінде қатып қалады.

Жануарлар әлемін жануарлардың 334 түрі: оның ішінде сүтқоректілердің 44 түрі, құстың – 261, амфибиялардың – 3, рептилиялардың – 3 және балықтардың – 23 түрі қамтиды.

Жануарлар әлемін пайдаланушылардың атына жалпы аумағы 15 290 мың гектарды құрайтын 96 аңшылық жер-су тіркелді, облыстың резервтік қоры 1884,1 мың гектар құрайды. Су пайдаланушыларға 477 су айдындары бекітілген, жалпы ауданы шамамен 144 мың га.

Қоршаған ортаны қорғаудағы маңызды орынды орман алқаптары алады. 2016 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Қостанай облысының мемлекеттік орман қорының жалпы аумағы 1 143,563 мың гектар құрайды, оның ішінде орманы бар 236,4 мың гектар (01.01.2015ж. – 235 мың га, 01.01.2014ж. – 229 мың га, 01.01.2013ж.-224,1 мың га) құрайды.

Ормандарды сақтау және қорғау мақсатында орман шаруашылығы мекемелері жыл сайын өртке қарсы алдын алу іс-шараларын жүргізеді, оның ішінде 600 км аумақта орман отырғызу шекаралары бойынша минералдандырылған алқаптардың құрылысы, сонымен қатар 47000 км аумақта қолда бар минералдандырылған алқаптарды күтіп-бағу жүзеге асырылады.

Жыл сайын орман қорының 217,7 мың гектарды алып жатқан жалпы аумағында ормандарды екі әуе кемесімен әуеден күзету жүзеге асырылады.

Орман қорының учаскелерінде өртті қадағалау мұнараларының (ӨҚМ) жер үсті желісі құрылған. Орман мекемелерінде орман өрттерін айқындауда басты рөлді атқаратын 22 ӨБМ қызмет етеді.

Сумен жабдықтау көздерінің санын ұлғайту үшін соңғы жылдары мемлекеттік орман қорында 33 жаңа қазаншұңқыр, сонымен қатар 5 ұңғыма жасалды. Табиғи су қоймалары жоқ орындарда мемлекеттік орман қорының жерлерінде өртке қарсы техниканы жедел толтыру мақсатында су жинауға арналған 30 ыдыс орнатылды.

2015 жылға мемлекеттік бір мекемеге қарасты орман қорында 1593,81 га орман алаңында (2014ж: 969,165 га алаңында 26 оқиға; 2013ж: 25,527 га алаңында 22 оқиға; 2012ж: 1441,8 га алаңында 63 оқиға) орман өрттердің 40 оқиға болды.

Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы орман шаруашылығы мекемелерінің техникалық жабдықталуы Республикада үздіктердің бірі болып табылады. Өрт сөндіру машиналары 23 бірлік нормасы бойынша 78 бірлік бар, суды тасымалдау агрегаты 0 бірлік нормасы бойынша 11 бірлік бар, бүріккіштер арқа-аспалы 110 дана нормасы бойынша 335 дана, патрульдік машиналар 32 бірлік нормасы бойынша 132 бірлік, өрт қадағалау мұнаралары 0 дана нормасы бойынша 24 дана және т. б.

Осы техникалық жабдықталуды ескере отырып, орман шаруашылығы мекемелері орман өрттерінің көлемін барынша азайтатын болады.

#### **Даму беталысы**

Жыл сайын облыстың табиғи экожүйелерін сақтау мен көбейту мақсатында орман шаруашылық 11 мекемелерді ұстауға және жоспарлы өртке қарсы, орман қорғау, орман қайта құру, орман сақтау іс-шараларды орындау бойынша қаржыландыру ұлғайып жатыр.

Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:



<p style="text-align: center;"><b>Күшті жақтары</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өнеркәсіптік өндіріс көлемінің өсу шартындағы тұрақты экологиялық жағдай;</li> <li>2. Табиғат пайдаланушы-кәсіпорындардың жылсайын табиғатқорғау іс-шараларын орындауы;</li> <li>3. Көпжылдық реттеу режимінің шоғырландыратын суайдынының болуы.</li> <li>4. Құрамында сынап бар аспаптар мен өнімдерді жылсайын жинау және демеркуризациялау (қайта өңдеу).</li> <li>5. Жер пайдалану құқығын ресімдеумен нақты заңды және жеке тұлғалардың ҚТҚ полигондарын бекіту.</li> </ol>	<p style="text-align: center;"><b>Әлсіз жақтары</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жинаудың жетілмеген жүйесі, соның ішінде қатты тұрмыстық қалдықтардың бөлек жинауы;</li> <li>2. Қалдықтардың қайта құру мен пайдаланудың төмен көлемі;</li> <li>3. Санитариялық қағидалардың талаптарына қолда бар қатты тұрмыстық қалдықтарды көму объектілерінің сәйкес келмеуі;</li> <li>4. Медициналық қалдықтарды өртеу аса улы ластаушы заттар - орнықты органикалық ластағыштардың (ООЛ) шығарындыларна әкеп соқтырады</li> <li>5. Қостанай қаласында тазарту биологиялық станциясының жоқтығы.</li> <li>6. Өнеркәсіптік кәсіпорындардан ластандыратын заттардың тазарту бойынша жеткіліксіз жұмысы;</li> <li>7. Ормандардың жоғары өрт қауіпі бары.</li> </ol>
<p style="text-align: center;"><b>Мүмкіндіктері</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Екінші рет қайта өңдеу және қалдықтарды кәдеге жаратуды енгізу.</li> <li>2. Тұрғындарда табиғи ресурстарды пайдалануға саналы қарым-қатынасты қалыптастыру.</li> <li>3. Кәріздік тазарту құрылыстарын қайта жаңғырту, жаңарту, күрделі жөндеу.</li> <li>4. Балама жағу әдісімен медициналық қалдықтарды залалсыздандыру бойынша әдістерін енгізу.</li> <li>5. Экологиялық таза отын түрлерін пайдалануға көшу.</li> <li>6. Өнеркәсіп кәсіпорындарымен тазарту құрылыстарын күрделі жөндеу мен қайта жаңғыртудың шығындарын ұлғайту.</li> <li>7. Орман және орман көмкерілген алаңын ұлғайту мен облыстың табиғи экожүйелерін сақтау.</li> </ol>	<p style="text-align: center;"><b>Қауіп-қатерлері</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өнеркәсіптік, уландырғыш және тұрмыс қалдықтарды жинау жалғастырушы тенденциясы, сондай-ақ технологиялардың жоқтығы.</li> <li>2. Жеткіліксіз тазартылған сарқынды сулармен су ресурстарының ластануы.</li> <li>3. Кәсіпкерлік шығарындылармен атмосфера ауаны ластандыру.</li> <li>4. Орман өрттер.</li> </ol>

### **Негізгі проблемалар:**

Өнеркәсіптік кәсіпорындардан зиянды заттар шығарындыларын тазалау бойынша тазарту құрылыстарын жұмыс тиімділігі жеткіліксіз.

Облыстық орталықта биологиялық тазарту стансасының болмауы.

Облыста қоқыс өңдеу кешенінің болмауы едәуір ҚТҚ жинақталуының артуына алып келеді.

ҚТҚ кәдеге жаратудың төмен пайызы.

Орман және орманды дала өрттер.

**Ауыл шаруашылығы айналымға ауыл шаруашылығына арналған жерлерді қатыстыру.**

2012-2015 жылдары бойынша ауыл шаруашылығына арналған жерлердің алаңы 199,6 мың га және 01.01.2016 жылына 10586,7 мың га құрады, соның

ішінде егіндік – 6022,3 мың га (2012 жылдың деңгейіне 101,7%), пішен шабу – 112,0 мың га (2012 жылдың деңгейіне 118,7%), жайылым – 4283,7 мың га (2012 жылдың деңгейіне 101,7%).

33-кесте

### Ауыл шаруашылығына арналған жерлерді беру бойынша сайыстарын өткізу серпіні

	мың га			
	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2012 жылға қарағанда 2015ж, %
Жалпы алаңы, соның ішінде:	804,6	281,1	411,5	424
егіндік	40,8	54,5	45,9	40,1
пішен шабу	27	5,3	21,5	22,4
жайылым	719,2	216,7	329,9	331,1
басқалары	17,6	4,6	14,2	30,4

2012-2015 жылдар аралығындағы кезең бойынша ауыл шаруашылығына арналған жер алаңы 199,6 мың га ұлғайды, соның ішінде егіндік – 100,9 мың га, пішен шабу – 17,0 мың га, жайылым – 72,1 мың га, төменде көрсетілген жайттарға байланысты:

-жер телімнің жалдау мерзімі өтіп кетті және жерлер жер қорына қайтарылған;

-ауыл шаруашылығы жер-суларды өндеу болымсыздықтан жер пайдаланушылардың жер телімдерінен бас тартуы;

- пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің он есе қалалары мен аудандарының мәслихаттарымен жер салығы ставкасының ұлғаюына байланысты.

400-ден астам мың га ауыл шаруашылығы жер-сулардың пайдаламандықтан немесе ұтымсыз пайдаланымдықтан жер телімдердің жалдау келісім-шарттардың бұзу арқылы мемлекеттік меншігіне қайтарылды.

2015 жылы алаңы 361,7 мың га жер учаскелері мемлекеттік меншігіне қайтарылды, соның ішінде егіндік - 40,3 мың га, пішен шабу -2,7 мың га, жайылым 318,7 мың га (ерікті бас тарту).

Ауыл шаруашылығы айналымға қатыстырылған жерлердің үлесі жыл сайын 4% құрайды.

Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:

Күшті жақтары:	Әлсіз жақтары:
1. Әлеуетті жер пайдаланушыларға ұсыну мақсатында ауыл шаруашылық өндірісіне жарамды қолданылмайтын жерлерді анықтау және меңгеру; 2. Ауыл шаруашылыққа арналған қолданбамалы жерлерге жер салығын арттыру; 3. Тыңайған жерлерді жер айналымға тарту есебінен егіндік алаңын ұлғайту, ауыл	1. Ірі шаруашылықтарда жер телімдері барлығы, белгілеу бойынша пайдаланым-баған (мал шаруашылығын жүргізуі). 2. Шаруа қожалығылармен егіс айналымы қолдануы, олардың жер пайдаланымы 400 га артық емес алаңында орналасқан, бұл кішкентай аландарына бөлуіне әсер етеді, сондықтан топырақтың механикалық жөндеуі тиімсіз және үнемшіл емес болады.

шаруашылығына пайдалану үшін егістік жерді игеру.	3. Ұсақ ауыл шаруашылығы мен тауар өндірушілерді егіс айналымды және жайылымның ауысуды енгізуге ниеттенетін әсершіл мемлекеттік тұтқышылардың жоқтығы.
<p style="text-align: center;">Мүмкіндіктері:</p> <p>1. Қолданбамалы мен игерілмеген жерлердің немесе заңнама бұзумен қолданбалы жерлердің мәжбүрлік алып тастауы бойынша мөлшерінің жетілдіруі.</p> <p>2. Қолданбамалы ауыл шаруашылығына арналған жерлеріне жер салық пен бірыңғай жер салығының базалық еңбек ақылардың 10 есе көтерілуі.</p> <p>3. Ауыл шаруашылығы айналымға қолданбамалы жерлердің енгізуі.</p> <p>4. Мал шаруашылығы жүргізу үшін жалдау негізінде шаруашылықтарына беру мақсатында ірі қаржы-тұрақсыз шаруашылықтардан қолданбамалы жер телімдерді алып тастау.</p> <p>5. Ауыл шаруашылығы жер-сулардың түгел қолданбалы жерлерінде егіс айналым мен жайылымның ауысуы жүйесін енгізуі.</p>	<p style="text-align: center;">Қауіп-қатерлері:</p> <p>1. Топырақтың құлдырауы, оның құнарлылығын төмендету</p>

### **Негізгі проблемалары**

Ірі ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерде ауыл шаруашылығы мақсатындағы Пайдаланылмайтын жерлердің болуы.

Босалқы жерлерде қолда бар жер учаскелері ұсақ контурлы және төмен өнімді, бұл ауыл шаруашылығы өндірісінде олардың пайдалану қажеттілігін төмендетеді.

Агроқұрылымдарымен топырақтың құнарлылығын жақсарту бойынша кешенді агротехникалық іс-шаралар нашар жүргізіледі (минералдық, органикалық тыңайтқыштарды енгізу).

### **БЮДЖЕТ**

Республикалық бюджеттен трансферттердің түсімі бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастыруға елеулі әсер етеді .

Жеке кірістерінің өсу қарқындарының бәсеңдеуіне байланысты, 2015 жылы республикалық бюджеттен берілетін трансферттердің үлес салмағы 65,7% деңгейіне жетті.

Салықтық, салықтық емес түсімдердің түсімі және 2012-2014 жылдарға арналған негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер мынадай болып сипатталады.

2012 жылғыдан 11% - ға, немесе 4 827, 0 млн. теңгеге өсуімен 2012 жылы орындалу 43 795,9 млн. теңгені құрады, 2013 жылы 48 622, 9 млн. теңге. Түсімдерді ұлғайтудың негізгі себебі шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қызметкерлері жалақыларының өсуі болып табылады, оның нәтижесінде бюджетке 2 867,7 млн. теңге қосымша төлем көзінен салық

салынбайтын жеке табыс салығы және әлеуметтік салық түскен.

2013 жылғы жоспар 102,7%-ға орындалды, қосымша 1 278,6 млн. теңге түсті.

2014 жылы кірістердің түсімі 53 104, 3 млн. теңгені құрады және 2013 жылғы деңгейден қарсы 4 481, 3 млн. теңгеге немесе 9,2% - ға артты. Өсім төлем көзінен ұсталатын табыстан жеке табыс салығы 1 310,1 млн. теңге сомасында, әлеуметтік салық 553,1 млн. теңге сомасында, мүлік салығы 1 260,1 млн. теңге сомасында түсімдерді ұлғайту есебінен қамтамасыз етіледі. 2014 жылғы жоспар 100,5%-ға орындалды, қосымша 278, 6 млн. теңге түсті.

2015 жылы кірістердің түсімі 54 762,3 млн. теңгені құрады және 2014 жылғы қарсы деңгейінен 1658,5 млн. теңгеге артты немесе 3,1%. 2015 жылғы бюджетті орындау қорытындыларына жасалған талдау 2,8 млрд. теңгеге төлем көзінен ұсталатын табыстан жеке табыс салығы, 2,2 млрд. теңгеге әлеуметтік салық, 2,8 млрд. теңгеге акциздар бойынша біржолғы және аванс төлемдерін алғанда жеткізілген болжамның төмендегенін көрсетіп отыр.

Шаруашылық жүргізуші субъектілері жұмысшылардың жалақы қоры 2015 жылы 2014 жылға қарсы 2,4%-ға төмендеді (республика бойынша тұтас алғанда 4,9%-ға), ал болжам өсіммен 19%-ға жеткізілді. Төмендеу облыстың тау-кен кәсіпорындары бойынша экономикалық жағдайдың нашарлауына байланысты болды.

Мысалы, «ССКӨБ» АҚ тау-кен өнеркәсібінің ірі кәсіпорыны бойынша жалақы қоры 2015 жылы 4%-ға азайды. Кәсіпорын қызметкерлерінің саны 19,1 мың адамды құрады және облыстың әлеуметтік көрсеткіштеріне елеулі әсер етеді.

Осы кәсіпорын бойынша соңғы 3 жылда өнімдер өндірісінің төмендегені байқалады. Мәселен, өткенмен салыстырғанда өндіріс көлемі 37% - ға төмендеген (*2014ж.-199 млрд. теңге, 2015 жылы-125,3 млрд. теңге*), 2013 жылмен салыстырғанда 1,8 есе төмендеді (*2013ж.-231 млрд. теңге*).

2015 жыл ішінде облыс аумағындағы үш кәсіпорындарда мықты алкогольді өндіру тоқтатылды, үшеуінен ең төменгі өндіріс көлемі бойынша нормаларға қол жеткізу мүмкін болмаған себебінен.

### **2.1.6. Мемлекеттік қызметтер**

Мемлекеттік қызметтер көрсету, олардың сапасын арттыру, қолжетімділігін қамтамасыз ету мемлекеттік органдардың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес, 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне 171 қызмет түрін көрсету кіреді, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 45%-ға артық (*2012 – 77, 2013 – 127, 2014 – 132*).

Мемлекеттік басқаруды жаңартуға және мемлекеттік қызмет көрсету саласын реттейтін заңнаманы жетілдіруге байланысты жылсайын көрсетілетін мемлекеттік қызметтер саны артып келеді.

Осылайша, 2015 жылы жергілікті атқарушы органдарымен - қызмет

Қостанай облысының көрсетушілермен 2021325 мемлекеттік қызмет көрсетілді, бұл 2014 жылғы деңгейден 31%-ға көп (2012- 4 935 806, 2013 – 925 539, 2014 - 1 537 456).

2012-2015 жылдар аралығындағы кезеңде Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жергілікті атқарушы органдары көрсететін мемлекеттік қызметтердің өсуі байқалады. 2015 жылы аталған қызметтер 80 746 көрсетілді, бұл 2012 жылдың деңгейінен 57%-ға жоғары (2012 -35 019, 2013 -55 917, 2014 – 44 217).

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы өзекті міндеттердің бірі әкімшілік рәсімдерді оңтайландыру және қысқарту мақсатында оларды автоматтандыру және электрондық форматқа аудару болып табылады.

Осы мақсатта жергілікті атқарушы органдарының функцияларын және мемлекеттік қызметтер көрсететін автоматтандыратын 33 ақпараттық жүйелер пайдаланылады.

«Электрондық үкіметтің өңірлік шлюзі – электрондық әкімдік» жүйесі арқылы қалалар мен аудандар әкімдіктерінің бөлімдерінде 10 мемлекеттік қызмет түрлері автоматтандырылған (*білім беру саласында 5 түрлері, 2 - жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар саласында, 1 - мұрағат саласында, 1 - тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында, 1 - ішкі саясат саласында*).

Жыл сайын электрондық қызметтерге қызмет алушылардың қызығушылығы артылғаны байқалады. Осылайша, «электрондық әкімдіктің» жүйесі арқылы көрсетілген қызметтер саны 2012 жылмен салыстырғанда 14,5% -ға артып, 20540 қызметтерді құрады (2012 – 17 937, 2013 – 22 034, 2014 – 31 850 қызметтер).

Сондай-ақ, Қостанай, Рудный, Жітіқара қалалары емханасының ведомстволық порталдары арқылы дәрігерге электронды жазбалар қызметін көрсетудің оң тәжірибесі жалғасуда. 2015 жылы портал арқылы шамамен 79,0 мың қызмет көрсетілді, бұл 2014 жылғы деңгейден 9%-ға көп (*72 мың қызмет*).

«Электрондық рұқсат» ақпараттық жүйесі арқылы рұқсат беру құжаттарының 12 түрі бойынша облыстық басқармалармен 2015 жылы 2 555 қызмет көрсетілді (2014 жылы – 108), соның ішінде ХҚКО арқылы – 60, электрондық үкімет порталы – 32.

2012-2015 жылдар аралығындағы кезеңде Ұлттық куәландырушы орталығының деректері бойынша электрондық-цифрлық қолтаңба иелерінің саны шамамен 10 есе өсті және 173006 пайдаланушыларды құрады (2012 - 17887, 2013 - 109 807, 2014 – 100 807 пайдаланушылар).

Белгіленген мерзімдердің бұзылуымен 2015 жылы 113 қызмет көрсетілді (2012 жыл - 5, 2013 жыл - 122014 - 172), соның ішінде государством органда қызметтер көрсету кезінде бұзушылықтардың қағаз түрінде 58, электрондық түрде 25, Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы 30 фактілер.

Органдармен - Қостанай облысы әкімдігінің қызмет көрсетушілермен қызметтер көрсету сапасын арттыру, көрсетілетін қызметті алушыларды

қанағаттандыру үшін қажетті жағдайлар құру, заңды және жеке тұлғалардың ұсыныстары мен ескертулеріне жедел ден қою бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2014 жылы жүргізілген республикалық қоғамдық мониторинг шеңберінде облыста әкімдік қызметінің 33 түрі бойынша шамамен 9 мың (8 923) респонденттер сұралды.

Сауалнама нәтижесі бойынша қанағаттану бағалауы 10-нан 9 балды құрады, бұл мәндері 1,3 балға республика бойынша орташадан жоғары. Әкімдіктің қызметтері туралы халықтың ақпараттану деңгейі 10-нан 8,8 балды құрады, бұл сондай-ақ орта республикалықтан 0,5 балға жоғары.

2015 жылы «Қоғамдық пікір» Зерттеу институтымен жүргізілген қоғамдық мониторинг қорытындысы бойынша, жергілікті атқарушы органдарда көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасына халықтың қанағаттану деңгейі бойынша Қостанай облысы алғашқы үштікте (СҚО – 88%, ШҚО - 85%, Қостанай облысы - 84%, республика бойынша орташа – 79%).

Бақылауды жүзеге асыру, қызметтер көрсетуге өтініштерді өңдеу және органдарда – қызмет берушілерде статистикалық есептілікті жүргізу үшін Халыққа қызмет көрсету орталығы ықпалдастырылған ақпараттық жүйе енгізілген (ХҚКО ҰАЖ).

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы халықтың хабардар болуын арттыру үшін Қостанай облысы әкімдігінің ресми порталында стандарттар, қызметтердің регламенттері, сондай-ақ өзге де бланк және анықтамалық ақпараттар орналастырылған электрондық қызметтер сайты жұмыс істейді.

Жалпы өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша 14 мақала жарияланды, 3 телебағдарлама шығарылды.

Саланың дамыту жағдайын Swot-талдауы:

Күшті жақтары:	Әлсіз жақтары:
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын жоғары жарақтандыру.</li> <li>2. Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасының мониторингін жүргізу үшін негіздердің болуы.</li> <li>3. Бірыңғай электрондық құжат айналым жүйесінің, интернет-ресурстардың, «Электрондық әкімдік» жүйесінің болуы.</li> <li>4. Мемлекеттік органдар функцияларының бизнес-процестерін автоматтандыру.</li> <li>5. Мүмкіндігінше қысқа мерзімде «электрондық үкімет» порталы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Электрондық мемлекеттік қызметтер тұтынушымен жауапты мемлекеттік органның өзара іс-қимыл тәртібін реттеу үшін нормативтік құқықтық базаның жетілдірілмеуі.</li> <li>2. Қазіргі заманғы ең үздік халықаралық тәжірибесін ескере отырып мемлекеттік қызмет көрсетудің әдіснамасы және сапасы мен тиімділігін бағалау мониторингінің жетілмегендігі.</li> <li>3. Қызмет көрсету мерзімін бұзуы (мемлекеттік органдарда тікелей орындаушылардың жұмысы қанағаттанарлықсыз, кадрлардың тапшылығы, жұмыс көлемі үлкен).</li> <li>4. Бағдарламалық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету әлсіз.</li> </ol>

	<p>5. ХҚКО және «электрондық үкімет» порталы арқылы баламалы негізде көрсететін мемлекеттік қызметтердің жеке немесе заңды тұлғалардың арасында қажеттілігінің үлесі төмен (көрсетілетін қызметті алушылар қызметті қайдан алуға болатынын білмейді, ХҚКО-да немесе мемлекеттік органда).</p> <p>6. «Электрондық үкімет» порталымен жұмыстың күрделілігі.</p>
<p>Мүмкіндіктері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Аймақ тұрғындарының электронды түрде мемлекеттік қызметтерді алуға мүдделілігі.</li> <li>2. Ұялы телефондардың кең таралуы «е-әкімдік»-ке қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін пайдаланылуы мүмкін.</li> <li>3. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасымен қанағаттану деңгейін қамтамасыз ету үшін инфрақұрылым дамуының жеткілікті деңгейі бар алайда, әлсіз жақтарының эпизодтары да бар.</li> <li>4. Электронды түрде мемлекеттік қызметтерді ұсыну процесін жеңілдету және оңтайландыру үшін орталық мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін пайдалану.</li> </ol>	<p>Қауіп-қатерлері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ақпараттық жүйелері мен е-үкіметінің базалық компоненттері арасындағы интеграциялық шинасын дұрыс құрудың жоқтығынан электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуге ЖАО-ның дайын еместігі.</li> <li>2. Облыстың ауылдық жерлерінде халықтың сандық сауаттылығының төменділігі.</li> <li>3. Интернет желісіне қолжетімділіктің шектеулі болуына байланысты электрондық мемлекеттік қызметтердің қажет болмауы.</li> <li>4. Шалғай аудандарында ХҚКО Аумақтық қол жетімсіздігі, көрсететін электрондық мемлекеттік қызметтер сапасына тұрғындардың қанағаттанбауы.</li> </ol>

#### **Ағымдағы және әлеуетті проблемалар:**

қызмет көрсету-органдарының қызметтерді электронды түрге көшіруге қызығушылығының төмендігі, қызметтерді автоматтандыру бойынша көп мерзімді стратегиялардың болмауы, ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылымның төмен деңгейі;

біріңғай және жүйелік мониторингтің болмауы, қалалар мен аудандар әкімдіктері тарапынан қызметтердің сапасына жеткіліксіз ішкі бақылау.

#### **Даму беталысы:**

Жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттанушылық деңгейін 98% - ға дейін арттыру.

### **3. НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР, НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР, ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖОЛДАРЫ**

#### **Бағыт: Экономика**

**Өңіраралық ынтымақтастықты ескере отырып, жалпы алғанда өңір экономикасын дамыту**

**1-мақсат.** Өңірлік деңгейде экономикалық саясатты іске асыруды қамтамасыз ету

№ р/с	Нысаналы индикаторлар	Өлшем	Ақпарат	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жауапты орын
-------	-----------------------	-------	---------	------	------	------	------	------	------	------	--------------

		бір лігі	дерек көзі	факт	факт	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар	даушы
1.1	Жалпы өңірлік өнімінің НКИ	%	Ресми статисти калық мәлімет тері	102,5	96,4	100,1	100,9	103,5	104,1	105,6	ЭБЖБ
1.2	Жан басына шаққанда жалпы өңірлік өнімі	мың теңг е/адам	Ресми статисти калық мәлімет тері	1587,4	1561,7	1617,9	1664	1714,5	1767,7	1824,9	ЭБЖБ
1.3	Жергілікті бюджетке салық және салық емес түсімдердің өсу қарқыны	%	ҚР ҚМ ведомст вольқ есептілік	109,9	103,2	100,0	101,0	103,5	104,1	105,6	ЭБЖБ ҚБ, МҚД
1.4	Әзірленген құжаттамаларға оң қорытындылары алған мемлекеттік-жеке әріптестік жобалардың санын көбейту және олар бойынша конкурсты жариялау	саны		-	-	5	5	5	5	5	ЭБЖБ ББ, ДСБ

### Қол жеткізу жолдары:

Облыс экономикасын дамытудың болжамдық параметрлеріне қол жеткізу жөніндегі облыстық басқармалардың қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету.

Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының талдауы мен мониторингі.

Жергілікті бюджетке салық және салық емес түсімдерді жинауды қамтамасыз ету

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігі бойынша оларды жүзеге асыру мүмкіндігі/орындылығына мемлекеттік меншіктегі объектілерінің талдауы.

Іске асыру жоспарланған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін қалыптастыру.

### Өнеркәсіп

**2-мақсат:** Бәсекеге қабілетті өндірістердің өсуін қамтамасыз ететін, индустриалды кешеннің дамуы

№ р/с	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Ақпарат дерек көзі	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жауапты орын даушы
				факт	факт	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар	
2.1	Өңдеу өнеркәсібі өнімдерін шығарудың НКИ	%	Ресми статистикалық мәліметтері	108,8	90,1	100,6	106,3	106,3	106,6	107,1	КжИИД Б



2.2	Облыс экспорт жалпы көлемінде шикізат емес тауарлар көлемінің экспорт үлесі	%	Ресми статистикалық мәліметтердің негізінде ЖАО есептеулер	23	31	17	17,2	17,4	17,6	17,8	ЭБЖБ, КжИИД Б
	металл бұйымдардың экспорт көлемі	млн. долл. АҚШ		14	28,5	19	20	21	22	23	
	химиялық өнімнің және оған байланысты кәсіпорын салалардың экспорт көлемі	млн. долл. АҚШ		9	9,8	8,5	9	9,5	10	11	
	машинажасау өнімінің экспорты	млн. долл. АҚШ		4,1	4,3	6,5	7	7,5	8	8,5	
	жеңіл өнеркәсіптегі дайын өнімнің экспорты	млн. долл. АҚШ		2,2	4,6	3	3,2	3,5	4	4,5	
2.3	Жеңіл өнеркәсіп өнімін өндіруінің НКИ	%		89,5	92,4	100,2	100,2	100,2	100,3	100,3	КжИИД Б
2.4	Реэңке және пластмасса бұйымдарын өндірудің НКИ	%		217,4	92,3	100	100,5	100	100,4	100	КжИИД Б
2.5	Баска металл емес минералды өнімдердің НКИ	%		110,4	73,9	101	101,5	102	102,5	103	КжИИД Б
2.6	Металлургия өнеркәсібінің НКИ	%		116,9	112,7	106	106,2	106,4	106,7	106,8	КжИИД Б
2.7	Машина жасау өндірісінің НКИ	%		108,9	69,9	100,7	103,5	101,4	101	104,3	КжИИД Б

### Қол жеткізу жолдары:

2015-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасын дамытудың индустриялық-инновациялық Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру.

2019 жылға металданған өнім өндіру бойынша (ЫБТ) зауыт салу.

60 млн. тонна кенге дейін кен дайындау кешенінің қуатын ұлғайту. 2019 жылға УБФ-2, ЫМБ-4 жоғары сапалы концентраттың байыту кешені.

4. «Қостанай қаласында жылына 18 мың тонна күштілігімен майды өндіру бойынша зауытын жаңарту» инвестициялық жобасын іске асыру, мәлімдеуші 2016 жылы «K-Oil» ЖШС.

2016 жылға Рудный қаласында цементтік зауыт салу.

2016 жылға Лисаковск қаласындағы жылына 1200 тонна күштілігімен қалқаланған каркас ангардарды өндіру бойынша цех салу.

2017 жылға Денисов ауданында Дрожилов тау-кен байыту кешенін салу.

2018 жылға Арқалық қаласында Ақжал кен орнында 531 мың тонна күштілігімен нефритоидтерді өңдеу.

2019 жылға Рудный қаласында жылына 5 млн тонна өнімділігімен өртеу машинасының құрылысы.

2019 жылға Қостанай қаласында жылына 40 млн дана жалпы күштілігімен қаптау керамикалық кірпіш өндіру бойынша зауыт салу.

2017 жылға Жігіқара қаласында Зұлхайыр көшесі ауданында индустриалдық зонасында қажетті инфрақұрылымның құрылысы.

Өңіраралық іс-шараларға қатысу (форумдар, көрмелер, кеңестер, конференциялар, жәрменкелер, сауда-экономикалық миссиялар).

**3-мақсат.** Өңдеу өнеркәсібіндегі басым секторларындағы еңбек өнімділігін арттыру

№ р/с	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Ақпарат дерек көзі	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жауапты орын даушы
				факт	факт	жос пар	жос пар	жос пар	жос пар	жоспар	
3.1	Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі	мың. долл АҚШ/ адам.	«ГПФИ ИР көрсеткіштері» статистикалық бюллетень	28,2	16,8	17	29	29,3	29,5	30	КжИИД Б
3.2	Машина жасау саласындағы еңбек өнімділігі	мың. долл АҚШ/ адам.		21,3	9,1	21,5	22,1	22,8	23,4	24,2	КжИИД Б
3.3	Металлургия саласындағы еңбек өнімділігі	мың. долл АҚШ/ адам.		48,7	62	49,5	49,7	50	50,3	50,5	КжИИД Б
3.4	Жеңіл өнеркәсібінде еңбек өнімділігі	мың. долл АҚШ/ адам..		6,6	4,5	6,5	6,7	6,9	7	7,2	КжИИД Б
3.5	Құрылыс индустрия саласында еңбек өнімділігі	мың. долл АҚШ/ адам.			6,5	13	13,2	13,5	13,5	14	КжИИД Б

**Қол жеткізу жолдары:**

Мемлекеттік индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде өңірлік деңгейде инвестициялық жобаларда жәрдем көрсету.

Әрбір кәсіпорында еңбек өнімділігінің өсу резервтерін іздеу және іске асыру.

Өндірістердің техникалық деңгейін арттыру (механикаландыру, автоматтандыру).

**4-мақсат.** Тұтынушыларды сапалы электржабдықтау, энергияның жаңғырмалы көздерімен қамтамасыз ету, энергияның дәстүрлі көздерді көмір мен газ түрінде ауыстыру.

№ р/с	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Ақпарат дерек көзі	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жауапты орын даушы
				факт	факт	жос пар	жос пар	жос пар	жос пар	жос пар	
4.1	Энергияны жалпы тұтыну	%	ҚР ЭМ ведомст	-	0,01	0,01	0,03	8,5	17,2	17,2	ЭжТК ШБ

	көлеміндегі жаңартылатын энергия көздерінің үлесі		вольт есептілігі								КжИИД Б
--	---	--	------------------	--	--	--	--	--	--	--	---------

### Қол жеткізу жолдары:

Энергия көздерімен жаңартылатын өндіріген электр энергиясының мониторингі.

Әлеуетті инвесторларды тарту.

Пайдалануға тұжырымдайтын жаңартылатын энергия көздері арқылы электр энергиясын әзірлейтін объектілерді салу және кейіннен пайдалануға беру.

### Агроөнеркәсіп кешені

**5-мақсат.** Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасау. Тұрақты эпизоотиялық әл-ауқаты негізінде ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

№ р/с	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Ақпарат дерек көзі	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жауапты орын даушы
				факт	факт	жос пар	жос пар	жос пар	жос пар	жос пар	
5.1	Ауыл шаруашылығы негізгі капиталына инвестициялардың нақты көлемі индексі	%	Ресми статистикалық мәліметтері	93,8	137,9	105	115	114,0	115,0	114,0	АШБ
5.2	Азық-түлік өндірістегі негізгі капиталына инвестициялардың нақты көлемі индексі	%	Ресми статистикалық мәліметтері	107,6	67,7	100,5	101,0	102,0	103,0	105,0	АШБ
5.3	Ұйымдасқан шаруашылықтарда ірі қара мал мен ұсақ қара мал бастардың үлесі:										
	ІҚМ	%	ҚР АШМ ведомстволық есептілігі	40,6	47,0	41,5	42,7	43,9	45,3	46,6	АШБ
	ҰҚМ			23,2	27,0	26,7	27,4	28,9	30,4	32,1	
5.4	Тұқымды өзгерісіне қатысты ірі қара мал мен ұсақ қара мал бастардың үлесі:										
	ІҚМ	%	ҚР АШМ ведомстволық есептілігі	19,0	20,0	22,0	23,0	25,0	26,0	27,0	АШБ
	ҰҚМ			0	6,7	5,3	5,5	5,7	5,9	6,2	
5.5	Мерзімді бұзумен берілген субсидиялар үлесінің төмендеуі	%	ҚР АШМ ведомстволық есептілігі	-	-	-	-	-	-	-	АШБ
5.6	Халықаралық стандарты бойынша сертификатталған ветеринариялық препараттарды пайдаланатырып	мың бас	ЖАО ведомстволық есептілігі	840,881	1050,20	1562,04	1577,66	1593,43	1609,36	1625,45	ВБ

	жануарлардың аса қауіпті ауруларына диагностикалық зерттеулер.										
5.7	Халықаралық стандарт бойынша сертификатталған иммунопрофилактикалық ветеринариялық препараттармен жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы имундау.	мың бас	ЖАО ведомстволық есептілігі	2889,60	2930,560	2842,95	2871,38	2900,09	2929,09	2958,38	ВБ

### Қол жеткізу жолдары:

1) Ауыл шаруашылығы және азық-түлік өнімдерін өндірудің негізгі капиталына инвестицияларды ұлғайту мақсатында АӨК-гі инвестициялық жобаларды өзектілендіруді жыл сайын өткізу;

2) «K-Oil» ЖШС» - Қостанай қ. қуаты жылына 18 мың тонна өсімдік майын өндіретін зауытты жаңарту» инвестициялық жобасын іске асыру;

3) ЖИИДМБ іске асырылған жылдар ішінде енгізілген (2010-2014 жж.)17 инвестициялық жоба жобалық қуатқа шығару бойынша іс-шаралар кешенін өткізу;

4) тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау;

5) басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын субсидиялау;

6) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткізу жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау;

7) өсімдіктерді қорғау мақсатында ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау;

8) ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарын әртараптандыру;

9) тұқымдық және отырғызу материалының сорттық және себу сапасын айқындауды субсидиялау;

10) тыңайтқыштардың құнын субсидиялау (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда);

11) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау;

12) инновациялық тәжірибені тарату және енгізу бойынша қызметтерді субсидиялау;

13) етті, сүтті қайта өңдеу көлемдерін ұлғайту, қуаттылықтарды барынша көп жүктеу және істеп тұрған етті қайта өңдеу және сүтті қайта өңдеу кәсіпорындарының шаруашылық қызметтіне талдау жүргізу арқылы етті қайта өңдеу және сүтті қайта өңдеу кәсіпорындарының бәсекеге қабілетті өнімін өндіру, шикізат сатып алуға айналым құралдарына қажеттілігін анықтау;



6.1	Тіркелгендердің жалпы көлемінде шағын және орта кәсіпкерлік белсенді субъекті-лердің үлесі	%	Ресми статистикалық мәліметтері	80,1	86,9	86,3	87,3	88,5	89,7	91,1	КжИИД Б
-----	--	---	---------------------------------	------	------	------	------	------	------	------	---------

### Қол жеткізу жолдары:

Облыстың шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін дамыту мониторингі.

Әділ бәсекелестік басымдылықтары туралы, кәсіпкерлік секторды мемлекеттік қолдау туралы, ШОКС қызметінің нәтижелері туралы ақпараттық материалдармен жарықа шығару (БАҚ-та жариялау, теледидар және радио бойынша сөз сөйлеу).

«Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын жүзеге асыру.

Микрокредит беру бөлігінде «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» жүзеге асыруға қатысуы.

**7-мақсат:** Бөлшекті тауар айналымның жыл сайынғы өсу қарқындарын қамтамасыз ету

№ р/с	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Ақпарат дерек көзі	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жауапты орын даушы
				факт	факт	жос пар	жос пар	жос пар	жос пар	жос пар	
7.1	Бөлшекті сауданың нақты көлемі индексі	%	Ресми статистикалық мәліметтері	104,4	98,2	102,4	102,8	103,4	104,3	104,3	КжИИД Б
7.2	«Бөлшекті сауда» қызмет түріндегі 2000 ш.м. кем емес алаңымен сауда объектілер санын ұлғаюы	бірл.	Ресми статистикалық мәліметтері	3	2*	1	2	3	4	5	КжИИД Б

\*2016 жылға «Бөлшекті сауда» қызмет түріндегі 2000 ш.м. кем емес алаңымен сауда объектілердің саны 13 бірлікті құрады.

### Қол жеткізу жолдары:

Сауда өткізу жерлерінде инфрақұрылымды жетілдіру.

Жергілікті тұтынушылардың жергілікті өндірістің өнімдері мен тауарлар туралы хабардар болуын кеңейту.

«Қазақстанда Жасалған» акциясын қолдау қажеттігі туралы сауда объектілерімен Түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Сауда саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша мониторинг жүргізу және сауда объектілерінің тізілімін қалыптастыру.

### Аймақаралық ынтымақтастық

#### 8-мақсат: ҚР аймақтарымен ынтымақты дамыту

№ р/с	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Ақпарат дерек көзі	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жауапты орын даушы
				факт	факт	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар	

